«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ
«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫ

# ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

## Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы

1-жартыжылдық

3-сынып

Назарбаев Зияткерлік мектептері
Нұр-Сұлтан, 2019

ӘӨЖ 373
КБЖ 74.268.3
Ә22

**Ә22 Әдебиеттік оқу. Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы. 1-жартыжылдық. 3-сынып.** / Ж.Б. Сентаева, Р.Ж. Базарбекова, А.К. Шадетова және т.б. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2019 - 206 б.

**ISBN 978-601-328-593-1**

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша дайындалған 3-сынып «Әдебиеттік оқу» пәніне арналған қысқа мерзімді жоспардың үлгілері бастауыш мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде құрастырылды. Оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарындағы оқу мақсаттарына сәйкес 102 сабақ жоспарланды. Әр сабақтың тапсырмалары дамытушылық, шығармашылық, зерттеушілік бағытта ұсынылды. Сабақта жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс түрлері, белсенді оқу әрекеттері, қалыптастырушы бағалау, дереккөздер мен қажетті ресурстар берілді.

Ұсынылған көмекші құралды бастауыш сынып мұғалімдері «Әдебиеттік оқу» сабағын жоспарлауда қолдана алады.

**ӘӨЖ 373**
**КБЖ 74.268.3**

**ISBN 978-601-328-593-1**

**© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2019**

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жанды табиғат</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№1 Алтын күз (Ғафу Ғайырбеков)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу<br>3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу;<br>3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқи алады;<br>• өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарманың түрін анықтайды;<br>• сурет пен өлең мазмұнын салыстыра алады;<br>• өлең мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақ құрастыра алады, сұраққа жауап береді</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• өлеңнен көркем және бейнелі сөздерді таба алады;<br>• өлеңдегі бейнелі сөздерді қолданып сипаттайды;<br>• өлең мазмұнын қысқаша жеткізе алады;</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>• өлең мазмұны бойынша пікір білдіріп, сұрақтарға жауап береді<br>• сурет пен өлең мазмұнын салыстырады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">Нұр, сары ала тон, жомарт<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Ақын өлеңде күзді кімге ұқсатты?<br>Күздің бойындағы қасиеттердің қайсысы сенің бойыңда бар?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Жомарт, кең пейіл болуға шақыру</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="3">Қазақ тілі</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">Өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқи алады</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөздер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату**<br>**1- тапсырма Ойымызбен бөлісейік** *(Оқулықтың 6-беті).*<br>**(Т)** Оқушыларды 4 топқа топтастыру.<br>• Күзді ақындарымыз алтынға теңейді, неге?<br>• Тағы нені алтынға ұқсатуға болады?<br>• Ойланып, тізімін жасау<br><br>«Топтастыру» тәсілі.<br>1-топ Күз<br>2-топ Көктем<br>3-топ Қыс<br>4-топ Жаз<br>Топтар өз ойларын ортаға салады. Өзара пікір алмасуға мүмкіндік беріледі.<br><br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар қабілеті жоғары оқушылармен бірге жұмыс жасайды, бір-біріне көмектеседі.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | А3 парақша, маркер<br><br>Жыл мезгілдері бейнелеген қима суреттер |
| **Сабақтың ортасы** | **2- тапсырма Анықтайық**<br><br>**(МК, Ұ)**<br>**Жұмбақты шешу (**«Күз» тақырыбын шығарып алып, слайдтағы суретпен жетелеуші сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу**)**<br>**Күндер суып, шөп пісіп**<br>**Ел пішенін орады**<br>**Бұл қай кезде болады? (Күз)**<br>• Суретшінің қолданған басым түстерін анықтау.<br>• Суретке қарап қандай әсер алуға болады?<br>• Суретке тақырып қой.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>Жұптағы оқушылар ойларын ортаға салып, ортақ шешімге келеді.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**3-тапсырма Оқиық**<br>**Ғафу Қайырбеков «Алтын күз»**<br>**(Ө,Ж,Т,Қ)**<br>Мына портреттерден қандай жазушыларды таныдыңдар?<br>/А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, **Ғ.Қайырбеков** портреттері/<br>**«Білгім келеді» стратегиясы** бойынша желіден Ғ.Қайырбеков туралы мәлімет іздеу (Автор туралы мәліметті ұялы телефонда іздеу, топта талдау). | Жұмбақ жазылған слайд, №1<br><br>«Күз» суреті слайд, №2<br><br>А.Құнан-баев, Ы.Алтын-сарин Ғ.Қайыр-беков портретте рі, ұялы телефон-дар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

• *(Оқулықтың 7-беті)*. Әр топ оқулықтағы өлеңмен танысады *(Өз бетінше іштей оқуға 1 мин уақыт беріледі)*. Өлең мазмұны бойынша пікір білдіріп, сұрақтарға жауап береді.

Өлеңді «Лездеме!» әдісі бойынша таяқшалардан есімдерін таңдау арқылы **дауыстап түсініп**, **мәнерлеп** оқиды (кемі 10-12 оқушы).

1. Ақын өлеңде күзді неге ұқсатады?
2. Оны өлеңнің қай жолдарынан байқауға болады?
3. Күздің бойында қандай қасиеттер бар екенін байқадың?
4. Автор осы өлең арқылы адам бойындағы қандай қасиеттерді дәріптейді?

**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.
**(Б)** «Басбармақ» әдісі арқылы бағаланады.

**Сергіту сәті. «Қолшатыр» ойынын ұйымдастыру.**
Оқушылар адам бойындағы жақсы қасиеттерді естігенде қолшатырды жабады, жаман қасиеттерді естігенде қолшатыр астына тығылады. Мысалы: салақ, адал, өтірікші, мейірімді, ұқыпты, еріншек, т.б.

**4-тапсырма Мазмұндайық**
**(МК, Ұ, Ө)**
Өлеңнен күзге қатысты көркем-бейнелі сөздерді тап. Оларды қатыстырып, өлеңнің қысқаша мазмұнын айт.
***Сары ала тон, ашық, жеміс, ата, дос, жомарт, сары алтын, нұр***
**(ҚБ)** «Отшашу» әдісі арқалы бағалау.
Караоке арқылы Алтын күз +KARAOKE ҚАЗАҚША БАЛАЛАР ӘНДЕРІ |БОТА ... әнін қосыла айту, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі Ғ.Қайырбековтің «Күз» өлеңімен салыстыру
**«Бірге ойлаймыз»** әдісіне сүйене отырып, оқушы ойын тыңдау
**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.
**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.

</td>
<td>

Оқушы есімдері жазылған балмұз-дақ таяқшала ры, тапсырма лар жазылған парақтар

Жақсы, жаман қасиеттер жазылған слайд, №3

Жұмыс дәптері, 3-сынып

«Бірлесіп жазу» әдісі. Оқушы есімдері жазылған балмұздақ таяқшала-ры

https:www.youtube.comwatch?v=h4igBX3f79o

</td>
</tr>
<tr>
<td>

**Қорытынды бөлім**

</td>
<td>

Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалау кестесін қолдану.

| **Бағалау критерийі** | **Иә** | **Аздап көмек қажет** | **Жоқ** |
|---|---|---|---|
| Өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқи аламын | | | |
| Өлең мазмұны бойынша пікір білдіріп, сұрақтарға жауап бере аламын | | | |
| Сурет пен өлең мазмұнын салыстыра алдым | | | |
| Көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып өз ойы мен сезімін жеткізе алдым | | | |
| Тірек сөздерді қолданып, күз мезгілін | | | |

</td>
<td>

Кесте

</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | сиапттай аламын \| \| \| \|<br>Үй тапсырмасы.<br>1. Артық сөзді тап<br>- Күз, жаңбыр, нан<br>- Құстар, дәптер, жапырақтар<br>- Кітапхана, қыркүйек, көкөністер. Қалған сөздерді қолданып, шағын мәтін құрастыру | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Өзін-өзі бағалау кестесі | Өзін-өзі тану<br>«Қолшатыр» ойыны. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жанды табиғат | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№2 Бабаның терегі** (Құрманбай Толыбаев) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу<br>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • суретке қарап, шығарма тақырыбын болжай алады;<br>• әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• әңгімені түсініп оқи алады; |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • шығарманың түрін анықтайды;<br>• әңгіме мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақ құрастыра алады, сұраққа жауап береді; |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • бөлікке ат қойып, жоспар құрады;<br>• шығармадағы көркемдеуіш құралдарды таба алады; |
| **Бағалау критерийлері** | • әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• бөлікке ат қойып жоспар құрады;<br>• шығармадағы көркемдеуіш құралдарды табады;<br>• суретке қарап, шығарма тақырыбын болжайды; |
| **Тірек сөздер** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер:**<br>мәтін бөліктері, жоспар, теңеу, ата-баба, шыбық, теректер, мәртебе<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Атасы мен Керімнің арасында әңгімеден нені аңғардың?<br>Көктемде қандай ағаш отырғызар едің?<br>Табиғатқа қамқорлық жасау үшін сен жасай аласың? |
| **Құндылықтар** | Табиғатты сүю және оны қорғауға, ашықтыққа, өмір бойы білім алуға баулу |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Мәтін бөліктері мен жоспар жасау жолдарын біледі |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br>5 минут</td>
<td>Ширату (МК, Ұ) «Суретті әңгімеле» әдісі арқылы<br>
1-тапсырма Болжайық<br>
Ұйымдастыру: барлық сыныппен, жұппен жұмыс.<br>
Мақсаты: берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу (Оқулықтың 8-беті).
<ul>
<li>Бүгінгі оқитын шығармада қандай оқиға баяндалады деп ойлайсыңдар?</li>
<li>Экранда көрсетілген суретке қарап, шығарма тақырыбын болжау (мұғалім көмегімен шығарма тақырыбын анықтау)</li>
</ul>
(Т) Оқушыларды таратылған әр түрлі түстегі балмұздақ таяқшалары бойынша 3 топқа топтастыру.<br>
1-топ АЛҒЫРЛАР<br>
2-топ СЕНІМДІЛЕР<br>
3-топ ТАЛАПТАНУШЫЛАР<br>
Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>
Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру.</td>
<td>Слайд,№1 8-беттегі суреттің үлкейтілген түрі<br><br>
Балмұздақ таяқшалары на жазылған оқушы есімдері, АЛҒЫР-ЛАР СЕНІМДІ-ЛЕР ТАЛАПТА НУШЫЛАР топ аттары жазылған парақшалар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>(МК, Т) Топтарға кесте таратылады. Кесте бойынша сөз құрастыру тапсырылады.<br>
Сандық сөзжұмбақ шешу (тірек сөздерді шығарып алып, түсіндіру жұмысын жүргізу)
<table>
<tr><td>т</td><td>р</td><td>е</td><td>к</td><td>т</td><td>е</td><td>р</td><td>е</td></tr>
<tr><td>6</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>1</td><td>7</td><td>8</td><td>2</td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>б</td><td>а</td><td>а</td><td>а</td><td>а</td><td>т</td><td>б</td></tr>
<tr><td>6</td><td>1</td><td>5</td><td>3</td><td>7</td><td>2</td><td>4</td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>е</td><td>т</td><td>м</td><td>б</td><td>р</td><td>е</td><td>ә</td></tr>
<tr><td>7</td><td>4</td><td>1</td><td>6</td><td>3</td><td>5</td><td>2</td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>ы</td><td>ш</td><td>б</td><td>қ</td><td>ы</td></tr>
<tr><td>4</td><td>1</td><td>3</td><td>5</td><td>2</td></tr>
</table>
2-тапсырма Оқиық<br>
Құрманбай Толыбаев «Бабаның терегі»<br>
(Ө,Ж,Т,Қ)<br>
(Оқулықтың 8-беті). Әр топ оқулықтағы әңгімемен танысады.<br>
(Өз бетінше іштей оқуға 2 мин уақыт беріледі).<br><br>
1. Қарамен берілген сөздерге оқушылардың назарын аударту.<br>
2. Сұрақтар қою.<br>
- Керімді атасы қайда жетелеп келді?<br>
- Атасы неліктен зәулім ағашты құшақтады?</td>
<td>сөзжұмбақ жазылған слайд, №2<br><br>
Тапсырма-лар жазылған слайд, №3</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Өз болжамыңмен сәйкес келді ме? сұрақтары арқылы оқушылардың ойын білу.<br>3. Әңгімені неше бөлікке бөлуге болатынын анықтау.<br>4. Жоспар құрастыру.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар өз болжамымен сәйкес келгені туралы әңгімелеуі мүмкін.<br>(Б) Топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>Сергіту сәті. «РАМ ЗАМ ЗАМ -балаларға арналған әндер.Экранға немесе мұғалімге қарап қимылды қайталау.<br><br>2-тапсырма Құрастырайық<br>(Ө,Т) Әңгіме бойынша сұрақтар құрастыр және оған жауап бер. Сұрақтардың қайталанбауы ескертіледі.<br>Саралау. Тапсырма барлық оқушыға ұсынылады. Қабілеті орташа оқушылар сұрақтарды өз бетімен қағазға жазып, ұсынуына болады.<br>(Б) «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша топтардың бағалауы.<br><br>Сен білесің бе?<br>Мұғалім оқушыларға теңеу сөздердің жасалуын түсіндіреді. Мәтіннен теңеу сөздерді бірлесе отырып табады.<br>Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін ол нәрсенің өзгеше белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып суреттей алады. Бұл салыстыруды теңеу деп атайды. Теңеу -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, таудай, бұлақтай, т.б.<br><br>4-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)<br>(МК, Ұ, Ө)<br>Мәтіндегі теңеу сөздерді қатыстырып, «Менің терегім» тақырыбына өз ойынан әңгіме құрап жазу. Орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазады; мәтін туралы өз ойларын ортаға салып, пікір білдіреді.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар теңеулері бар сөйлемдер құрауы мүмкін.<br>(Б) «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау.</td>
<td>https://www.youtube.com/watch?v=ZlCuzq8BJqw<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұмыс дәптері 4-бет</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды бөлім</td>
<td>Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалау кестесін қолдану.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Иә</th><th>Аздап көмек қажет</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>мәтін бөліктеріне тақырып қоя аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>әңгімені мазмұндап бере аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>әңгіме бойынша жоспар құрастыра аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>мәтіндегі теңеу сөздерді қатыстырып әңгіме құрастыра аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>әңгіме бойынша сұрақтар құрастырып, оған жауап бере аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td>
<td>Кесте</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Қосымша ақпарат</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr><td>• Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі.</td><td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Өзін-өзі бағалау кестесі</td><td>Өзін өзі тану</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</td></tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлімі:** Жанды табиғат | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№3 Ақ бидай** (Өтебай Қанахин) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау<br>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру |
| **Сабақтың мақсаттарыы:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • суретке қарап, шығарма тақырыбын болжай алады;<br>• әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• әңгімені түсініп оқи алады. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін анықтай алады;<br>• оқиғаға  дейін және кейін не болатынын болжап, өз ойымен жеткізе алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • шығарманы логикалық бөліктерге бөле алады;<br>• әр бөлікке ат қойып жоспар құрады. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• шығарманы бөлікке ат қойып жоспар құрады;<br>• шығарманың негізгі ойды анықтайды;<br>• суретке қарап, шығарма тақырыбын болжайды. |
| **Тірек сөздер** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер:**<br>мәтін бөліктері, жоспар, шығарма тақырыбы, қуаңшылық, қасақана, шашау шығару<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Суретте бейнеленген оқиғаға дейін не болуы мүмкін?<br>Суреттегі оқиғадан соң не болады деп ойлайсың? |
| **Құндылықтар** | Адам еңбегіне құрмет |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Мәтін бөліктерін ажыратады және жоспар жасау жолдарын біледі |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату**<br>**(МК, Ұ, Ж)**<br>Оқушылар түсті қағаздарды таңдап, астында жазылған мақалдарды құрастыру арқылы, топқа бөлінеді. Мақалдың мағынасын түсіндіреді.<br>1-топ: Арпа, бидай –<br>Ас екен,<br>Алтын, күміс –<br>Тас екен.<br>2-топ: Екпей егін шықпас,<br>Үйренбей білім жұқпас.<br>3-топ: Егініңді күн суар,<br>Күн суарма, түн суар.<br>4-топ. Жеріңді баптай білсең –<br>Астықты қаптай білесің.<br>**1-тапсырма Болжайық**<br>Берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу<br>• *Бүгінгі оқитын шығармада қандай оқиға баяндалады деп ойлайсыңдар?*<br>• *Экранда немесе көрсетілген суретке қарап, шығарма тақырыбын болжау (мұғалім көмегімен шығарма тақырыбын анықтау)*<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Слайд,№1 10-беттегі суреттің үлкейтілген түрі<br>.<br>(орталықтарға әр оқушы өз таңдауы бойынша бірігеді) |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқы және жауап бер**<br>**Өтебай Қанахин «Ақ бидай»**<br>1.Ертегіні оқу.<br>2.Зерделеп оқу. Түсініксіз сөздердің мағынасымен жұмыс жүргізіледі.<br>3.Сұрақтарға жауап беру.<br>- Ақ бидай қандай жағдайға душар болды?<br>- Ақ бидай кімдерден көмек сұрады?<br>- Адай ақ бидайға қандай қамқорлық жасады? Неліктен?<br>- Автор ертегі арқылы бізге не айтқысы келді?<br>4. Ертегіні оқығанға дейінгі болжамыңмен сәйкес келді ме?<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Сыныптағы барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті, сөздік қоры мол оқушылар сөздікке көп жүгінбей, синонимдік қатарын жылдам тауып айтуы мүмкін.<br>***(Б)*** «Басбармақ» әдісі бойынша бағалау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактор мен комбайн,<br>Жүргізуге мен дайын.<br>Музыка ырғағымен біз дәнбіз, диқан жерге дән екті (балалар жатады)<br>Сіркіреп жаңбыр жауды (жайлап қолдарын шапалақтайды) | Оқулық,10-12-беттер<br>Қиылған 13 беттегі пазлдар<br>Оқулық,10-12-беттер<br>Оқулық, 10-12-беттер<br>тақпақ жазылған слайд, №2 |

| | | |
|---|---|---|
| | Жер бетіне көгеріп масақтар шыға бастады (қолдарын көтереді)<br>Жайлап самал жел есті, бидай жайқалды (қолдарын ырғайды)<br><br>**3-тапсырма Құрастырайық**<br>**(Т)** Бидай туралы әңгімеге жоспар құру тапсырылады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**Сен білесің бе?**<br>**(МК)** Шығарманың негізгі ойы, тақырып туралы түсінік беріледі. Шығарманың негізгі ойы – автордың өмір құбылыс туралы айтқысы келген ойы мен оған беретін бағасы. Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы.<br><br>**4-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(ЖЖ)** «Интервью» әдісі бойынша<br>Ертегідегі кейіпкерлердің сөзін анықтайды. Кейіпкерлердің атынан диалог құрастырады.<br>**(Б)** Оқушылардың бірін-бірі бағалайды.<br><br>**5-тапсырма Жазайық» (дәптермен жұмыс)**<br>**(МК, Ұ, Ө)**<br>Пазлдардан бірнеше мақал құрастырып, автордың ойына сәйкес келетін бір мақалды анықтайды. Мақалды қолданып, өз ойыңды қорытындылап, 2-3 сөйлем жазады.<br>(Еңбек етсең ерінбей, еңбегің өнімді болса, еңбек түбі – береке, көңілің сенімді болады, көптің түбі – мереке, тояды қарның тіленбей)<br>**Саралау**. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Отшашу» әдісі арқылы бағалайды. | Жұмыс дәптері, 5-бет |
| **Қорытынды бөлім** | **«Ойлаудың бес гүлі»** арқылы жүргізіледі. Төмендегі сұрақтардың жауабын жазып, гүл күлтешелеріне орналастырады.<br>1. Бүгін мен жаңадан не үйрендім?<br>2. Қандай қиындық болды?<br>3. Бүгін кімге көмегім тиді?<br>4. Сабақтан алған әсерім<br>5. Менің көңіл күйім | |

**Қосымша ақпарат**

| Саралау | Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік |
|---|---|---|

<table>
<tr><td>• Тапсырма бойынша саралау жүргізілді. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылды, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>• Қабілеті бойынша саралау жүргізу кезінде, қабілеті төмен оқушыға қолдау көрсетіледі.</td><td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Дескриптор:<br>- мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды;<br>- мәтінді логикалық бөліктерге бөледі;<br>- жоспар құрастырады.</td><td>Өзін-өзі тану</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</td></tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жанды табиғат</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№4 Достар (Зейнел – Ғаби Иманбаев)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттарыы:</td><td colspan="3">3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру<br>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қояды және оған жауап береді;<br>• шығарма мазмұнын айтып береді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады;<br>• өз ойын айта алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• ашық сұрақтар құрастырып, оған жауап бере алады;<br>• өз ойын көркем сөздерді қолданып айтады, қорытынды шығара алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• ашық сұрақтар құрастырады;<br>• өз ойын көркем сөздерді қолданып айтады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">бұқпантайлау, қолға үйрету, үйір болу, айнымас дос.<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Баланың орнында болсаң, құсты қолға үйрету үшін сен қандай амал ойлап табар едің?<br>Әке өнегесі баланың іс-әрекетіне қалай әсер етті деп ойлайсың?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">қайырымды болу, досты құрметтеу, адами құндылықтарды бағалау</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="3">Қазақ тілі, дүниетану</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">Мәтінді түсініп оқиды, сұрақтар құрастырады және оған жауап береді, өз ойын дәлелдейді.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөз дер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату**<br>**(МК, Ұ, Ж) Әли мен Айяның достық туралы әні - YouTube** бүгінгі күннің шығарма тақырыбын экранда көрсетілген видеоны қарап, болжау жасайды.<br>**«Ассоцация»** әдісі арқылы «ДОС» сөзіне анықтама береді.<br><br>**(Т)** Оқушыларды кездейсоқ түрлі «Жеребе» көмегімен біріктіру<br>3 топқа топтастыру.<br>1 топ – Шешен<br>2 топ – Тапқыр<br>3 топ – Ойшыл<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру | https://www.youtube.com/watch?v=snaqFVNuM10<br><br>есімдері жазылған жеребере-лер |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқы және жауап бер**<br>**(МК, Ұ, Ж, ОТ)**<br>1. «Құрылысшы ойыны» арқылы мәтін бөліктерін тез жинау.<br>2. Мәтінді іштей оқу.<br>3. «Маған түсініксіз сөздер» әдісі арқылы сөздік жұмысын жүргізу.<br>4. Әңгіме соңындағы сұрақтарға жауап беру:<br>- Бақта жүрген Зейін не істемек болды?<br>- Әкесі баласына қандай кеңес берді?<br>- Баланың орнында болсаң, құсты қолға үйрету үшін сен қандай амал ойлап табар едің?<br>- Әке өнегесі баланың іс-әрекетіне қалай әсер етті деп ойлайсың?<br>**Саралау.** Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Смайлик» бойынша бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Құрастырайық**<br>**(Ө)** «Неліктен?», «Неге?»,«Қалай?» деген сөздерді қолданып, үш ашық сұрақ құрастыру кезінде әр жұп ойланып, сыни көзқарастарын білдіреді.<br>**Саралау.** Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**3- тапсырма Табайық**<br>**(Ө, ЖЖ, Т)** Жазушы шымшықтардың әрекетін қалай суреттеген? Мәтіннен тауып оқып, әдеби көркем сөздерді анықта. Оларға мағыналас, ұқсас сөздерді тап. Оқушылар алдымен сұрақтың жауабы болатын мәтін үзіндісін табуға, көркем сөзді анықтауға, мағыналас, ұқсас сөздерді табуға уақыт беріледі.<br>**Саралау.** Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушыларды мұғалім бағалайды.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**Жаттығу «Досымды тауып беріңдерші?»**<br>**Шарты:** Шеңбер бойында отырған оқушылардың біреуі ортаға | Мәтін бөліктері жазылған парақшалар<br><br>Оқулық, 14-15-беттер, А4 парағы<br><br>Мәтін бөлігі жазылған парақша, А4 парағы<br><br>Сөздер жазылған пазлдар |

| | | |
|---|---|---|
| | шығып, осы жерде отырған бір досының қасиеттерін айтып, сипаттап береді. Басқалар ортадағы адамның досын табады. (қолдарын ырғайды)<br><br>**4-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>1. Әңгіменің негізгі ойын білдіріп тұрған бөлігін анықтайды.<br>2. Мақалды құрастырады және оны қатыстырып кейіпкерге кеңес жазады.<br>Жауабы: «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің»<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Екі жұлдыз, бір тілек»әдісі арқылы бағаланады. | дәптер |
| **Қорытынды бөлім** | **Рефлексия «Бір ауыз сөз»**<br><br>Тақтаға алдын ала үш үй ілінеді. Әр үйде сабақты бағалайтын үйрендім, ұмтылдым, есте сақтадым деген жазулар болады. Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны қалаған үйіне жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| **«Нәтиже арқылы саралау».** Оқушыларға бірдей тапсырма беріледі, нәтиже әртүрлі болады. Қабілеті төмен оқушылардың жазған идеясын тыңдап, қолдаңыз, қабілетті оқушылардың түсініктемелер мен қағидаттарды тұжырымдап айтуын сұраңыз. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Оқушылардың бірін-бірі бағалауы, «Смайликтер»<br>Дескриптор:<br>- мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар құрастырады;<br>- сұрақтарға жауап береді;<br>- көркем сөздерді қолданып өз ойын жеткізеді. | Өзін өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| |
|---|
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жанды табиғат | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:** | **№5 Тымақ киген инелік** (Қастек Баянбай) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;<br>3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • өлеңді мәнерлеп оқи алады;<br>• шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтай алады. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • өлең мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді;<br>• өлеңнің жанрлық ерекшелігін айтып береді. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • бағалауға негізделген сұрақтар қойып, оған жауап бере алады;<br>• өлең жолының сызба-моделін құрастыра алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманың жанрлық ерекшеліктерін анықтайды;<br>• бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді. |
| **Тірек сөздер** | қақап кетті, тымақ, шумақ<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Атасы тымақты киген кезде не істеді?<br>Инелікті көргеннен кейін атасының ойы қалай өзгерді? |
| **Құндылықтар** | Мейірімді, жанашыр болу |
| **Пәнеаралық байланыс** | Қазақ тілі, дүниетану |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығарма жанрын біледі, өлеңнің ұйқасқа құралатынын біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Деректкөз дер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы**<br>**(МК, Ұ, Ж)** Оқушыларға экранда берілген жұмбақты оқып, шешуін табады.<br>Төрт қанаты бар,<br>Жіңішке денесі бар.<br>Бақырайған көзі бар,<br>Бұл не екен, кім табар? Жауабы: Инелік<br>Барлық жауаптарды тыңдап, соңынан бірақ жауабы айтылады.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Жұмбақ жазылған Слайд, № 1 |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқы және жауап бер**<br>**Қастек Баянбай «Тымақ киген инелік»**<br><br>**(МК, Ж)** Оқушыларға өлеңді оқуға уақыт беріледі. Бірнеше оқушыға оқыту.Өлең бойынша сұрақтар қойылады.<br>-Өлеңдегі оқиға қай кезде болған?<br>-Атасы тымақты киер кезде не істеді?<br>-Ақын инелікті суреттеуде қандай көркем сөздерді қолданған?<br>-Инелікті көргеннен кейін атасының ойы қалай өзгерді?<br>-Тымақ ішінен ұшып шыққан инеліктің әрекетін өлеңнен тауып оқы.<br>**Саралау.** Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «От шашу» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Құрастырайық**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)**<br>**«Аквариумдағы балықтар» ойынын** ойнату арқылы өлең бойынша жұбымен бірге үш сұрақ әзірлеп, сұрақтарды талқылайды. Оқушылар шеңбер бойына жиналады, 1 жұп шеңбердің ортасына кіреді, қалған шеңбер жасап тұрған оқушылар ортадағы жұпқа өз сұрақтарын қояды. Осылай жұптар бірнеше рет ауысады.<br>**Саралау.** Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушылар бірін – бірі бағалайды.<br><br>**Сен білесің бе?**<br>**(МК) Ұйқас** – өлең тармақтарындағы соңғы сөздердің дыбыстас естілуі, үндестігі**.** Жалпы ұйқас ырғақты күшейтеді. Ең көп кездесетін ұйқастар**: қара өлең ұйқасы( ааба), шалыс ұйқас (абаб).** Қара өлең ұйқасында 1, 2, 4 жолдар өара ұйқасып келеді. Ал шалыс ұйқаста 1мен 3 жолдар, 2 мен 4 жолдар ұйқасады. Өлеңнің бірінші шумағына назар аударту, өлең ұйқасын анықтау. | Оқулық16-17 беттер, ламинанад парақтар, маркерлер.<br><br>А4 парағы<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=0OzABZ8BPi4 |

**3-тапсырма Жасайық (дәптермен жұмыс)**
Өлеңнің қай жодары бір – бірімен ұйқасып тұр? Өлең қандай ұйқасқа құрылған? Үлгіге қарап, өлеңнің соңғы екі шумағының сызба – моделін жаса. Жазғаныңды түсіндір**.**




**Саралау.** Тапсырма бойнша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әр түрлі нәтиже күтіледі.
**(Б) «Екі жұлдыз, бір тілек»**

**Қосымша тапсырма**
Оқушылар инелік жайлы өлең құрастырады және сызба-моделін жасайды.
_____ ______ инелік,
**Ұзын құйрық инелік**
_______ тимейік.
**Инелікке тимелік**,
_______жасадық,
**Тікұшақты** жасадық
________ үйреніп.
**Инеліктен үйреніп.**
**«Қабырғаға қарап оқу» әдісі** арқылы сыныптың кез келген жеріне барып ілу тапсырылады. Оқушылар өз аты-жөндерін жазбаса да болады және барлық оқушылар аралап жүріп сыныптастарының жұмысымен танысып, стикерге тілектерін жазып жапсырады, бар болса ұсыныстарын жазуға болады.

Жұмыс дәптері

**Қорытынды бөлім**

Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалауы кестесін қолдану.

| **Бағалау критерийі** | **Иә** | **Аздап көмек қажет** | **Жоқ** |
|---|---|---|---|
| өлеңді тізбектей оқи аламын | | | |
| өлең мазмұны бойынша сұрақтар дайындадым | | | |
| өлеңнің сызба моделін құрастыра аламын | | | |
| сөздерді есте сақтап, қатесіз жаза алдым | | | |
| өлең құрастыра алдым | | | |

Кесте

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырма бойынша саралау жұмысы жүргізіледі, бірақ әртүрлі | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды | Өзін- өзі тану<br>Қауіпсіздік және |

| | | |
|---|---|---|
| нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыға қолдау көркестіледі. | белгілеу<br>«Екі жұлдыз, бір тілек», «От шашу», өзін –өзі бағалау кестесі. | еңбекті<br>қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жанды табиғат | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **№6 Киіктің айласы** (Әуелбек Қоңыратбаев) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фото ,суреттер қолдану. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• мәтінді түсініп оқиды, мазмұнын түсінеді. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады;<br>• сөйлеу барысында суреттерді қолдана алады. |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • шығармашылыққа, бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді;<br>• тірек сөздерді қолданып, шағын әңгімені құрастыра алады; |
| **Бағалау критерийлері** | • бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді;<br>• сөйлеу барысында суреттерді қолданады. |
| **Тірек сөздер** | суат, мосқал теке, арлан, көзді ашып-жұмғанша..<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Қасқырларды көргендегі киіктердің әрекеті қалай болды?<br>Мосқал текенің лақтарын қорғаудағы ерлігін сипатта |
| **Құндылықтар** | Отбасын қорғау, бауырмал болу |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, дүниетану |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | сөйлеу барысында суреттерді қолданады, сұрақтар құрастырады және жауап береді. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы.** «Жез киік» әнін тыңдату. Ән бойынша оқушылардың ойын білу.<br>**(Т)** Оқушылар **«Атомдар мен молекулалар» әдісі** бойынша топқа бірігеді. Оқушылар сынып бөлмесінде қозғалыста, бір-бірімен араласып жүреді. «2» деп санағанда 2-ден жұптасады. «3» дегенде 3-тен, «4» дегенде 4-тен топтасып, «5» дегенде 5-тен топ құрайды. Осы құрылған топпен бірлесе отырып жұмыс жасайды.<br>**1-тапсырма Ойымызбен бөлісейік**<br>**(МК, Ұ, Ж)** Оқулықтағы суретке назар аударту.<br>– Суреттегі жануар туралы не білесің?<br>– Оқулықтағы суреттен не байқадың?<br>– Сурет саған қалай әсер етті?<br>Сыныптасыңмен бірге талқылау (Барлық жауаптар тыңдалады, ешқандай шектеу жасалмайды. Әр жұптың ойы әртүрлі болады).<br><br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | киік туралы слайд |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**Әуелбек Қоңыратбаев «Киіктің айласы»**<br>**(МК, Ұ, Ж, ОТ)**<br>1. Оқушыларға мәтінді өз беттерімен оқуға тапсырма беріледі.<br>2. Жеке оқылып болған соң сыныпта дауыстап оқытылады.<br>Мәтінмен танысқан соң, «киіктің іс-әрекеті туралы сұрақтар құрастыр және тобыңа сол сұрақты қой. Қойылған сұрақтың жауабын мәтіннен тауып оқы» деген тапсырма беріледі.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен | автор туралы слайд |

| | | |
|---|---|---|
| | оқушыларға мәтінді оқып шығуға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ө, Т)** «Қалай?», «Қандай?», «Қай?» деген сұраулы сөздерді қолданып, әңгіме бойынша сұрақтар құрастыр. Құрастырған сұрақтарды талқыла.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушыларөзін-өзі бағалайды.<br><br>**4-тапсырма Жазайық** (дәптермен жұмыс)<br>Тірек сөздерді қоданып, «Киіктің айласы» тақырыбына шағын әңгіме құрастыраып жаз.<br><br><br>**Саралау**. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады. | Оқулық: 18-19-беттер.<br>Флипчарт, маркер<br><br>Оқулық 18-19 беттер, тірек сөздер жазылған парақтар |
| **Қорытынды бөлім** | **Кері байланыс**. «Бір минут» әдісі бойынша оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Кезек бойынша бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз сөйлейді. | |

**Қосымша ақпарат**

| Саралау | Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік |
|---|---|---|
| • Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады. Бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу, өзін-өзі бағалау, «Басбармақ», «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалау.<br>Дескриптор:<br>-мәтін бойынша сұрақтар дайындайды;<br>-сұрақтарға толық жауап береді;<br>-сөйлеу барысында суретті қолданады;<br>-сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды. | |

| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
|---|---|
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жанды табиғат | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:** | | №7 Неге бұлай болған? (М.Әлімбаев «Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?» | |
| **Оқу мақсаты:** | 3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау;<br>3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау,сахналау;<br>3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету. | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | |
| | • ммысалды түсініп оқиды;<br>• суретке қарап болжам жасай алады; | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | |
| | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады;<br>• сюжеттің дамуын болжай алады; | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | |
| | • пунктуациялық қателерді табады және түзетеді;<br>• өлеңді мәнерлеп оқиды | | |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | • шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне сүйеніп, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтайды;<br>• шығарманың мазмұнын сахналайды;<br>• орфографиялық қатені тауып, түзетеді. |
| **Тірек сөздер** | тел өскен, жатаған, содырлы<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Ағаштар не туралы сөйлеуі мүмкін?<br>Қарағай мен жыңғылдың керісіп қалуына не себеп болды? |
| **Құндылықтар** | Ар, ұятты жоғары қою |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығарманың жанрын біледі, сюжеттің дамуын болжай алады |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1- тапсырма Сөйлесейік**<br>**(МК, Ұ, Ө)** «Сурет бойынша өзің білетін және білгің келетін екі мәліметті жаз» деген тапсырма береді. Тапсырманы оқушылар өз беттерімен орындап, сонан соң ортақ тізім жасайды (Барлық оқушыларға өз ойларын жазуға мүмкіндік жасалуы керек. Бір-бірінің жазған ойларын қайталамауды мұғалім ескертеді).<br>Жазып болған соң сыныпқа дауыстап оқиды.<br>**(Т)** Сынып оқушылары сабақтың басында қиылған суреттерді құрастыру арқылы 4 топқа бөліп отырғызады. 4 топқа ағаш, бұталардың суреттері беріледі (Сынып бөлмесіндегі парталар топта жұмыс жасауға ыңғайлы етіп орналастырылады).<br>1 топ – қарағай<br>2 топ – жыңғыл<br>3 топ – жатаған<br>4 топ – тобылғы<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | 20-беттегі үлкейтілген сурет, слайд №1<br><br>Қиылған ағаш, бұталар суреттері |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Т, Ж, ОТ)** М.Әлімбаев «Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылғы неге қызыл болған?»<br>Мұғалім мысалды мәнерлеп оқу үлгісін көрсетеді. Сонан соң оқушылар алдымен жеке, сосын топта кезек-кезек оқиды. Мысал өлең оқылып болған соң, шарларды таңдау арқылы, әр топ шардың ішіндегі сұрақтарды алады. Шарға алдыңғы бес сұрақ салынады, қалған сұрақтарды барлық оқушылар бірігіп талқылайды.<br>– Өлеңді оқи отырып, білгің келетін мәселені таптың ба?<br>– Мәтін қалай басталады?<br>– Қарағай мен жыңғылдың керісіп қалуына не әсер етті деп ойлайсың? | Оқулық: 20-23 беттер. |

| | | |
|---|---|---|
| | – Тобылғының арашаға түскені туралы өлеңнен тауып оқы.<br>– Мысал өлеңде саған ерекше әсер еткен оқиға бар ма?<br>– Өлеңді оқығанда сен қандай сезімде болдың?<br>– Қазіргі кезде осы ағаштардың мінезіне ұқсас адамдар бар ма? Мысал келтір. Тапсырманы топта талқылап, ой бөліседі. Сонан соң кезек-кезек жауап береді. Басқа топ жауапты толықтырып, ой қосуына болады.<br>**(Б)** «Шапалақ» әдісі арқылы бағаланады.<br>**Мәтіндегі сөздермен жұмыс.** Жаңа сөздермен таныстырмас бұрын мұғалім оқушылардың өздерінен осы сөздердің мағынасын сұрайды. Сонан кейін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді.<br>**Пәкенек** – аласа бойлы.<br>**Итәлек болу** – әуре болу, нәтижесіз іс.<br>**Тел өскен** – қатар, бірге өскен.<br>**Кейісу** – ренжісу, жанжалдасу, өзара келіспеу.<br>Сөздік жұмысын интербелсенді тақтадан да, оқулықтан да көрсетіп, таныстыруға болады.<br>**Саралау.** Тапсырма арқылы саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br><br>**3-тапсырма Құрастырайық**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)**<br>**1 топ – қарағай**<br>Оқушылар жазудан сөздерді бөліп алып, мақал құрастырады. Мақал мен оқыған мысал арасында қандай байланыс барын анықтайды. Оқушылар мақалды пайдаланып, кейіпкерге кеңес жазады.<br>**2 топ – жыңғыл**<br>Оқушыларға мысал өлеңді қайта шолып шығады. «Өлеңнің бірінші шумағында қандай теңеу сөздер бар? Ақын ағаштарды неге теңеді? Неліктен бұл теңеулерді қолданған?» деген сұрақтарды қойып, жауабын талқылайды.<br>**3 топ – жатаған**<br>Оқушылар берілген тапсырманы орындау үшін алдымен мысалды қайта шолу жасап, топта рөлдерді бөліп алады. Сонан соң топта дайындалады. Өз көріністерін сыныпқа ұсынады<br>**4 топ – тобылғы**<br>Мысал өлең бойынша түсінгенін айтып жазған Айбардың хатында қателер бар. Мысалда Қарағай мен Тобылғы емес, Қарағай мен Жыңғыл керісіп қалады. Керісінше арашаға Тобылғы түседі. Мысалда Жыңғыл тауға кетіп қалатыны туралы ештеңе айтылмаған. Оқушылар осы қателерді байқауы қажет. Егер қатені таппаса мұғалім жетелеуші сұрақтар беріп, көмектеседі.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі бағаайды.<br>**4-тапсырма**<br>**(Ө,ЖЖ)** «Айырылмастай досыңа, қайырылмастай сөз айтпа» мақалды пайдалана отырып, кейіпкерге кеңес жазады.Тапысрманы орындауға уақыт беріледі. | Оқулық: 20-23 беттер, жаңа сөздер жазылған слайд, №<br><br>Парақ, маркер<br><br>көрініс қоюға арналған маскалар<br><br>Айбардың хаты жазылған парақ<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=8c |

| | | |
|---|---|---|
| | Саралау: тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушылар 3-4 сөйлем жазуы мүмкін. | BiUjq65lc<br><br>Жұмыс дәптері, 3-сынып |
| **Қорытынды бөлім** | **«Рефлексиялық шеңбер»**<br><br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br><br>- Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>- Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>- Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>- Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>- Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? | |

**Қосымша ақпарат**

| Саралау | Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік |
|---|---|---|
| • Тапсырма бойынша саралау жасалады. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі. Оқушылар топта, жұпта жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Оқушылардың бірін-бірі бағалауы.<br>• Топтардың бірін-бірі бағалауы.<br>Дескриптор:<br>- кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сипаттайды;<br>- оқиғаны жалғастырып айтады;<br>- мәтіннің мазмұнын толық айтады;<br>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- грамматикалық, орфографиялық қателерін тауып, түзетеді. | Өзін- өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| |
|---|
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жанды табиғат</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">№8 Терек пен қызыл гүл (С. Ерубаев)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="3">3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау<br>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет,сценарий түрінде ұсыну</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаты:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• шығарма мазмұнын түсінеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• сахналық қойылымға қатыса алады;<br>• кейіпкердің мінезі мен іс-әрекетін салыстыра алады және бағалайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкердің портретін әдеби көркем сөздерді қолданып сипаттай алады;<br>• кейіпкер рөлін анықтап, шағын сценарий құрастыра алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне сүйеніп, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтайды;<br>• шығарманың мазмұнын сахналайды;<br>• орфографиялық, пунктуациялық қатені тауып, түзетеді.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">жұпар иіс, тәкаппар, бір-ақ тұтам, құрмет<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Суреттегі ағаш пен гүл не жайында сөйлесуі мүмкін?<br>Суреттен олардың көңіл күйі жайлы не айта аласың?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Табиғатты қорғау, адамгершілік құндылықтарды, өзара көмек, достықты насихаттау.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Кейіпкерге мінездеме бере алады |

**Сабақ барысы**

| ***Жоспарлан-ған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Ұ, Ж) «Суреттер сөйлейді»** әдісін қолдана отырып, слайдта көрсетілген суретке қарап «Ағаш пен гүл не жайында сөйлесуі мүмкін? Суреттен олардың көңіл күйі жайлы не айта аласың?» деген тапсырмаға жауап іздеп, оқушылар бір-бірімен ой бөліседі. Оқушылар алдымен жұпта, сосын топта талқылайды. Топта талқылап, ойларын ортаға салып, ортақ бір ой түйеді. Әр топтан бір оқушы шығып, сыныпқа өз ойларын айтады.<br>**(Т)** Оқушыларды 4 түрлі суреттің қиындылары арқылы 4 бірігеді.<br>1 топ – терек<br>2 топ – қызыл гүл<br>3 топ – раушан гүл<br>4 топ – қайың<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру | сурет, слайд №1<br><br>Сурет қиынды-лары |
| **Сабақтың ортасы**<br>20 минут | **2-тапсырма Оқы және жауап бер**<br>**(МК, Т, Ж, ОТ)**<br>1. Мысалды оқушылар алдымен жеке, сонан соң тізбектеп оқиды.<br>2. Мысал оқылғаннан кейін, интерактивті тақтадағы **«Өз гүліңді таңда»** ойыны арқылы гүлдерді таңдап, әр топ сұрақтарды топта талқылап, ойларымен бөліседі. Сұраққа кезек-кезек жауап береді. Басқа топ жауапты толықтырып, ой қосуға болады.<br>– Мысалда терек пен гүлдің қандай ерекшеліктері туралы айтылған?<br>– Терек гүлді қалай мұқатпақшы болды?<br>– Гүлдің терекке берген жауабын тауып оқы. Бұдан не түсіндің?<br>– Қазіргі кезде терек сияқты адамдар бар ма?<br>– Шығарма қандай жанрға жатады?<br>– Мысалдың негізгі ойы қандай?<br>– Мәтіндегі сөздерді қолданып, терек пен гүлге қандай сипаттама берер едің?<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыға ұсынылады. Қабілеті төмен оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Салыстырайық**<br>**(МК, Т)** Бұл тапсырманы **«Қос шеңбер» әдісі** бойынша әдеби көркем сөздерді қолданып Терек пен Гүлге сипаттама береді, кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінез-құлқын салыстырады. | Интерак-тивті тақтадағы «Өз гүліңді таңда» ойыны оқулық 24-25 бет |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау.<br>- кейіпкердің іс-әрекетін өзгерту себебін анықтайды;<br>- кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты өз ойын айтады;<br>- кейіпкерді сипаттап, мінездеме береді.<br><br>4-тапсырма Көрсетейік<br>(МК,ОТ; Т)<br>Мұғалім оқушыларға кейіпкерлердің рөлдерін сомдау үшін шағын сценарий дайындап, оны сахналап қою тапсырмасын береді. Тапсырманы орындау үшін оқушылар алдымен топта сценарий жазады, соңынан сахналап көрсетеді. Тапсырманы орындау үшін уақыт беріледі.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) «Отшашу» әдісі арқылы бағаланады.</td>
<td>әр топқа «Т кестесі»<br><br>көрініс қоюға арналған маскалар<br><br>https:www.youtube.com atch?v=waxVvSU7buw<br>Жұмыс дәптері, 3-сынып</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды бөлім</td>
<td>Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалауы кестесін қолдану.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Ия</th><th>Аздап көмек қажет</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Сурет бойынша мәліметтер айттым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындадым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көркем бейнелі сөздерді теріп жаза аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көркем бейнелі сөздерді қолданып кейіпкерге сипаттама бере аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен мінезін салыстыра аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үй тапсырмасы. Өзің білетін ағаштар мен гүлдердің тізімін жазу және өзіне ұнайтын ағашты немесе гүлді сипаттап жазу ұсынылады.</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><th>Саралау</th><th>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</th><th>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</th></tr>
<tr>
<td>Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.</td>
<td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу.<br>• Өзін-өзі бағалау кестесі.<br>• «Бағдаршам», «Отшашу» әдісі арқылы бағалау<br>Дескриптор<br>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- кейіпкердің іс-әрекетін өзгерту</td>
<td>Өзін-өзі тану.<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері.<br>АКТ-мен байланыс.<br>Құндылықтардағы байланыс.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | себебін анықтайды;<br>- кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты өз ойын айтады;<br>- кейіпкерді сипаттап, мінездеме береді. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жанды табиғат | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№ 9 Алтай** (Е.Өтетілеуов) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп,рөлге бөліп,мәнерлеп,теріп оқу;<br>3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• өлеңді дауыстап түсініп оқи алады. |

| | |
|---|---|
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • өлеңді мәнерлеп оқи алады;<br>• тірек сөздерді қолданып, өлеңнің мазмұнын айта алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • өз ойынан әңгіме құрап айта алады;<br>• өлеңнен көркем-бейнелі сөздерді таба алады;<br>• әдеби көркем сөздерді пайдаланып, суретке сипаттама бере алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманы дауыстап, мәнерлеп оқиды;<br>• бейнелі сөздерді (эпитетті) қолдана отырып, өлеңнің мазмұнын айтады. |
| **Тірек сөздер** | тау бөктері, мұнартқан, тау қойнауы<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Өлеңде еліміздің қай өңірінің табиғаты туралы айтылған?<br>Тау қойнауында қандай көлдер бар? Аттарын өлеңнен тап |
| **Құндылықтар** | Табиғатты сүю, құрметтеу |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығармаға, суретке сипаттама бере алады |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы.**<br>«Алтай таулары» видеосын көру. Оқушылардың ойын білу.<br>**1-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(МК, Ұ, Ө)** «Көркем және бейнелі сөздерді пайдаланып, суретке сипаттама бер» деген тапсырма беріледі. Оқушылар топта ақылдасып, ойларын ортаға салады. Барлық оқушыларға өз ойларын айтуға, оқушылардың жауабын толықтыруға мүмкіндік жасалуы керек. Топта ақылдасып алған соң оқушылар жұпта алма-кезек тілші қызметін атқарып, өзара сұраққа жауап береді. Бір-бірінен сұхбат алады. Жұпта бір-бірінен сұхбат алу сыныпты тұтастай қамтуға көмектеседі.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | https://www.youtube.com/watch?v=Lq33lLUc9ys<br>ақ қағаздар, микрофон |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**Ермек Өтетілеуов «Алтай»**<br>**(МК, Т)** Өлеңді мәнерлеп оқып, сұраққа жауап беру тапсырылады. Мазмұнды түсінуге байланысты тілші ретінде сұрақтар қойып әңгімелеседі. Тапсырманы орындау үшін әр топтан 1 оқушыны топ мүшелері «тілші» етіп сайлайды. Сайланған тілші келесі топқа барып, сол топпен сұхбат жүргізеді. Әр тілшіге сұхбат жүргізуге арналған үлгі сұрақтарды ұсынуға болады.<br>1. Өлеңде еліміздің қай өңірінің табиғаты туралы айтылған?<br>2. Алтай тауы қай жерде орналасқан? | Оқулық: 26-27-беттер, микрофон |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Тау қойнауында қандай көлдер бар? Көлдің аттарын өлеңнен тап.<br>4. Алтай тауын сипаттау үшін ақын қандай көркем сөздерді қолданған?<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Топтардың бірін-бірі бағалауы.<br><br>**Сен білесің бе?**<br>Оқушыларға ақпарат бойынша қосымша мәліметпен интербелсенді тақтадан да, оқулықтан да танысуға болады.<br>*Эпитет немесе айқындау* – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын бейнелі сөз. Мысалы: асқар тау, қалың орман, көк теңіз, т.б.<br><br>**3-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)**<br>«Өлеңнен көркемдегіш құралдарды (эпитетті) тауып оқы. Оларды қатыстырып өлеңді мазмұндап айт» тапсырмасы беріледі.<br>Тапсырманы орындау үшін оқушыларға алдымен көркем-бейнелі сөздерге мәндес сөздердің мағынасын анықтап, топтағы әр оқушы өлең мазмұнын сипаттап сөйлейді. **«Сұқ саусақ» әдісімен** мұғалімнің қалауы бойынша бір топ ортаға шығып, өлеңді мазмұндап, көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып сөйлейді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыға жетекші сұрақтар қойылады.<br>**(Б)** Мұғалім оқушыларды бағалайды.<br><br>**4-тапсырма Құрастырайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(МК, Ұ, Ж)** Өлеңде кездесетін өзен-судың, жануардың, өсімдіктердің атауларын теріп жазып, бір атауды таңдап алады.. Ол атаудың шығу тарихын мәлімдейтін қызықты аңыз-әңгімені ойдан шығарып жазады. Әңгімені жазу барысында шығармада қолданылған көркем сөздерді қолдану ескертіледі.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Кейбір оқушылар әңгіме құрастырып жаза алмағандықтан, 4-5 сөйлем жазуы мүмкін.<br>**(ҚБ)** дескриптор бойынша бағалау.<br>- өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды;<br>- теңеу сөздерді табады;<br>- мәтін құрастыруда теңеу сөздерді қолданып жазады. | Интербел-сенді тақта, оқулық<br><br>Бейнелі сөздер жазылған слайд<br><br>Жұмыс дәптері, 3-сынып |

<table>
<tr>
<td>Қорытынды бөлім</td>
<td>Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалау кестесін қолдану.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Ия</th><th>Аздап көмек қажет</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Суретке сипаттама бердім</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқыдым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сұрақтарға жауап бере алдым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бейнелі сөздерді қатыстырып, өлеңнің қысқаша мазмұнын айттым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Өз ойымнан қысқаша әңгіме құрастыра алдым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үй тапсырмасы. Алтай тауының суреттерін жинап, альбом жасау</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
</table>

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Өзін-өзі бағалау кестесі<br><br>Дескриптор<br>- өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды;<br>- теңеу сөздерді табады;<br>- теңеу сөздерді қолданып мәтін құрастырып жазады. | Өзін-өзі тану. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлімі: Жанды табиғат</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы:</td><td colspan="2">№ 10 Үре алмайтын ит (Джанни Родари)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="3">3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау;<br>3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық,таңдауына қарай мазмұндау,сахналау.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаты:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• ертегіні түсініп, мазмұнын түсінеді;</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• сурет көмегімен ертегідегі оқиғаны болжай алады;<br>• ертегі бойынша сахналық қойылымға қатыса алады;</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• оқиғаның дамуын болжай алады;<br>• ертегі соңын өзгертіп, оқиғаны жалғастыра алады;</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">- шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды;<br>- сөздерді мағынасына сәйкес орынды қолданады;<br>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- бірлесе құрастырған жоспар бойынша сахналайды.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">сөйлеу тілі, аянышты, шаттану.<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Неліктен ит алғашында үруді білмеді?<br>Өтештің әрекетін бағалаңдар</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Әдепті, сабырлы болу</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">Сұрақтарға жауап бере алады</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сабақ барысы</td></tr>
</table>

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Ұ)** Алдымен оқушылар **«Ретін тап» ойыны арқылы** тақтада нөмірленген суреттерді ретімен орналастырып, сурет мазмұны бойынша ертегі құрастырады. (Суреттен не көргендерін оқушылар айтады. Толық айтылмаған жағдайда мұғалім сұрақ қойып нақтылайды.) Содан соң құраған ертегілерін оқиды.<br>**(Т)** Барлық оқушылар **«Шаңырақ» әдісі** бойынша 4 топқа бірігеді. (Мұғалім жоғары көтеріп тұрады. Әр оқушы бір-бір лентадан алады. Содан соң мұғалім қолын босатқанда бір түстегі оқушылар бір топқа топтасады.)<br>1 топ – жасыл түс<br>2 топ – қызыл түс<br>3 топ – сары түс<br>4 топ – көк түс<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | 28-беттегі үлкейтілген суреттер<br><br>Қиылған ағаш, бұталар суреттері |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, ОТ, Ұ)** Оқушылардың аттарын атай отырып, кезекпен оқыту. Мәтіннің маңызды бөліктерінде оқушыларды тоқтата отырып, оқиғаның қалай өрбитінін сұрап, болжам жасайды. Оқушылардың кез келген болжамдарын мұғалім қолдай отырып, «Неге олай деп ойлайсың?» деп оқушылардың ауызша сөйлеу, логикалық және креативті жауаптарын күтеді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3- тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)** Оқушыларға мәтінді оқып танысқаннан кейін, сұрақтарға жауап беруі сұралады.<br>1. Неліктен ит алғашқыда үрудің не екенін білмеді?<br>2. Оған әтеш нені үйретті?<br>3. Орманда қандай оқиға болды?<br>4. Ит үруді қалай үйренді?<br>5. Иттің әтеш сияқты шақыруын өмірдегі қандай жағдайлармен байланыстыруға болады?<br>6. Әтештің әрекетін қалай бағалайсың?<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**4-тапсырма Ойымызбен бөлісейік**<br>Тапсырманы орындау үшін алдымен өзінің болжамы мен оқулықтағы ертегіні **«Венн диаграммасын» пайдалана** отырып, салыстырады. Салыстыру төмендегідей сипатта жүргізіледі:<br>Кейіпкерлері<br>Оқиғалар тізбегі<br>Айтайын деген түйінді ойы | Оқулықтың 28-31-беттері<br><br>Оқулықтың 28-31-беттері, ватман қағаз, маркер<br><br>Орындықтар, оқулық |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Алатын ғибраты, яғни тәлімі<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) «Бас бармақ» әдісімен бағаланады.<br><br>5-тапсырма Өзгертейік<br>(Ө;Т) «Ертегі соңын өзгерт. Оқиғаны жалғастыр» деген тапсырманы орындау үшін оқушылар алдымен жекежазады. Топта талқылап, топ алдына «Кездейсоқ таңдау» әдісі арқылы өз жазғанын оқып береді.<br>(Б) «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>6-тапсырма Сахналайық<br>(Т) Ертегідегі бір оқиғаны таңдап, сахналауға қатысады. Ертегінің соңын өзгерту сценарийін құрастырып жазады.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) «Шапалақ» әдісімен бағаланады.</td>
<td>кесте, көрініс қоюға арналған маскалар<br><br>https://yandex.ru/video/.../сериалы?...физминутка%20для%20начал...<br><br>Жұмыс дәптері, 3-сынып</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды бөлім</td>
<td>Сабақты қорытындылау. Өзін-өзі бағалауы кестесін қолдану.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Ия</th><th>Аздап көмек қажет</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Сурет көмегімен ертегідегі оқиғаны болжадым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ертегіні түсініп оқи алдым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сұрақтар қоямын, жауап бере аламын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мақалға пікірімді айттым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ертегіні өз ойыммен аяқтай аладым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сахналауға қатыстым</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үй тапсырмасы. Ертегінің соңын өзгертіп жазу ұсынылады.</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr>
<td>• Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.</td>
<td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• Өзін-өзі бағалау кестесі<br>• «Бас бармақ», «Бағдаршам», «Қолшапалақтау» әдісі арқылы бағалау.<br><br>Дескриптор<br>- шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды;<br>- сөздерді мағынасына сәйкес орынды қолданады;</td>
<td>Өзін өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>- шығарманы сахналайды; | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жанды табиғат</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№ 11 Бетпақдала (А.Сейдембек)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="3">3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау;<br>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет,сценарий түрінде ұсыну.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаты:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарманы түсініп оқи алады;<br>• шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап бере алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығармадағы оқиғалар ретін біледі;<br>• шығармадағы оқиғалар сүйеніп, оқиғаның соңын болжай алады;<br>• шығарманы өз ойымен аяқтай алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығармадығы кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды, өз ойын білдіріп дәлелдей алады;<br>• шығармашылық жұмысын суретпен ұсына алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды;<br>• шығармашылық жұмысын сурет немесе сызба арқылы ұсынады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">шүйгін, кінәмшіл, жусан, жанға шипа<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Аңыз қалай басталады?<br>Аңыз әңгімені оқып отырғанда көз алдыңа не елестеді?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">сюжеттің дамуын болжай алады, шығарма мазмыны бойынша сұрақтарға жауап береді.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
</table>

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы</td>
<td>(Т) Сөзжұмбақ шешу
<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Б</td><td>е</td><td>й</td><td>б</td><td>а</td><td>р</td><td>ы</td><td>с</td></tr>
<tr><td>к</td><td>ө</td><td>к</td><td>т</td><td>е</td><td>м</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>т</td><td>е</td><td>р</td><td>е</td><td>к</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>а</td><td>с</td><td>п</td><td>а</td><td>п</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>а</td><td>л</td><td>м</td><td>а</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>қ</td><td>а</td><td>р</td><td>б</td><td>ы</td><td>з</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>д</td><td>о</td><td>с</td><td>т</td><td>а</td><td>р</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>а</td><td>л</td><td>а</td><td>т</td><td>а</td><td>у</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>и</td><td>н</td><td>е</td><td>л</td><td>і</td><td>к</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>а</td><td>қ</td><td>с</td><td>а</td><td>қ</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Сұрақтары:<br>
Сұлтан .....<br>
Жыл мезгілі<br>
Ағаш аты<br>
Домбыра<br>
Жеміс<br>
Көкөніс<br>
Зейін мен әкесі әңгімесі<br>
Тау аты<br>
Тымақ киген .....<br>
...... киік<br>
Бүгінгі күннің сабақ тақырыбын анықтау. Білетін мәліметтерін ортаға салу.<br>
Барлық оқушылар өз таңдауы бойынша «Қар қиыршықтары» әдісімен 4 топқа бірігеді. (Әртүрлі қиылған қар қиыршықтары)<br>
1 топ –  3 топ – <br>
2 топ –  4 топ – <br>
Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>
Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру.</td>
<td>Сөзжұмбақ жазылған қағаз<br><br>Қар қиыршықтары суреттері</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>2-тапсырма Оқы және жауап бер<br>
Ақселеу Сейдембек «Бетпақдала»<br>
(МК, ОТ, Т) Оқушылар топта аңызды тізбектей оқиды. Аңызды оқып болған соң сұрақтарға жауап береді. «Сұрақтар қоржыны» ойыны арқылы шығарманы мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Әр топтан бір оқушы қоржыннан екі сұрақтан алады, топта талқылайды.<br>
1. Аңыз қалай басталады?<br>
2. Хан қандай жарлық береді?<br>
3. Көпті көрген қария қандай ақыл айтады?<br>
4. Арада екі-үш ай өткен кезде қандай өзгеріс болады?<br>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.</td>
<td>Оқулықтың 32-33-беттері, қоржын, сұрақтар жазылған парақшалар, жұлдызша-лар</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **(Б)** «Жұлдызша» арқылы бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Т) «Аңызды өз ойыңмен аяқтап, болжам жаса»** деген тапсырманы орындайды. Барлық топ тапсырманы орындағаны белгілі болғанда «Сұқ саусақ» әдісі арқылы жауап беретін топты таңдауға болады. Жауап беретін топтағы оқушылар жауаптарын кезек-кезек айтып, оқиғаның даму себептеріне қатысты өз болжамдарына дәлелдер келтіріп, сөйлейді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Бас бармақ» арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Көрсетейік**<br>**(МК, Ж, Т)** Мәтінге сүйеніп, «Хан жарлығынан кейін Бетпақдалада қандай өзгеріс болғанын мәтіннен тауып оқы. Оны сурет немесе сызба арқылы көрсет» деген тапсырмасы беріледі. Тапсырманы оқушылар алдымен жұпта ақылдасып, талдайды. Тапсырма орындалған соң, әр топ ойларын сыныпқа айтады. Бұл тапсырманы оқушылар жұпта кеңесіп, А4 парағына ойларын сызба немесе сурет түрінде түсіру арқылы орындайды. Әзірлеген жұмыстарын көрсетіп, талқылайды.<br>**Саралау**. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Отшашу» әдісі арқылы бағаланады. | Оқулықтың 32-33-беттері<br><br>А4 парағы |
| **Қорытынды бөлім** | **«Иық тіроскен шеңбер»**<br>Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді. Мұғалімнің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс.<br><br>Үй тапсырмасы ретінде хан жарлығын ретімен жазу ұсынылады. | |

**Қосымша ақпарат**

| Саралау | Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік |
|---|---|---|
| Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Кейбір оқушыларға мұғалім қолдау көрсетеді. Оқушылар бірлесе топта жұмыс жасайды. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>• «Жұлдызша», «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау.<br><br>Дескриптор:<br>- кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын | Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс |

| | | |
|---|---|---|
| | болжайды;<br>- шығармашылық жұмысын сурет немесе сызба арқылы ұсынады. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| |
|---|
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлімі:** Жанды табиғат | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:** | | № 12 Бетпақдала (А.Сейдембек) | |
| **Оқу мақсаты:** | 3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау;<br>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу. | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | |
| | • оқыған бөлігінің мазмұныны айта алады;<br>• әңгімені түсініп, жүргізіп оқиды. | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | |
| | • шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;<br>• кейіпкерлер әрекетіне баға бере алады. | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | |
| | • тірек сөздерді қолданып, шағын әңгіме жаза алады;<br>• дереккөздермен жұмыс жасауды біледі. | | |
| **Бағалау критерийлері** | • кейіпкердің портретін сипаттап, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалайды;<br>• көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, әңгіме жазады. | | |
| **Тірек сөздер** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер:**<br>берекесін алу, жұт жеті ағайынды, індет жайлау<br>**Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Адамдардың табиғатқа жасаған әрекетінен не өзгерді? Өмірмен байланыстыр.<br>Аңыздан өзіңе қандай ой түйдің? | | |
| **Құндылықтар** | Табиғатты сүю, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. | | |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады | | |
| **Сабақ барысы** | | | |
| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөздер** | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **(Т)** «Шөл дала туралы аңыз» туралы бейнежазба көріп, сол бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>1.Не туралы? Дала, жер, құрғақ.<br>2.Сипаттап көріндер: сап-сары, көріксіз<br>3.Бұл жерлерді табиғатына қарап қалай атар едіңдер?<br>Қатал, өлі табиғат.<br>4.Бұған қарама-қарсы табиғат қандай болады деп ойлайсындар? Жасыл желек, су, аңдар, көңілді.<br>5.Табиғатты бұндай халге жеткізуші не деп ойлайсыңдар? Адам қолы, ақылсыздық.<br>Аңыз деген не?<br><br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | https://www.youtube.com/watch?v=px0ABbDQ87w |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, ОТ, Т)** Аңыз-ертегінің авторымен таныстыру. Ақселеу Сейдімбек Сланұлы (1942-2009) Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Атасу ауылында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы. Алғашқы әңгімелер жинағы – «Ақиық». ҚРМ-тік сыйлығының иегері.<br>**«Джиксо әдісі»** арқылы мәтін бөліктерін оқу. Сөздік жұмысы жүргізу.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Отшашу» арқылы бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(МК, Т)** Оқушылардан шығарма қай жанрға жататыны сұралады. Оқушылар алдыңғы біліміне сүйеніп, шығарманың аңызға жататынын айтуы тиіс. Егер айта алмаған жағдайда мұғалім ережеге сүйеніп, қандай шығарма екенін табуға тапсырма береді. Мұғалім оқулық соңындағы сұрақтарды қағазға жазып, сұрақтар қобдишасына салады. **«Сұрақтар қорапшасына»** салған сұрақтардың жауабын тауып, сынып алдында талдайды. **«Сұрақтар қорапшасынан»** бірнеше сұрақтарды оқушыларға алғызып, барлық сынып жауабын шығармадан тауып, кезек-кезек түсіндіреді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**3-тапсырма Анықтайық**<br>**(МК, Ж, Т)** Аңыз неге «Бетпақдала» деп аталған? Қосымша дереккөздерді қарап, 2-3 түрлі дәлел табу тапсырмасы беріледі. Сөздің мағынасына қатысты деректер іздейді, содан кейін барып, деректерге, әдеби туындыларға жүгінеді.<br>(Б) «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады. | Автор суреті<br><br>Оқулықтың: 34-35--беттер, қоржын, сұрақтар жазылған парақшалар<br><br>Дереккөздер, ғаламтор, оқулықтар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>4-тапсырма Жазайық<br>(МК, Ө,ЖЖ) Тірек сөздерді қолданып, «Табиғатқа қамқорлық» тақырыбына шағын әңгіме жазу тапсырмасы беріледі.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындауға қосымша уақыт беріледі.<br>(Б) «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша бағаланады.<br><br>5-тапсырма Ойланайық<br>Ханның берген жарлығы мен соның салдарынан болған оқиғаларды жазып шық. Оқиғаның себебін анықтап, ханның әрекетіне бағалау тапсырмасы беріледі.<br>
<table>
<tr><th></th><th>Басында</th><th>Ортасында</th><th>Соңында</th></tr>
<tr><td>Ханның жарлығы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Халықтың әрекеті</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қорытынды ой</td><td colspan="3"></td></tr>
</table>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) Оқушылар бірін-бірі бағалайды.</td>
<td>Оқулықтың: 36-беті</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды бөлім</td>
<td>Кері байланыс. «Бір минут» әдісі бойынша оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Кезек бойынша бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз өз ойын айтып сөйлейді.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr>
<td>Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау көрсетіледі. Тапсыманы орындау кезінде кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі.</td>
<td>«Отшашу», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам» әдісі бойынша бағалау, оқушылардың бірін-бірі бағалауы, топтардың өзара бағалауы.<br><br>Дескриптор:<br><br>- берілген сөздердің мағынасын түсінеді;<br>- көркем сөздерді орынды қолданады;<br>- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себебін анықтайды;<br>- кейіпкердің іс-әрекеті туралы ойын айтады;<br>- кейіпкерге мінездеме береді.</td>
<td>Өзін -өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | №1 Жақсы мен жаман Қ.Баянбай | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу<br>3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • өлеңді түсініп, мәнерлеп оқи алады;<br>• өлең мазмұны бойынша өз ойымен бөлісе алады. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • жақсы бала мен жаман бала істерін сипаттай алады;<br>• өлең мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бере алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • тірек сөздермен өлең құрастыра алады;<br>• өз ойын жеткізуде көркем-бейнелі сөздерді қолданады. |
| **Бағалау критерийлері** | • көркем-бейнелі сөздерді, яғни мақалды қолдана отырып, өз ойын айтады;<br>• шығарманың тақырыбын және негізгі ойын анықтайды. |
| **Тірек сөздер** | қайыр, жала жабу, уәдесін сақтау<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Жаман баланы суреттеген ақын ойымен келісесің бе?<br>Жақсы бала жайында не  айта аласың? |
| **Құндылықтар** | Ұқыптылық, адамгершілік құндылықтарды дәрітпеу |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Өлеңді  түсініп, мәнерлеп оқи алады, сұрақтар құрастырады және жауап бере алады. |

| **Сабақ барысы** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |

<table>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>1- тапсырма Ойымызбен бөлісейік<br>1. Оқушыларға тірек сөздер бойынша әңгіме құрастыру керек екені айтылады. Ол үшін «жақсы, жаман» тірек сөздер жазылған кәртішкенің бірін таңдап алады.<br>2. «Кездейсоқ таңдау» арқылы оқушының айтын айтады. Оқушы таңдаған кәртішкесіндегі сөзді қосып, әңгімені жалғастырады.<br>Қабілеті төмен оқушылар 1-2 кәртішкені қолданып, қарапайым сөйлемдер құрастырады. Қабілеті жоғары оқушылар барлық сөздерді пайдаланып, күрделі сөйлемдер құрастыра алады. Оқушыларға «Тірек сөздер» кіртішкелері ұсынылады.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру.</td><td>«жақсы, жаман» тірек сөздер кәртішкеле-рі</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>2-тапсырма Оқиық<br>(Ө, Т) Оқушыларға өлеңді жеке түсініп оқып шығып, түсініксіз сөздерді белгілеп қояды. «Кездейсоқ таңдау» әдісі бойынша оқушылардың аты жазылған балмұздақтың таяқшасын таңдай отырып, бірнеше оқушыға өлеңді мәнерлеп оқыту. Өлеңдегі түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізу.<br>Саралау. Тапсырма уақыт бойынша сараланады. Тапсырма барлық оқушыға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыларға өлеңді оқуға көбірек уақыт беріледі.<br>(Б) оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>3- тапсырма Анықтайық<br>(Ө, Т)<br>1. Автордың «жаман, жақсы баланы» суреттеу үшін қандай сөздерді қолданғанын өлеңнен тауып оқуға тапсырма беріледі.<br>2. Ол үшін мұғалім бір-екі сөзді тауып көрсетеді. Мысалы: жала жапқан, уәдесінде тұрған<br>3. Өлеңді түсіп оқуға уақыт беріледі.<br>4. Алдыңғы тапсырмада құрастырған әңгімеге ұқсас тұстары бар ма, барлық топпен анықтап өз пікірлерін білдірулері сұралады. Жаман баланы суреттеген өлең шумақтарын табу тапсырылады.<br>Оқушылардан автордың оймен келісеме екенін сұраңыз. Келіссе, неліктен? Өз пікірін дәлелдер келтіріп айтуы сұралады.<br>Саралау. Қабілеті төмен оқушылар өлеңді оқып шығады және өз сөздерімен ойларын айта алады.<br>(Б) «От шашу» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>4- тапсырма Салыстырайық<br>(Ө, Т)<br>1. Оқушыларға өлеңнен тапқан сөздерді түсіндіруді және суреттермен сәйкестендіру керектігі айтылады.<br>2. Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>3. Топта қандай сөздерді тапқаны жөнінде ойларымен бөліседі.<br>4. Топтар тапқан сөздерін қағазға жеке-жеке жазады.<br>5. Қағазға жазылған сөздерді суреттермен сәйкестендіреді.</td><td>Балмұздақ-тың таяқшасы,<br><br>Оқулық, 40-41-беттер<br><br><br><br>А4 қағазы<br>Оқулық: 40-41-беттер.<br><br><br><br>А4 қағазы<br>Оқулық: 40-41-беттер.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті. «Қолшатыр» ойынын ұйымдастыру.**<br>Оқушылар адам бойындағы жақсы қасиеттерді естігенде қолшатырды жабады, жаман қасиеттерді естігенде қолшатыр астына тығылады. Мысалы: салақ, адал, өтірікші, мейірімді, ұқыпты, еріншек, т.б.<br><br>**5-тапсырма Құрастырайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(Ұ, ОТ, Ж)**<br>1. Оқушылар өлеңдегі тірек сөздерді және көркем-бейнелі сөздерді қолданып «Мен үлгілі баламын» деп бастап, өзіңнің жақсы қасиеттеріңді танытатын өлең шығаруды ұсыныңыз. (***әділ, уәдесін берік сақтаған, жақсы мінез, жұрт мақтаған, шындықты жақтаған***.)<br>2. Жұпта ойларымен бөлісіп, қандай өлең жазатындары сұралады. Таңдалған жұптарды тыңдап, жетістіктері бағаланады.<br>3. Өлең жазу үшін ұйқастың түрлері еске түсіріледі. Өлеңнің қай жолдары бір-бірімен ұйқасатыны сұралады.<br>4. Оқушылар өз бетінше өлең шығарады. Оларға әртүрлі көркем-бейнелі сөздер мен ақпараттық мәтіннен алынған мәліметтерді қолдану естеріне салынады.<br>Сынып алдында бірнеше оқушыға құрастырған өлеңін оқиды.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар өз ойларынан көркем сөздерді қолданбай әңгіме жаза алады. Себебі олар өлеңнің ұйқасын келтіріп, құрастырып жаза алмауы мүмкін.<br>**(Б)** «Екі жұлдіз, бір тілек»әдісі арқылы бағаланады. | Қолшатыр<br><br>Ватман қағаз, тірек сөздер, маркер |
| **Қорытынды бөлім** | **Рефлексия.** Балалар алдарыда дайын тұрған түймедақтың бір-бір күлтешесіне сабақтан алған пікірін жазады. Түймедаққа жапсырады.<br>- Мен бүгінгі сабақта ....... түсіндім. Себебі.....<br>- Мен бүгінгі сабақты түсінбедім. Себебі.... | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>«Екі жұлдыз, бір тілек», «От шашу», оқушылардың бірін-бірі бағалауы.<br>Декскриптор:<br>- көркем сөздерді қоланып өз ойын айтады;<br>- төрт жолды өлең құрастырады;<br>- сөздер мен сөйлемдерді қатесіз жазады. | Өзін-өзі тану, қолшатыр ойыны |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатысպағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | №2 Жақсы мен жаман Балтабай Әділов | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар,көрнекіліктер,фото,суреттер қолдану;<br>3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • мысалды оқып, сұрақтарға жауап береді;<br>• мысалды түсініп, жүргізіп оқи алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • екі шығарманы салыстыра алады;<br>• әңгіме мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақ құрастыра алады, сұраққа жауап береді. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • суреттерді қолданып, өз ойыңды айтады;<br>• мысалға сәйкес мақалдар таба алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • сөйлеу барысында иллюстрацияларды, фото, суреттерді қолданады;<br>• мысал мен өлеңді салыстыра отырып, олардың жанрлық ерекшеліктерін анықтайды |

| | |
|---|---|
| **Тірек сөздер** | құмарлану, асқақтау, жабырқау.<br>**Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? Автор қандай ой айтпақ болды? |
| **Құндылықтар** | Табиғатты сүю, қамқор болу; |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын біледі, мәтінді түсініп оқиды, мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз-дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Ойымызбен бөлісейік**<br>**(МК, Ұ) «Білемін, білгім келеді, білдім» кестесін** әр бала жеке толтырады. Сурет бойынша әңгімені жеке оқушы немесе жұпта орындау ұсынылады. Алдымен оқушылар арамшөп туралы не білетіндерін «ББҮ» кестесінің бір бөлігіне жазады. Барлық оқушы жазып болған соң бірнеше оқушы оқиды. Кестенің екінші бөлігін арамшөп туралы не білгісі келетіндіктерін жазады және олардың ойы тыңдалады. Оқушылардың назары оқулықтағы суретке аудартылады. Суреттен не көргендерін оқушылар айтады. Мұғалім толық айтылмаған жағдайда сұрақ қойып нақтылайды. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға тапсырма беріледі. Суретке сүйеніп өздері құраған әңгімелерін оқиды. Барлық оқушыларға өз ойларын айтады.<br>**(Т)** Оқушыларды таратылған әр түрлі түстегі балмұздақ таяқшалары бойынша 2 топқа біріктіру.<br>1-топ: Жақсылық<br>2-топ: Жамандық<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | «ББҮ» кестесі, арамшөп суреті.<br><br>Балмұздақ таяқшалары, топ аттары |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқы және жауап бер**<br>**(МК, ОТ, Ө, Т)**<br>*(Оқулықтың 42-43-беттері).* Әр топ оқулықтағы мысалмен танысады. *(Өз бетінше іштей оқуға 3 мин уақыт беріледі.)* Оқушылар мысалды алдымен өз беттерімен оқиды. Мысалды оқып болған соң, өз әңгімелерін салыстыратындықтарын, сұраққа жауап беретіні алдын ала ескертіледі. Шығарманы оқып болған соң, өз әңгімелерімен салыстырады. **«Гүл күлтелері»** ойыны арқылы гүл күлтелеріндегі сұраққа жауап береді:<br>1. Гүл неге сарғайып, солып бара жатты?<br>2. Үлкен гүл кішкентай гүлге қандай кеңес берді?<br>3. Кішкентай гүлдің көңіл күйі қалай өзгерді?<br>4. Әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? Автор қандай ой айтпақ болды?<br>**Саралау**. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма | Оқулықта сұрақтар жазылған гүл күлтелері |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Тапсырманы жұппен орындау кезінде бір-бірінің ойын тыңдап, бір-біріне көмектесу қажет.<br>(Б) «Бағдаршам» арқылы бағаланады.<br><br>3-тапсырма Анықтайық<br>(Ө, Ж, Т, Қ) Бұл шығарманың алдыңғы оқыған «Жақсы мен жаман» өлеңінен қандай айырмашылығы бар? Екі шығарманың авторын, тақырыбын, негізгі ойын, жанрын (өлең, әңгіме, мысал, ертегі) салыстырып, мұғалімнің көмегімен ерекшеліктерін тауып жазады.<br><br>
<table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td>Авторы</td><td>Жанры (әңгіме, өлең, ертегі, аңыз)</td><td>Негізгі ойы</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Сен білесің бе?<br>(МК, ОТ) Оқушылар оқулықтағы мақал туралы түсінікті оқып, мәтінмен байланыстырады. Мақал түсінікті тілде жазылып, тікелей айтылған қорытынды, түйінді пікір түрінде беріледі. Мәтел түсінігі қиындау, астарлы тілмен жұмбақтап беріледі. Мысалы, «Оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын». Оқушылардың өздері білетін мақал-мәтелдерді де сұрауға болады. Оқыған мәтінді қандай мақалмен қорытындылауға болатыны сұралады. Мысалы,<br>1. Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады<br>Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады.<br>2. Өзі жақсы кісіге<br>Бір кісілік орын бар.<br>3. Жақсы болсаң – жақын көп.<br><br>4-тапсырма Бөлісейік және жазайық (дәптермен жұмыс)<br>(МК, Ұ, Ө)<br>1. Арамшөп пен гүл туралы қандай жаңа мәліметпен таныстың? Жаз.<br>2. Оқушылар «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегенді қалай түсінетіндері туралы өз ойларын жазады. Жазған жұмысын тексеруге және оның қатесін түзетуге уақыт беріледі.<br>3. «Ментальді картаны» пайдаланып, арам шөптің іс-әрекеті туралы ой бөліседі, оған мінездеме жазады. Бірінші тапсырманы орындамас бұрын оқушылар тапсырманы жұпта талқылап, ортақ бір пікірге келіп, сыныпқа оқиды, оқушылар өз ойларын қосады.</td>
<td>«Әңгіме кестесі» ватман қағазда<br><br>Мақал жазылған слайд<br><br>«Менің қазіргі көңіл-күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді.<br><br>Жұмыс дәптері немесе ментальді карта</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>Ойларын жинақтап, топта кеңесіп, постер түрінде ұсынады. Жасаған кестелері мен мінездемелерін тақтаға іліп, ортаға шығып қорғайды.<br>Саралау. Қабілеті әртүрлі оқушылар топтасады. Олар бір-біріне көмектеседі, бірін-бірі толықтырады.<br>(Б) «Бас бармақ» әдісі бойынша бағаланады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Қорытынды бөлім</td><td>Сабақты қорытындылау. «Чемодан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» кері байланыс.<br>Берілген сөздерден мақал құрастырады. Жер, мұңды, ел, болса, гүлсіз, мұңды, болса, күлкісіз.<br>Жауабы:<br>Жер гүлсіз болса мұңды,<br>Ел күлкісіз болса мұңды.</td><td></td></tr>
</table>

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Бағдаршам, бас бармақ.<br>Дескриптор:<br>-сөйлеу барысында суретті қолданады;<br>-мәтіндердің жанрын анықтайды;<br>-әр жанрға тән ерекшеліктерді сипаттап айтады. | Өзін-өзі тану |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | №3 Құмырсқа, Бүрге және Адам Ә. Асылбеков | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық,таңдауына қарай мазмұндау,сахналау |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • мысалды түсініп оқиды;<br>• суретке қарап әңгімені болжай алады. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • мысал мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• мәтінді бөліктерге бөле алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • әр бөлікке ат қойып жоспар құрады;<br>• кейіпкердің рөлін сахналай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша сахналайды;<br>• ашық сұрақтар қояды және жауап береді |
| **Тірек сөздер** | қопару, дәріптеу<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Сенің болжамың шығарма мазмұнымен сәйкес келді ме? Неге?<br>Мысалдан қандай қорытынды айтар едің? |
| **Құндылықтар** | Татулық, мейірімділік |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Мәтін бөліктерін ажыратады және жоспар құрастыра алады. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Ұ, Ж) «Ойлан - Жұптас - Бөліс» әдісімен ширату**<br>1. Оқушыларға әңгіменің атауын оқу тапсырылады. Тақырыбы мен суретке қарап, әңгіме не туралы болуы мүмкін екені сұралады. Болжамдарын айтып ортаға салады.<br>2. Әңгіме тақырыбы мен суретті не байланыстыратындары туралы ойларымен бөліседі.<br>3. Жұптар ойларымен бөлісіп, жалпы топта ортаға өз ойларын салады.<br>Таңдалған жұптарды тыңдап, жетістіктері бағаланады.<br>Ұйымдастыру: барлық сыныппен, жұппен жұмыс.<br>Мақсаты: суретке қарап, әңгіме не жайында болатынын болжау. *(Оқулық: 44-45-беттер).*<br><br>**(Т)** Оқушыларды кездейсоқ «Жеребе» көмегімен біріктіру<br>3 топқа топтастыру.<br>1 топ – Құмырсқа<br>2 топ – Бүрге<br>3 топ – Адам<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Оқулық 44-45-беттер<br><br>Жеребе. Топ аттары |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқы және жауап бер**<br><br>**(МК, Ж, Т) Әбдірахман Асылбеков «Құмырсқа, Бүрге және Адам»**<br>1. Оқу үлгісін көрсету.<br>2. Оқушылар әңгімені дауыстап оқиды. Барлық оқушылар әңгімені оқып болғаннан кейін, оқу тілін зерделейді.<br>Мысалы, түсініксіз сөздерді түсіндіру .<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін қайта мәтінді шолып оқиды. Оқушыларға әрбір кейіпкердің не айтқанын нақты есте сақтай отырып оқу ескертіледі.<br>Тапсырманы орындау реті: әр топ орындап, ортада қорғайды.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардың қабілетін әңгімені дауыстап оқығанда ескеріңіз. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(МК, Ж)**<br>1. Оқушылар мәтіннің белгіленген тұстары бойынша сұрақ | Оқулық: 44-45-беттер<br><br>Оқулық: 44-45-беттер |

| | | |
|---|---|---|
| | құрастырады.<br>2. Алдымен олар жұптарымен ойларын бөліседі, қандай сұрақтар қоюға болатынын ақылдасады және үлгіде көрсетілген сұрақтар бойынша түсіндіреді.<br>3. Одан кейін жұптар кезекпен сұрақ қойып, сұрақтарға жауап береді. Жұптарды тыңдап, жетістіктері бағаланады.<br>**Саралау**. Қабілеті төмен оқушылар сұрақ құрастыруға қатысады. Мәтінде белгіленген сөйлемдерді оқиды.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**4-тапсырма Құрастырайық**<br>**(МК, Т)**<br>1. Мәтіндерді бөліктерге бөледі.<br>2. Әр бөлікке ат қойып, жоспар құрады.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Кейбір топ оқушыларына тапсырманы орындауға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі бойынша бағаланады.<br><br>**5-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, Т)** Топ оқушыларына құрастырған жоспарлары бойынша мысалды мазмұндайтынын алдын ала ескертіледі. Мысалдың мазмұнын **«Карусель» әдісі** бойынша топта бір-біріне айтады. Топ оқушылары жоспар бойынша кезекпен-кезек мазмұндайды.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушыларға көмектеседі.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі бойынша бағаланады.<br><br>**6-тапсырма Көрсетейік**<br>**(МК, Т)** Оқушыларға мәтінін мазмұнын еске түсіреді. Өзіңе ұнаған кейіпкердің рөлін таңдап алады және сахналық қойылымға қатысады.<br>**(Б)** Топтар өзара бір-бірінің жұмыстарын бағалайды. Бағалау «Бас бармақ» әдісі арқылы жүргізіледі.<br><br>**7-тапсырма Жазайық** (дәптермен жұмыс)<br>**(МК, Ұ, Ө)** Жұмыс дәптері: 17-бет<br>**«Ойлан, тап!» айдары бойынша жұмыс:**<br>Жұмбақты шешіп, жауабына сөйлем құрастыру таспымасы беріледі.<br>Жазған жұмыстарын ортада тыңдау. | Оқулық: 44-45-беттер, ватман қағазы, маркер.<br><br>Оқулық: 44-45-беттер<br><br>Оқулық: 44-45-беттер, қойылымға қажетті бетперделер<br><br>Жұмыс дәптері: 17-бет |

| | | |
|---|---|---|
| **Қорытынды бөлім** | **Рефлексия «Пайымдау сұрақтары» әдісі**:<br>Сабақ соңында мұғалім оқушыларды ой-толғаныс жасауға итермелейтін сұрақтар қояды: Сабақта не маңызды болды, не қызық болды, жаңадан не білдіңдер, не үйрендіңдер т.с.с. Бір сұраққа бірнеше оқушы жауап беруі мүмкін.<br>Оқушыларға тапсырманы таңдау мүмкіндігін беріледі. Мысал әңгімені еске түсіріп, оған бір оқиға қосып жазу ұсынылады. | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br><br>Оқушылардың бірін-бірі бағалауы, бас бармақ, бағдаршам.<br>Дескриптор:<br>-мәтін бойынша ашық сұрақтар құрастырады;<br>-әңгіменің мазмұнын жүйелі баяндайды,<br>-сөздерді мағынасына сәйкес дұрыс қоланады. | Өзін-өзі тану, қауыпсіздік ережесін сақтау |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| |
|---|
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | | №4 Ғылым таппай мақтанба А.Құнанбаев | |
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп,рөлге бөлі,**мәнерлеп**,теріп оқу;<br>3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау. | | |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>• өлеңді түсініп оқиды.<br>**Көптеген оқушылар:**<br>• өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• өлеңнің негізгі ойын анықтайды.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>• өлеңнің негізгі ойын өз дәлелдерін келтіріп, қорытындылайды. | | |
| **Бағалау критерийлері** | • өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>• өлеңнің тақырыбын анықтайды және негізгі ойды білдіріп тұрған бөлігін немесе сөйлемді анықтайды. | | |
| **Тірек сөздер** | **Пәндік терминология мен тірек сөздер:**<br>қанағат, рақым, бекер мал шашпақ.<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Өлеңде автор бізге не айтқысы келді?<br>Жақсы адам болу үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіру керек деп ойлайсың? | | |
| **Құндылықтар** | Білім алуға, ашықтыққа, еңбек етуге, адамгершілік құндылықтарды бағалауды насихаттау | | |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Өлеңнің жанрлық ерекшелігін, өлең ұйқасқа құрылатынын біледі. | | |
| **Сабақ барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Дереккөздер** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Ұ, Ж)** Оқушылардың назарына сурет ұсынылады.<br>«Атасы мен немересі алысқа қарап, не ойлап тұр?» деген сұрақ қояды. Сұрақты оқушылар жұпта талқылайды. Белгілі уақыттан кейін топта талқыланып, ортақ шешім шығарады.<br>**(Т)** Оқушыларды төрт түрлі әріп қиындылары арқылы төрт топқа бөлінеді.<br>4 топқа топтастыру.<br>1 топ – қанағат<br>2 топ – рақым<br>3 топ – еңбек<br>4 топ – талап<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Экранда сурет Оқулықтың 46-беті<br><br>Қ, Р, Е, Т әріптері |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ұ, ОТ)**<br>1. Жақсы оқудың үлгісі ретінде оқушыларға дауыстап, мәнерлеп оқып беріңіз.<br>2. Содан кейін «Өлеңді мәнерлеп оқы. Бес асыл іске және бес дұшпанға не жататынын білесің бе?» деп өлеңді оқу тапсырылады.<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін өлеңді қайта шолу тапсырылады. Түсініксіз сөздердің мағынасы түсіндіріледі.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Өлеңді мәнерлеп оқуда оқушылардың қабілеті ескеріледі.<br>**(Б)** «Қол шапалақтау» арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ж, ОТ, Т )** Өлеңді оқушылар алдымен жеке, сонан соң тізбектеп оқиды. Сұрақтар қойылады.<br>- Өлеңде автор бізге не айтқысы келді?<br>- Ақын жаман қылықтарды неліктен дұшпан деп есептейді?<br>- Жақсы адам болу үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіру керек деп ойлайсың?<br>- Білім, ғылым дегенді қалай түсінесің?<br>- Жанбай жатып сөну деген нені білдіреді?<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Тапсырманы топпен орындау кезінде бір-бірінің ойын тыңдап, бір-біріне көмектесу қажет. Тапсырма орындау кезінде қабілеті төмен оқушыларға тірек сөздер беруге болады.<br>**(Б)** Топ оқушылары өзара бірін - бірібағалайды.<br><br>**4-тапсырма Салыстырайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(Ө, Ж)** Берілген сөздерді екіге бөліп, топтап жаз. *Мақтаншақ,* | Оқулықтың 46-47-беттер<br><br>.<br><br>«Бағдаршам» түстері |

| | | |
|---|---|---|
| | *ақылды, өтірікші, талапты, бекер мал шашпақ, өсекші, қанағатшыл, еңбекқор.*<br>Бес дұшпан:<br>Бес асыл іс:<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**5-тапсырма Ойланайық**<br>Оқушылар өзара жұптасып, мақалдың жалғасын тауып, мағынасын түсіндіреді. Олардың қайсысы өлеңнің негізгі ойына сәйкес келетінін табады және ойларын дәлелдейді.<br><br><br>Мақал- мәтілді толықтыру, мағынасын түсіндіру<br>Оқусыз (білім) жоқ,<br>Білімсіз (күнің) жоқ.<br>Жазған жұмыстарын ортада тыңдалады. | Жұмыс дәптері, 3-сынып<br><br>Парақшалар-да жазылған мақалдар бөліктері |
| **Қорытынды бөлім** | **«Шеңбердегі доп» әдісі**<br>Оқушылар шеңберлене отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады. Доп алған оқушы сабақ туралы ойын бір сөйлеммен айтады. | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br><br>Топтардың өзара бірін-бірі бағалауы, қол шапалақтау, бағдаршам.<br>Дескриптор:<br>-өлеңді мәнерлеп, қатесіз оқиды;<br>-өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>-өлеңнің негізгі ойын анықтайды. | Өзін өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән: Әдебиеттік оқу**<br>**Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№5 Абай мен Әбіш** (ел аузынан) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау;<br>3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • мәтінді рөлге бөліп, дауыстап оқиды;<br>• әңгімедегі кейіпкерлерді анықтай алады. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • тақырыпты және негізгі ойды анқтай алады;<br>• сұрақтар құрастырады, жауап бере алады. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • ақ пен қараны салыстыра алады;<br>• әңгімеге қатысты түрлі мысалдар келтіре алады; |
| **Бағалау критерийлері** | • тақырыпты және негізгі ойды анықтайды;<br>• әңгімені рөлге бөліп оқиды. |
| **Тірек сөздер** | ақыл, қайрат, білім, асыл<br>**Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Әбіштің соңғы пікірімен сен келісесің бе? Неліктен? |
| **Құндылықтар** | Ақылды, шыншыл болу |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Мәтінді түсініп оқиды, сұрақтар құрастыра алады, негізгі ойын таба алады. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | https://www.youtube.com/watch?v=m5jrxKQSsFwАбай әнін тыңдау. Оқушылардың ән туралы ойларын білу.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ұ, Ө, ОТ) оқулық 48-49-беттер** | Оқулық: |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушыларға «Абай мен Әбіш» әңгімесін өз бетінше оқи отырып, әңгімедегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді және таныс емес сөздер мен өзі үшін тосын жайттарды анықтап, белгі қоя отырып, оқу тапсырылады. Мәтінді оқып, кейіпкерлердің сөзін анықтауға уақыт беріледі.<br>Әңгімені рөлге бөліп, дауыстап оқиды.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі.<br>**(Б)** Оқушылар өзін-өзі бағалайды.<br><br>**2-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ж,Т)**<br>- Наушабай Абайдан нені айтып беруін өтінеді?<br>- Абай Әбішке қандай сұрақ қояды?<br>- Абай неліктен Әбіштің сөзіне келіспеді деп ойлайсың?<br>- Әбіштің пікірімен келісесің бе? Неліктен?<br>Алдымен оқушыларға жұпта ойларымен бөлісіп, сұрақтардың жауабы туралы ойлауына уақыт беріледі. «Кездейсоқ таңдау» әдісі арқылы жауаптар тыңдалады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар сұрақтарға өз түсінгендері бойынша жауап береді. Қабілеті жоғары оқушылар әңгімеден мысал келтіріп, баға беріп жауап береді.<br>**(Б)** «Қол шапалақтау» әдісі бойынша бағалау.<br><br>**Сен білесің бе?**<br>Оқушылар кітапта берілген Абай Құнанбаев туралы ақпаратты оқып, ой бөліседі. Өздері білетін ақпаратпен толықтыруларына болады.<br><br>**3-тапсырма Табайық**<br>**(МК, Ө)** Оқушыларға мәтіннің соңғы бөлігінен негізгі ойды білдіретін сөйлемді табуға тапсырма беріледі. Сөйлемнің негізгі ой екенін дәлелдейді.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар қисынсыз дәлелдер келтіруі мүмкін. Ешқандай сынау болмайтынын, барлық пікірлер қабылданатынын басқа оқушыларға ескертіңіз.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**4-тапсырма Анықтайық**<br>**(МК, Ж) «Қара асыл ма, ақ асыл ма?»** деген сұрақтың мағынасын анықта. Ақты немесе қараны асыл деп дәлелдейтін бір мысал келтір» деген тапсырманы орындау үшін оқушылар жұпта талқылайды. Өз ойларын дәлелдеу үшін бір-бір мысал келтіріп, топта айтады. Топтағы ең үздік жауапты таңдап алып, сыныпта ортаға салады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. | 48-49-беттер<br><br><br><br><br>түрлі-түсті қарындаш-тар, А4 қағаз |

| | | |
|---|---|---|
| | **(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады. | |
| **Қорытынды бөлім** | **«Бағдаршам»**<br>Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:<br>Жасыл түс – сабақтан жаңа идеялар байқадым.<br>Сары түс – жаңа сабаққа көңілім толды.<br>Қызыл түс – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br><br>Топтардың бірін-бірі бағалауы, бас бармақ, қол шапалақтау.<br>Дескриптор:<br>-мәтінді рөлге бөліп оқу;<br>-мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;<br>-әңгімеден негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды. | Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№6 Нағыз адам (В.Сухомлинский)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">3.2.6.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау.<br>3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау;<br>3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• сурет бойынша оқиғаны анықтай алады;<br>• кейіпкерлердің іс-әрекетіне сүйеніп, сюжеттің дамуын болжай алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады;<br>• кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкер іс-әрекетінен қорытынды шығара алады;<br>• өз ойын мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеруін бағалауды үйренеді.<br>• сюжеттің дамуын болжайды;<br>• жазған жұмыстарды тексереді, қателерін түзетеді.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">құдық, шелек, шөлін қандыру<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Нағыз адамның қандай әрекеті саған ұнады?<br>Егер сен осындай жағдайға тап болсаң, не істер едің?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Адами құндылықтарды бағалау, қайырымдылықты насихаттау</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">Кейіпкерлерді сипаттап, іс-әрекетіне баға бере алады, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастарады.</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөз дер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Анықтайық**<br>**(МК, Ж, Т)** оқулықтың: 50-51-беттер.<br>«Суреттегі оқиғадан соң не болуы мүмкін?» деген сұрақтар арқылы оқушыны әңгімеде баяндалатын оқиғаға болжау жасайды. Алдымен олар жұпта, сосын топта ойларын бөлісіп, өз пікірлерін ортаға салады. Топтарға сурет таратылады. Сурет бойынша ойларын жазу тапсырылады.<br>**(Т)** Оқушылар **«Санақ жүргіз» әдісі** бойынша 3 топқа бірігеді.<br>1 топ – Өзімшіл<br>2 топ – Қызғаншақ<br>3 топ – Мейірімді<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | «Топтасты-ру» сызбасы, 50-беттегі суреттің үлкейтілген нұсқасы. |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ұ, Ж, ОТ)** В.Сухомлинский «Нағыз адам»<br>1. Жақсы оқудың үлгісі ретінде мәтін үзіндісі оқушыларға дауыстап оқып беріледі.<br>2. Содан кейін бірінші адамның қандай екенін және оның не істегенін анықтау үшін әңгіменің бірінші бөлімін өз бетінше оқу тапсырылады. Барлық оқушылар әңгіменің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, оқу тілін зерделей алуға жұмыс жүргізіліп, түсініксіз сөздер түсіндіріледі.<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін қайта мәтінді шолуды тапсырылады. Оқушыларға әрбір кейіпкердің не айтқанын нақты есте сақтай отырып оқу ескертіледі. Себебі ол келесі тапсырманы ашуға қажет болатынын айтыңыз.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар төрт кейіпкерге де мінездеме беріп, әрқасысының 3-4 сипатынашуы мүмкін.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)** Оқушыларға сұрақтар қойылады және оған жауап беруі ескертіледі.<br>- Атасы мен немересі қандай жағдайға тап болды?<br>- Неліктен атасы бірінші және екінші адамды «адам» деп санамады?<br>- Нағыз адамның қандай әрекеті саған ұнады?<br>- Егер сен осындай жағдайға тап болсаң, не істер едің?<br>Алдымен оқушылар топта ойларымен бөлісіп, талқылайды.<br>Топтар өз болжамдарын ортаға салып, ой бөліседі.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардан әңгіменің мазмұны сұралады. | Оқулық: 50-51-беттер.<br><br>Оқулық: 50-51-беттер, түрлі-түсті қарындаш-тар, А4 қағаз парақтар |

<table>
<tr><td></td><td>(Б) Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>4- тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)<br>(МК, Ө) Тірек сөздерді қолдана отырып, нағыз адамға алғыс білдіріп, хат жаз деген тапсырма беріледі. Алдымен олар жұптарымен ойларын бөлісіп, талқылау жүргізеді. Хатқа не жазатыны туралы ой бөліседі. Оқушылар өз бетінше хатты дәптеріне жазады. Жазған жұмыстарын сыныптастарына оқиды, қатесін тексереді. Жұмысты тексеру «Ыстық орындық» әдісі арқылы жүргізіледі. Әр топтан қалауы бойынша шығып, ортаға қойылған орындыққа отырады. Өзі жазған хатты оқиды. Басқа оқушылар мұқият тыңдауын қадағаланады.<br>(Б) «Екі жұлдыз, бір тілек»әдісі бойынша жүргізіледі.</td><td>түрлі-түсті қарындаш-тар, А4 қағаз парақтар, жұмыс дәптері</td></tr>
<tr><td>Қорытынды бөлім</td><td>«Бір ауыз сөз» әдісі<br>Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздерді жазуға болады (оларды тақтаға алдын-ала жазып қойған дұрыс): ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым т.б.</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr><td>Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі.</td><td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br><br>Бірін-бірі бағалау, «Екі жұлдыз бір тілек», бас бармақ.<br>Дескриптор:<br>- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себебін анықтайды;<br>- кейіпкердің іс-әрекеті туралы өз ойын айтады;<br>- кейіпкерлерге мінездеме береді;<br>- мәтіндегі оқиғаларды ретімен айтады және жалғастырады;<br>- орфографиялық, пунктуациялық қателерді табады және түзетеді.</td><td>Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№ 7 Еңбекпен тапқан тиын (грузин ертегісі)</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="3">3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау;<br>3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>• ертегіні дауыстап оқиды;</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай алады;<br>• сұраққа жауап береді, көркем сөздерді таба алады, өз ойымен бөліседі.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• ертегіден көркем сөздерді анықтай алады;<br>• бейнелі сөздерді қолданып, ойын жеткізеді.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• кейіпкердің портретін сипаттап, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен табады;<br>• шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">барды ұқсату, табыс табу, сырқат.<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Әңгіме соңында әкесі баласының тапқан ақшасы өзінікі екенін қалай білді?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Еңбекті сүю, адал нан табу</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">кейіпкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқына сипаттама беріп, бағалайды, көркем сөздерді біледі.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td>Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөз дер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ұ, Ө)** Оқулықтың 52-53-беттері.<br>1. «Мәтін не туралы екенін білгің келсе, оқып шығыңдар» деп мәтінді өз бетінше оқу тапсырылады.<br>2. Суретке қарап, оның мәтінмен қандай байланысы бар екені сұралады.<br>3. Мәтінді оқып шығуға уақыт беріледі.<br>4. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін ой елегінен өткізу үшін ертегіні қайта шолу тапсырылады.<br>**Саралау:** Қабілеті төмен оқушылар өлеңді оқып шығады. Оқу барысында қабілетін ескеріңіз. Ертегіні ұзақ оқығандықтан, қайта шолуға, ой елегінен өткізуге үлгермеуі мүмкін.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | сурет |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(МК, Т, Ж, ОТ)** Оқулықтың 52-53-беттері.<br>**«Ойлан-жұптас-бөліс»** әдісімен жүргізу.<br>Оқушыларға сұрақтар қойылады.<br>- Анасы баласына неге ақша берді?<br>- Баланың әкесі қандай адам деп ойлайсың?<br>- Әкесі неліктен баласына мұра қалдырғысы келмеді?<br>- Неліктен әкесі баласының әкелген ақшасын отқа лақтырды?<br>1. Балаға және оның әкесі мен шешесіне көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, мінездеме бер. Әкесінің ісіне өз көзқарасыңды білдір деген тапсырма беріледі.<br>2. Алдымен оқушылардың жеке ойлануына уақыт беріледі.<br>3. Жұптасып өздерінің ойымен кезектесіп бөліседі.<br>4. «Автор орындығы» әдісі бойынша оқушылар ортаға шығып, өз ойын айтады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар жұпта өз ойын ортаға сала алады.<br>**(Б)** «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Анықтайық**<br>**(МК, Ж)**<br><br>Басты кейіпкерлер / Мінез-құлқы / Іс-әрекеті<br>Баласы /   /  <br>Анасы /   /  <br>Әкесі /   /  <br><br>Оқушыларға оқулықтағы берілген ақпараттарды дұрыс қолдануы ескертіледі. Алдымен оқулықта берілген кестені дәптерге сызып, оны толтырады. Жазғандарын жұпта тексереді.<br>**Саралау.** Тапсырма оқушылардың қабілетіне қарай беріледі. Қабілеті төмен оқушылар 3-4 сөз айтуы мүмкін.<br>**(Б)** смайлик бойынша бағаланады.<br><br>**4-тапсырма Ойымызбен бөлісейік**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)** Оқушыларға сұрақтарды қойып, ой бөлісу | Оқулықтың 52-53-беттері<br><br>Оқулықтың 52-53-беттері<br><br>кесте |

Embedded table (3-тапсырма):

| Басты кейіпкерлер | Мінез-құлқы | Іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Баласы | | |
| Анасы | | |
| Әкесі | | |

| | | |
|---|---|---|
| | сұралады.<br>1. Күнделікті отбасына қажетті азық-түлікті алу үшін қанша ақша жұмсалады?<br>2. Ай сайын автобуспен жүруге қанша ақша жұмсайсың?<br>3. Ата-анаң берген ақшаны қалай үнемдеуге болады?<br>Оқушылар сұраққа «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы талқылап, пікір алмасады. Өз ойын білдіруде кестені қолдануға болатынын алдын ала ескертіледі.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушылар өз пікіріне дәлел келтіре алмауы мүмкін, өзгелерді тыңдауға мүмкіндік беріледі.<br>**(Б)** Оқушылар өзін-өзі бағалайды.<br><br>**5-тапсырма Көрсетейік**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)** Ертегіні рөлде ойнап көрсетуге тапсырма беріледі. Көрініс көрсету үшін **«Тізбектей жазу» әдісі арқылы** әр топтағы оқушылар ертегіні бөліктерге бөліп, көрініс көрсетуге сценарий жазады. Сосын бір-біріне оқып, ортақ бір қағазға ойларын жазып, сыныпқа оқиды. Содан кейін топтағы оқушылар өздері жазған сценарийді қайта қайталап, еске түсіреді. Рөлдерді бөліп алып, дайындалады. Бір-бірлерін тыңдап, ынтымақтастықта жұмыс істейді. Барлық топ дайын болғанда ертегі желісі бойынша рет-ретімен кезек-кезек көрініс көрсетеді.<br>**(Б)** «Шапалақ» әдісімен қолпаштап, бағалап отырады.<br><br>**6-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, Ұ, Ө, Ж)**<br>Оқушыларға берілген көркем-бейнелі сөздерді қатыстырып, ертегінің мазмұнын қысқартып айту тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырманы топта орындайды. Топта оқушылар жеке қағаз қиындыларына сөздерді жазып, бүктеп ортаға тастайды. Сосын әрқайсысы бір қағазды алады. Осы қағаз ішінен шыққан сөзге сөйлем құрайды. Осылайша ертегінің қысқаша мазмұнын құрады.<br>Мысалы: ***сырқаты күшейген қарт, тірнектеп жинаған мүлкін, ымырт жабылғанға дейін, өз еңбегімен тапқан тиын, жалыны бет күйдіретін шоқ, барды ұқсата білу.***<br>***Саралау.*** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Смайликтер» арқылы бағаланады.<br>**Қосымша тапсырма**<br>«Еңбектің пайдасы» тақырыбында сурет салып, кітапша әзірлеу тапсырмасын беруге немесе мәтіннен көркем-бейнелі сөздерді қолданып, мазмұнын айтқызуға болады. | қағаз қиындыла-ры |
| **Қорытынды бөлім** | **«Шеринг» әдісі**<br>Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтайды, пікір алмасады. Барлығы шеңберде тұрады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. | |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| Саралау | Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Өзін-өзі бағалау, смайликтер арқылы, қол шапалақтау арқылы бағалау.<br>Дескриптор:<br>- кейіпкерлердің мінез-құлқының өзгеру себебін таныктайды;<br>- кейіпкерлерге мінездеме береді;<br>- мәтіннен көркем бейнелі сөздерді табады. | Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | № 8 Патша мен жер қазушы (литван ертегісі) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді табу. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • ертегіні түсініп оқиды, сұрақтарға жауап бере алады; |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • ертегі мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады;<br>• ертегінің негізгі ойын анықтайды. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • ертегіге бір оқиға қосып мазмұндай алады;<br>• негізгі ойды мақалмен қорытындылайды, өз ойын дәлелмен жеткізеді. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қояды және жауап береді;<br>• ертегінің негізгі ойын анықтай алады. |
| **Тірек сөздер** | тақсыр, жер қазушы, табыс табу.<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Оқыған шығармаң ертегінің қай түріне жатады? Ойыңды дәлелде. |
| **Құндылықтар** | Адамгершілік құндылықтарды насихаттау, еңбекті сүюге және оны құрметтеуге, ашықтыққа, өмір бойы білім алуды насихаттау |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | суретке қарап тақырыпты болжайды, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады. |

| **Сабақ барысы** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Дереккөз дер** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Т, Ж)** Оқулықтың 56-57-беттер. **«Суреттер сөйлейді»** әдісін қолдана отырып, «Суреттегі кейіпкерлер не жайында сөйлесуі мүмкін?» деген сұрақ қойылады. Оқушылар өз ойларын жеке, топта айтады.<br><br>**(Т)** Оқушылар 4 түрлі сурет арқылы 4 топқа бірігеді.<br>1 топ – Ата<br>2 топ – Әже<br>3 топ – Әке<br>4 топ – Ана<br>Оқушыларды отбасы мүшелерінің (атасы, әжесі, әкесі, анасы, ағасы, қарындасы) суреттері арқылы топтастыруға болады. Суреттер төңкеріліп жатқандықтан оқушылар өздері таңдап алған суреттері бойынша өз тобына отырады.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Т, Ж, ОТ) Оқулықтың 56-57-беттері.**<br>1. Ертегіні оқушылар алдымен жеке, сонан соң тізбектеп оқиды.<br>2. Ертегі оқылып болған соң, интерактивті тақтадағы **«Өзіңе жақын жанды таңда»** ойыны арқылы отбасы мүшелерін таңдап, әр топ сұрақтар құрастырады. Сұрақтарды топта талқылап, ойларымен бөліседі және сұрақтарға жауап береді.<br>**Саралау мүмкіндіктері.** Қабілеті төмен оқушыларға қай рөлді оқу керек екенін алдын ала таныстырылады. Оқып дайындалуына қосымша уақыт беріледі. Оқу барысында қабілетін ескеріліп, қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** Әр топтың жауабын «Бағдаршам» арқылы бағалауға болады.<br><br>**3-тапсырма Ойланайық**<br>**(МК, Т, Ж)** Бұл тапсырманы **«Қос шеңбер» әдісі** бойынша әдеби көркем сөздерді қолданып ертегі бойынша үш сұрақ құрастырады. Оқушылар алдымен үш сұрақты ішкі шеңберге жазады, ал жауапты сыртқы шеңберге жазады. Оқушылар сабақта оқыған шығарманың ертегінің қай түріне жататынын анықтап, **«Сен білесің бе?»** айдарындағы алған білімін қолдану үшін жұпта жұмыс жасайды. Жұпта дұрысын анықтап, топта ортаға салып, оның негізіне дәлелдемелер келтіреді. Топта талқылап, ең үздік екі сұрақты таңдап алып, сынып оқушыларына қояды және талқылайды.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**4-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, ОТ, Т)** Оқушыларға ертегіге сүйеніп, бір оқиға қосып айту тапсырмасы беріледі. Оқушылар берілген тапсырманы орындау үшін алдымен ертегіге қайта шолу жасап, мазмұндау жоспарын құрып алады. Сонан соң топта бір-біріне оқып, таныстырады. Тапсырманы орындап болған соң, әр оқушы жұпта жоспары бойынша ертегіні мазмұндап айтады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Топта тапсырманы бірлесіп орындайды.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады**.**<br><br>**5-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(МК, Ұ, Ө)** Оқушыларға «Болашақта тапқан табысыңды қайда жұмсар едің?» деген сұрақ қойылады. Оқушылар өз ойларымен бөліскеннен кейін, тапқан табысты жұмбақтап жазады. Жазған жұмысты сыныптастарыңа оқып беру тапсырылады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушылар ертегінің мазмұнын жазуы мүмкін. | Интерактив-ті тақтадағы **«Өзіңе жақын жанды таңда» ойыны**<br><br>оқулық |

<table>
<tr><td>Қорытынды бөлім</td><td colspan="2">«Білім ағашы» әдісі<br><br>Сабақ соңында оқушылар өз ойларын жапырақ тәріздес қағаздарға жазып, ағаш суретіне жапсырады.<br>Жапырақ түстеріне қарай мағына беруге болады.<br>Сары – түсініксіз, сұрақтарым бар<br>Жасыл – түсінікті</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td colspan="2">Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі.</td><td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Бас бармақ, бағдаршам.<br>Дескриптор:<br>- мәтін бойынша ашық сұрақтар құрастырады;<br>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтайды.</td><td>Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері</td></tr>
<tr><td colspan="3">Рефлексия<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Жалпы баға<br><br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</td></tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№ 9 Көк кептер мен құмырсқа</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;<br>3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау;<br>3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• суретке қарап шығарманы болжайды;<br>• мысалды түсініп, мәнерлеп оқи алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкердің портретін сипаттайды;<br>• кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтайды;<br>• кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалайды, өз ойын дәлелдейді.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтайды;<br>• кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалайды;<br>• мысалдан негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтайды.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">қалжыраған, ажалсыз, тұзаққа түсті, тиек.<br>Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Неге тұзаққа түскен кептерді құмырсқа құтқарып қалды?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтару</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, шығарманың жанрлық ерекшелігін біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөз дер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1-тапсырма Болжайық**<br>**(МК, Ұ, Ө)** Оқулық: 58-59-беттер. Жұмбақтар шешу арқылы сабақтың тақырыбын болжау.<br>Ине бел, қылқа мойын, қара батыр.<br>Қара тауды арқалап бара жатыр. Бұл не? **(құмырсқа)**<br>**Жұмбақ – сурет *«9 құс»*** сөзжұмбағын шешіп көрейік.<br>Үй 0 0 0 (үйрек)<br>0 0 0 0 0 шін (көгершін)<br>0 0 0 кіт (бүркіт)<br>0 0 кек (көкек)<br>Ит 0 0 0 0 (ителгі)<br>0 0 0 0 лақ (жапалақ)<br>0 0 0 торғай (бозторғай)<br>Бәбі 0 0 0 (бәбісек)<br>0 0 0 қазан (бірқазан) сонымен қатар, әрбір тамшының артында әріп жасырынған. Балалар, тамшылардың артынан қандай сөз шықты? **(Көк кептер)**<br>Оқушыларға сурет ұсынылады.<br><br>Суреттен көргені туралы түсіндіруі сұралады. Алдымен олар жұптарымен ойларын бөлісіп, таңдаған суреттері бойынша талқылау жасайды. Таңдалған жұптарды тыңдап, жетістіктері бағаланады. Оқушылардан жеке өзінің ойын әңгімелеп береді. «Кездейсоқ таңдау» үшін оқушылардың аттары жазылған таяқшалар пайдаланып, топқа біріктіріледі.<br>1-топ Құстар<br>2-топ Жәндіктер<br>Топтық жұмыс. «Топтастыру» стратегиясын қолданып, суретте көрсетілген жәндік пен құс туралы не білетіндері сұралады.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | ақ қағаздар, интербел-сенді тақта, оқулық, көк кептер мен қарлығаш суреттері, оқушылар есімдері жазылған таяқшалар |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ж, Ө)** Оқулық: 58-59-беттер**.** «Өзім үшін» стратегиясы арқылы орындалады.<br>1. «Көк кептер мен құмырсқа» мысалын түсініп оқу тапсырылады.<br>2. Оқушыларға дауыстап оқу үлгісі көрсетіледі.<br>3. Мысалды өз бетінше оқып шығуға уақыт беріледі.<br>4. Оқушыларға өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін мысалды қайта шолу тапсырылады. Қарамен берілген сөздердің мағынасы сұралады. Түсініксіз сөздер түсіндірледі.<br>5. Мәтіннің жанрлық ерекшілігіне тоқталу.<br>Мысал жанрының ерекшелігін еске түсіріледі.<br>**Саралау**. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағаланады. | Оқулық: 58-59-беттер |

| | | |
|---|---|---|
| | **2-тапсырма Сұра және жауап бер?**<br>**(МК, Ж, Т)** Мысал бойынша бірнеше сұрақтар қойылады. Неше сөзге белгі қойып оқығанын және неге сол сөзді таңдағанын сұралады. Сұрау үшін аттары жазылған таяқшалар пайдаланылады.<br>- Су ішуге келген құмырсқа қандай жағдайға душар болды?<br>- Оған кептер көмектесу үшін не істеді?<br>- Неге тұзаққа түскен кептерді құмырсқа құтқарды?<br>- Құмырсқа мен кептердің іс-әрекетін бағала.<br>- Шығарма қай жанрға жатады? Неліктен? Ойыңды дәлелде. Мәтіннің жанрлық ерекшелігіне тоқталып, мысалдың қалай жазылатынын еске түсіріледі.<br>Оқушылар жұптарымен ойларын бөлісіп, сұрақтардың жауабы туралы ойлануына уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң жұпта бірлесіп А4 парағына сурет салуларын немесе құмырсқа мен кептердің іс-әрекетін бағалайтын постер әзірлеу ұсынылады. Жұмыстарын әзірлеп болған соң, өзге жұпқа өз жұмыстарын түсіндіреді.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар сұрақтарға өз түсінгендері бойынша жауап береді. Қабілеті жоғары оқушылар өлеңнен мысал келтіріп, жауап береді.<br>**(Б)** Оқушылар өзін-өзі бағалайды.<br><br>**3-тапсырма Табайық**<br><br>**(МК, Ұ, Ө, Ж) «Менің де айтарым бар»** стратегиясы арқылы орындалады. Оқушылар өз ойларын ортаға салады**.** Мысал өлеңнің соңғы шумағынан автордың негізгі ойын табу ұсынылады. Бұл өлең жолдарынан оқушылар «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген осы! Жақсылыққа жақсылық, міне, еткен!» деген өлең жолдары автордың негізгі ойы екенін анықтауға көмектесу үшін көмекші сұрақтар қойылады. Мысалда автордың айтайын деген ойы көбінесе соңында айтылатынына назар аудартылады. Оқушылар алдымен жұпта талқылап алады да, ойларын дәлелдеу үшін «біріншіден», «екіншіден» деген сөздерді қолданып топта ортаға шығады. Топта оқушылар бір оқушыны «хатшы» етіп сайлайды, қалғандары оған ойларын айтады. Хатшы оларды қағазға түсіріп отырады.<br>**Саралау.** Қабілеті әртүрлі оқушылар топтасады. Бір-біріне көмектеседі.<br>**(Б)** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**4-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(МК, Ұ, Ж)** Оқушыларға **«Кім шешен?» деген ойын** ойналатынын айтылады да, оқулықтағы хатты оқуды тапсырады. Оқып болған соң, оқушылар Олжастың сұрағын топта талқылап, өз қорытындыларын сыныпта ортаға салады. **1 минут** уақыт аралығында үзбей сөйлеуге дайындалуы керек. Ол үшін топтағы әр оқушы 1 минутта өз пікірін дәлелдеп, тоқтамай сөйлеуі шарт. Топтағы ең үздік шешен анықталған соң, әр топтан ең үздік бір оқушы шығып, жалпы сынып алдында Олжастың сұрағына жауап береді. Соңында сынып ең үздік шешен сөйлейтін оқушыны анықтайды, қол соғып, марапаттайды. | А4 парағы, оқулық<br><br>Сөзі жазылған слайд<br><br>Хат сөз жазылған слайд, қағаз, маркер. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Саралау**. Қабілеті әртүрлі оқушылар топтасады. Бір-біріне көмектеседі.<br>**(Б)** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады. | |
| **Қорытынды бөлім** | **«Бес саусақ» әдісі**<br>1. Бас бармақ-басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?<br>2. Балалы үйрек-бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?<br>3. Ортан терек-ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>4. Шылдыр шүмек-шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>5. Кішкентай бөбек-көңіл күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім? | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар қабілеті төмен оқушылармен жұптасады, өзара көмектеседі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Қол шапалақтау, бас бармақ, «Екі жұлдыз, бір тілек».<br>Дескриптор:<br>- мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтайды;<br>- кейіпкерлердің мінез-құлқының өзгеру себебін анықтайды;<br>- кейіпкерлерге мінездеме береді;<br>- мысалдың негізгі ойын анықтайды. | Өзін -өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№ 10 Дүкенде М.Гумеров</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау;<br>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады және жауап береді;<br>• әңгіменің мазмұнын айта алады</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкерлерді сипаттайды;<br>• шығарманы логикалық бөліктерге бөле алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастыра алады;<br>• кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын сипаттайды, баға бере алад.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды;<br>• кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды;<br>• шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">тақтай қоршау, таразы табақшасы, тілазар, тілалғыш<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Сатушының Орынтайға айтқан сөзімен келісесің бе? Неліктен?<br>Әңгімеден қандай қорытынды шығарар едің?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">үлкенге құрмет, кішіге ізет, адамгершілік құндылықтарды насихаттау</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды, сұрақтар құрастыра алады, мәтінді логикалық бөліктерге бөле алады.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөз дер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **(Т) Ширату тапсырмасы**. Өзіне қажетті затты таңдау арқылы топқа біріктіру**.**<br>**І-топ – «Кеңсе тауарлары» дүкені**<br>**ІІ-топ – «Жеміс» дүкені**<br>**ІІІ-топ – «Ойыншық» дүкені**<br>**ІV-топ – «Киім» дүкені**<br>Әр топ өз атына сай рөлге еніп сатушы мен сатып алушының әрекетін көрсетеді.<br>- Дүкен қызметкері кім?<br>- Дүкен қызметкері қандай болуы керек? Сұрақтары бойынша ой бөліседі.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Қалам, алма, ойыншық, киім<br><br>Топ аттары жазылған парақша |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, ОТ, Ұ) Оқулық: 68-69-беттер**<br>1. Оқудың үлгісі оқушыларға көрсетіледі, мәтін үзіндісі дауыстап оқып беріледі.<br>2. Содан кейін әңгімені оқушылар өздері іштей оқиды. Барлық оқушылар мәтінді оқиды.<br>3. Оқып болғаннан кейін, оқу тілін зерделеуге жұмыс жүргізіледі. мысалы: түсініксіз сөздер түсіндіріледі.<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін қайта әңгімені шолу тапсырылады.<br>Мәтін бойынша сұрақтар қойылады.<br>- Әңгіме неден басталады?<br>- Неге Орынтай сатушының өтінішін орындамады?<br>- Неліктен Орынтай «рақмет» айтуға ұялды?<br>- Сатушының Орынтайға айтқан сөзімен келісесің бе? Неліктен?<br>- Ойыңды өмірмен байланыстырып дәлелде.<br>- Әңгімеден қандай қорытынды шығарар едің?<br>Оқушыларға әрбір сұраққа толық жауап беруі ескеріледі.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Бас бармақ» арқылы бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Жоспарлайық (дәптермен жұмыс)**<br><br>**(МК, ОТ, Ұ)** Тапсырманы орындау үшін оқушылардан мәтінді неше бөлікке бөлуге болатыны сұралады (жұмыс дәптеріне орындалады).<br>1. Мәтіннің басы, ортасы, соңы оқушылармен бірлесе анықталады.<br>2. Әр топқа мәтін бойынша жоспар құрастыратыны айтылады. Жоспарды жеке құрастыруға уақыт беріледі.<br>3. Топта құрастырған жоспарды талқылауға уақыт беріледі.<br>4. Әр топ өз жоспарын сыныпқа ұсынады. Сыныпта талқылап, ортақ тақырыпты шығарады.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жасалады. Кейбір топ оқушыларына тапсырманы орындауға қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «От шашу» әдісі арқылы бағаланады. | Оқулықтың: 68-69-беттер<br><br>А4 қағаздар, маркер |

| | | |
|---|---|---|
| | **3- тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, Ұ, Ө)**<br>1. Оқушылардан әңгіме мазмұны бойынша қандай сурет салуға болатыны сұралады.<br>2. Оқушылар алдын ала дайындап әкелген суреттерден бір сурет таңдайды. Таңдаған сурет бойынша әңгіме мазмұнын айтады. Кейбір оқушыларға әңгімені жоспар бойынша мазмұндатуға болады. Бір оқушы әңгімені мазмұндауды бастаса, келесі оқушы жалғастыратыны ескертіледі.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушыларға әңгіменің мазмұнын айтуда суреттер арқылы көмек беріледі, ал қабілеті жоғары оқушылар үшін мүмкіндігінше өз ойын айтуға мүмкіндік беріледі.<br><br>**4-тапсырма Бөлісейік және жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(МК, Ұ, Ө)** «5 минуттық эссе» әдісімен оқушылар Орынтайдың әрекетіне қатысты өз пікірлерін дәлелдер келтіре отырып, жазады. Оқушылар уақытпен бір сәтте бастап, 5 минутта ой-пікірлерін тиянақтап жазып үлгеруі керек. Жазған жұмыстарын ортада тыңдалады.<br>**Саралау.** Оқушылар тапсырманы қабілетіне қарай орындайды. Қабілетті оқушылар өз ойларын дәлелмен жазады.<br>**(Б)** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады. | Жұмыс дәптері: 27-бет |
| **Қорытынды бөлім** | **«Шеңбердегі доп»** шеңберге отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады. Доп қолына тиген оқушы сабақ туралы ойын бір сөйлеммен айтады. | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырма көлемі бойынша саралау жүргізіледі. Оқушылар өзара бір-біріне көмектеседі. Қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>«Екі жұлдыз, бір тілек», «От шашу», «Бас бармақ».<br>Дескриптор:<br>- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы ойын айтады;<br>- кейіпкерге мінездеме береді;<br>- мәтінді бөліктерге бөледі;<br>- жоспар құрастырады. | Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | № 11 Шегіртке мен құмысрқа И.Крылов<br>аударған: А. Құнанбаев | |
| **Оқу мақсаттары:** | 3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық,таңдауына қарай мазмұндау,сахналау;<br>3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. | |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** | |
| | • сурет бойынша шығарманың тақырыбын болжай алады;<br>• мысалды мәнерлеп, түсініп оқи алады. | |
| | **Көптеген оқушылар:** | |

| | |
|---|---|
| | • шығарманы сахналай алады;<br>• шығарма жанрын анықтайды. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді, қорытынды жасайды, өз ойын дәлелдей алады;<br>• шығарманы өз сөзімен толық мазмұндай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша өз сөзімен мазмұндайды және оны сахналап көрсетеді;<br>• шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтайды; |
| **Тірек сөздер** | сауықшыл, қайғы, аяғына бас ұру.<br>**Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:**<br>*Талқылау үшін сұрақтар:*<br>Құмырсқа мен шегіртке сияқты адамдар өмірде кездесе ме?<br>Мысалдан қандай қорытынды шығарар едің? |
| **Құндылықтар** | Еңбексүйгіштік, еңбекті бағалау, ашықтық, әділдікке баулу |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | мысалды рөлге бөліп оқиды, кейіпкерлерін сипаттап, мінездеме бере алады. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Деректөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы. (Т)** Сынып оқушылары сабақтың басында қиылған суреттерді құрастыру арқылы 2 топқа бөліп отырғызылады. Сынып оқушыларын көңіл күйге байланысты бөлуге болады. Сынып бөлмесіндегі парталар 2 топта жұмыс жасауға ыңғайлы етіп орналастырылады.<br>«Шегіртке мен құмырсқа» мультфильмі көрсетіледі.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру. | Шегіртке, құмырсқа суреті<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=2a8hpvsIKlE |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(МК, ОТ, Т, Ө)** Оқушыларға «Сурет бойынша өзің білетін және білгің келетін екі мәліметті жаз» деген тапсырма беріледі. Тапсырма топтарға ортақ беріледі. Тапсырманы оқушылар өз беттерімен орындап, ортақ тізім жасайды. Барлық оқушыларға өз ойларын жазуға мүмкіндік жасалады. Бір-бірін толықтыру ұсынылады. Жазып болған соң сыныпқа дауыстап оқиды.<br>**Саралау.** Қарқын бойынша саралау жүргізіледі. Қабілетті оқушылар тапсырманы қиналмай орындайды. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындауға қосымша уақыт берілуі ескеріледі.<br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, Ө, Ж, Т)** Өлеңді мәнерлеп оқу үлгісі көрсетіледі. Сонан соң оқушылар алдымен жеке, сонан соң топта жұбымен кезек-кезек оқиды. Өлең оқылып болған соң, шарларды таңдау арқылы әр топ шардың ішіндегі сұрақтарды алады.<br>1. Құмырсқа неге шегірткеге көмектеспеді?<br>2. Сен құмырсқа орнында болсаң, не істер едің?<br>3. Құмырсқа мен шегіртке сияқты адамдар өмірде кездесе ме?<br>4. Мысалдан қандай қорытынды шығарар едің?<br>5. Өлеңді оқи отырып, білгің келетін затты таптың ба?<br>6. Өлеңде қандай өсиет айтылады?<br>7. Өлең саған қалай әсер етті, өмірмен қалай байланыстырар едің?<br>Оқушылар сұрақтарды топта талқылап, ой бөліседі. Түсініксіз сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Оқушылардың жауабы кезек-кезек тыңдалады. Басқа топ жауапты толықтырып, ой қосуына болады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Шапалақ»әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**Сен білесің бе?**<br>Оқушылар оқулықта мысал туралы берген мәліметті оқып танысады. Өз ойларымен бөліседі. Мысал жанрының ерекшелігін тоқтала отырып, оқыған мысалдарын еске түсіреді.<br><br>**3-тапсырма Жоспарлайық**<br>Оқыған мысал өлеңнен қандай қорытынды шығарар едің? Өлеңді неше бөлікке бөлуге болады? Әр бөлікке ат қойып, жоспарла деген тапсырма беріледі.<br>1. Тапсырманы орындауға уақыт беріледі.<br>2. Құрастырған жоспарды дәптерге жазады.<br>**Саралау.** Қабілеті әртүрлі оқушылар бір топқа топтасады. Бір-біріне өзара көмектеседі.<br>**(Б)** топтардың бірін-бірі бағалауы.<br><br>**4-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(МК, Ж)** Оқушыларға «Бір күні», «себебі», «бірақ», «дегенмен», «менің ойымша» деген тірек сөздерді қолданып, құрастырған жоспар бойынша мысал өлеңнің мазмұнын айту ұсынылады. Оқушылар өз қалауымен жұп құрады. Жұпта өзара сөздерді бөліп алып, айтуға дайындалады. Дайындалуға уақыт беріледі. Тапсырманы орындаған соң, мұғалім кездейсоқ таңдаумен, | Оқулықтың **62-63-беттері**. қоржын, сұрақтар жазылған парақшалар, жұлдызша-лар<br><br>шарлар, сұрақтар жазлыған парақшалар<br><br>Оқулықтың 32-33-беттері,<br><br>А4 парағы<br><br>Қағаз, маркер |

| | | |
|---|---|---|
| | мысалы допты лақтырып, сол жұптан мысалды мазмұндап айтып беруін сұрайды.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**5-тапсырма Көрсетейік**<br>**(Т)** Оқушыларға мысалды рөлге бөліп оқу ұсынылады. Мысал кейіпкерлерінің бірін таңдап, сахналық қойылым дайындайды. Қойылымды дайындауға уақыт беріледі. Кейіпкерлердің сөйлейтін сөздерін дайындайды. Әр топ өз көріністерін сыныпқа ұсынады.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Топта тапсырманы бірлесіп орындайды. Рөлдерді қабілеттеріне қарай бөліп алып орындайды.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады. | |
| **Қорытынды бөлім** | **«Рефлексиялық шеңбер»**<br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>• Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>• Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>• Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>• Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>• Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? | |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау** | **Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік** |
|---|---|---|
| Тапсырма бойынша, уақыт бойынша, қарқын бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады. Бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Оқушылар өзара көмектеседі, бірлесе жұмыс жасайды, қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі. Уақыт бойынша тапсырманы орындауда үлгермеген оқушыға, топқа қолдау көрсетіледі, қосымша уақыт беріледі. | • Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Қол шапалақтау, бағдаршам, топтардың бірін-бірі бағалауы.<br>Дескриптор:<br>-мысалды түсініп оқиды;<br>-мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>-мысал жанрының ерекшелігін айтады;<br>-мысалды бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады;<br>-жоспар бойынша мазмұндайды. | Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері |

<table>
<tr>
<td>Рефлексия<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Жалпы баға<br><br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</td>
</tr>
</table>

Қысқа мерзімді жоспар

<table>
<tr><td colspan="2">Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">№12 Баланың айласы Ы. Алтынсарин</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары:</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• шығарманы түсініп оқиды;<br>• мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• кейіпкерлердің іс-әркетіне баға бере алады;<br>• бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап бере алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">• негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтай алады;<br>• бейнелі сөздерді қолданып, өз ойын жеткізе алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">• шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді;<br>• көркем-бейнелі сөздерді қолданып өз ойын жеткізеді, қорытынды шығара алады.</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td colspan="3">сүріну, тұтқындық, көзбен көру<br>Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Бала қандай ақыл тауып кетті? Баланың әрекетіне баға бер.<br>Баланың орнында сен болсаң ғалымға қалай көмектесер едің?</td></tr>
<tr><td>Құндылықтар</td><td colspan="3">Татулық, ізеттілікке баулу</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім</td><td colspan="3">шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді, өз ойын көркем сөздерді қолданып жеткізеді.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарлан-ған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Дереккөздер</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td colspan="2">(Т) Әр сөздің бастапқы әріптерін таңдау арқылы топқа бірігеді.<br>1-топ. Сауалнама<br>2-топ. Зерттеу<br>3-топ. Сұхбат<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру. Оқушылармен бірге бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру.</td><td>«С», «З» қима әріптер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**(МК, ОТ, Ө, Т) (Оқулықтың: 64-65 -беттер.)**<br>Оқушылар әңгімені алдымен өз беттерімен, соңынан тізбектей оқиды. Әңгімені оқып болған соң сұраққа жауап береді және мазмұндайды.<br>1. Ғалым мен жыланның түйеге жолығуы<br>2. Жеміс ағашына жолығуы<br>3. Итке жолығуы.<br>Берілген тапсырманы орындау үшін оқушыларға алдымен сұрақтарға жауап береді, әңгіменің негізгі ойын оқулықтан табу үшін уақыт беріледі. Барлық топ тапсырманы орындағаны белгілі болғанда «Сұқ саусақ» әдісі арқылы жауап беретін топты таңдауға болады. Жауап беретін топ, әңгіменің негізгі ойын айтып, топтағы оқушылар кезек-кезек дәлелдейді..<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ө, Т)** Оқушыларға сұрақтар қойылады.<br>- Неліктен жылан ғалымды шақпақшы болды?<br>- Неге түйе, жеміс ағашы, ит «жақсылыққа жамандық бар» деп айтты деп ойлайсың? Олардың пікірімен келісесің бе? Ойыңды дәлелде.<br>- Бала қандай ақыл тауып кетті? Баланың әрекетіне баға бер.<br>- Баланың орнында сен болсаң, ғалымға қалай көмектесер едің?<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Смайликтер арқылы марапатталады.<br><br>**3-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(Ж)** Оқушылар жұпта жұмыс жасайды. «Сұхбат жүргізу» ойынын ойнайды. Алдымен екі оқушы тілші ретінде мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып жазады. Содан кейін жұптағы бір оқушы тілші, екінші оқушы ғалым рөлінде болып, құрастырған сұрақтарын алма-кезек қойып, жауап береді. «Сұқ саусақ» әдісімен жұптарды ортада сөйлейді. Сұхбатты жүргізу мәдениетін алдын ала түсіндіріп, қалай басталатынын, қалай аяқталу керек екенін, оған қойылатын шарттарын айтып, түсіндіреді.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**4-тапсырма Жазайық** (дәптермен жұмыс)<br>**(Ж, Т)**<br>1. Оқушыларға ғалымның атынан балаға алғыс айтып хат жазу тапсырмасы беріледі. Жұмысты жеке орындауға уақыт беріледі.<br>2. Жазған хатты оқып шығуға және қатесін тексеріп түзететіндерін алдын алаайтылады. Жазу барысында көркем-бейнелі сөздерді қолдану ескертіледі. Әр оқушы жеке жазып, топта оқып, үздігін сыныпқа ұсынады. | Оқулықтың: 64-65-беттер, сұрақтар жазылған парақшалар<br><br>Дереккөз-дер, ғаламтор, оқулық, смайликтер<br><br>Микрофон, қағаздар, маркер. |

<table>
<tr><td></td><td>Саралау. Оқушылардың қабілетіне қарай саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Кейбір оқушыларға қолдау көрсетіледі.<br>(Б) «Галереяны шарлау» әдісі арқылы жүзеге асады.</td><td>дәптері</td></tr>
<tr><td>Қорытынды бөлім</td><td>Рефлексия «Аяқталмаған сөйлем» әдісімен<br><br>«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.<br><br>Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:<br><br>бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>бүгін сабақта қуантқаны.....<br>мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>маған ерекше ұнағаны.....<br>қызықты болғаны.....<br>......қиындық тудырды.<br>менің түсінгенім.....</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік</td></tr>
<tr><td>• Тапсырма көлемі бойынша саралау<br>• Уақыт бойынша саралау, оқушылардың қабілеті бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушыға мұғалім қолдау көрсетеді. Оқушылар өзара бір-біріне көмектеседі.</td><td>• Бақылау негізінде қолдауды қажет ететін оқушыларды белгілеу<br>Қол шапалақтау, смайликтер, бағдаршам.<br>Дескриптор:<br>- әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- кейіпкерлерінің іс-әрекетін сипаттайды;<br>- көркем сөздерді қолданып өз ойын жеткізеді;<br>- хат жазады;<br>- орфографиялық, пунктуациялық қателерін түзетеді.</td><td>Өзін-өзі тану<br>Қауіпсіздік және еңбекті<br>қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Рефлексия<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</td><td></td></tr>
</table>

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні: Әдебиеттік оқу**<br><br>**Бөлім: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып:** | **Қатысқандар саны:** | **Қатысқпаған оқушылар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **№1 Күн тәртібі** (Жолтай Әлмашев) | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау;3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. |
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар :** |
| | • әңгімедегі оқиғаның басталуын, дамуын, соңын анықтайды;<br>• мәтінді түсініп оқиды;<br>• мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • әңгімені бөліктерге бөле алады;<br>• берілген мәтін бойынша сұрақ құрастыра алады, сұраққа жауап береді;<br>• әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды. |
| | **Кейбір оқушылаар:** |
| | • әңгімені бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады;<br>• оқиға бойынша, өз пікірін білдіреді;<br>• әңгімені жалғастырып, оқиға желісін өрбітеді;<br>• әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды. |
| **Бағалау критерийлері** | • әңгімедегі оқиғаның басталуын, дамуын, соңын анықтайды;<br><br>• әңгімені бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады;<br><br>• шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтайды. |
| **Тірек сөздер** | салғырт, жалғыздық, күйзеліс |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі пәні, математика пәні. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, аудиотыңдалым. |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (басы, ортасы, соңы) біледі. Күн тәртібі туралы түсінік қалыптасқан. |
| **Сабақ барысы** | |

<table>
<tr><th>Жоспарланған уақыт</th><th>Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>
(ЖЖ) «Сәйкестендір» тестісі<br><br>
Берілген суреттердегі іс-әрекетке жұмсалатын уақытты сәйкестендіреді.<br><br>
<table>
<tr><td>Тамақтанып отырған бала</td><td></td><td>4 сағат</td></tr>
<tr><td>Сабақ үстіндегі оқушылар</td><td></td><td>8 сағат</td></tr>
<tr><td>Алаңда ойнап жүрген балалар</td><td></td><td>30 минут</td></tr>
<tr><td>Ұйқыдағы бала</td><td></td><td>90 минут</td></tr>
</table>
1-тапсырма Сөйлесейік<br>
(ТЖ) Жауаптарды топта салыстырады. Топта төменгі сұрақтар бойынша өз ойын білдіреді.<br><br>
- Ал, біз ойнауға 8 сағат жұмсасақ, сіз келісесіз бе?<br>
- Бір күн сен үшін көп уақыт па, әлде аз уақыт па?<br>
- Бір күнде қандай жұмыстарды бітіруге болады?<br>
- Күн тәртібін жасау қажет деп ойлайсың ба? Неліктен?
</td><td>Жұптарға «Сәйкестендір» тестісі</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>
2-тапсырма Оқиық<br><br>
Жолтай Әлмашев «Дәмсіз шырын»<br>
Әңгімені әртүрлі түспен белгіленген белгі бойынша оқиды.<br>
1-2 азатжол – басы,<br>
3-4 – ортасы,<br>
5-6 – соңы.<br>
Әңгімені «ЖИГСО-1» әдісі бойынша оқуды ұйымдастыру.<br><br>
Әңгімені алдын ала бес бөлікке бөлу.<br>
Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3, №4, №5 болып нөмірленеді.<br>
Әр оқушы өз бөлімін жеке оқиды.<br>
Бірдей нөмірлер бір топқа жиналып, өз бөліктерін бір-бірлеріне айтып, талдайды<br><br>
Саралау: тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Тапсырманы орындау кезінде бір-бірінің ойын тыңдап, өзара көмектеседі.<br>
(Б) Топтар бір-бірін бағалайды.
</td><td>Оқулық 2-бөлім<br><br>Номерленген кәртішкелер немесе белгі<br><br>Себеттер,</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(ТЖ) «Жаңғақ» ойыны.**<br>Әрбір топ басшысы себеттен жаңғақ таңдап алады. Жаңғақтың ішінде мәтінге сәйкес сұрақ болады. Топ болып, сол сұрақты талдайды және жауап береді.<br>1. Досалы неге сабақтан көңілсіз қайтты?<br>2. Сабақ үстінде ол өзін қалай сезінді?<br>3. Әңгімені оқып отырып, сенде қандай сезім пайда болды?<br>4. Анасы Досалыға қандай кеңес берді?<br>**(Ж,Т)** Досалының іс-әрекетіне қатысты бірнеше сұрақ құрастырады. Құрастырған сұрақтарды жаңғақ ішіне салады. Сағат тілінің бағыты бойынша құрсатырған сұрақтарды бір-біріне береді, шағын топта талқылайды.<br>Соңында сынып ішінде ең жақсы құрастырылған сұрақты анықтайды.<br>**Саралау**. Қабілеті төмен оқушы сұраққа жауапты мәтіннен тапса, қабілеті жоғары оқушылар өз пікірін білдіре отырып, өмірден мысалдар келтіре алады.<br>(Б) **«Бағдаршам»** әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**«Күн мен түн» ойыны.**<br>Күн тәртібіміздегі іс-әрекеттердің мезгілін анықтау. Мен сіздерге суреттер көрсетемін күндізге қатысты сурет болса, орнымыздан тұрамыз. Кешке қатысты болса, орнымызда отырамыз.<br><br>**4-тапсырма Анықтайық**<br><br>**(ЖЖ)** Суреттерге мұқият назар аудару.<br><br>1) Суреттің мазмұнына сәйкес келетін әңгіме үзіндісін тауып оқы.<br>2) Әңгімедегі оқиғаның ретін басын, ортасын, соңын анықтап, оны оқиға желісі (сюжеті) бойынша орналастыр.<br>3) Әрбір суретке ат қойып, жоспар құрастыр.<br>**(ҚБ)** дескриптор бойынша бағалау<br>- мәтінді құрылымдық бөліктерге бөледі;<br>- мәтіннің әр бөлігіне ат қояды. | жаңғақтар ішіне жасырылған сұрақтар.<br><br>Бағдаршам түсіне сәйкес қолжетімді ресурстар<br><br>Сюжетті суреттер<br><br>Таратпа материалдар |

| | | |
|---|---|---|
| | **5-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(Ж,Т)** «Күн тәртібінің пайдасы» деген тақырыпта оқыған әңгімені өз ойыңмен жалғастырып жаз. Әңгімеңде тірек сөздерді қолданып, Досалының өміріндегі өзгерісті баянда.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады. | Жұмыс дәптері |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия «Ақылды үкі» әдісі**<br>  <br>Бүгінгі сабақта өзім үшін алдым...    Әлі де білгім келеді...    Мен түсіне алмадым....<br>Стикерге жазып, орналастыру. | Стикерлер |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Оқушыларға тақырыпқа сәйкес жетелеуші сұрақтар қойылады. Қабілеті төмен оқушылар сұраққа жауапты мәтіннен тапса, қабілеті жоғары оқушылар өз пікірін білдіре отырып, өмірден мысалдар келтіре алады. | «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек»<br>Дескриптор:<br>- мәтінді құрылымдық бөліктерге бөледі;<br>- мәтіннің әр бөлігіне ат қояды. | Сергіту сәті.<br>«Күн мен түн» ойыны. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді? | |

| | |
|---|---|
| Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні: Әдебиеттік оқу**<br><br>**Бөлім: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспаған оқушылар:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№2 Дәмсіз шырын** (Серік Үсенұлы) | |
| **Оқу мақсатары:** | 3.2.6.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау;<br>3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу;<br>3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді,нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану. | |
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** | |
| | • кейіпкерлердің іс-әрекетіне қарай мінез-құлқын сипаттайды;<br>• әңгімеде ерекшеленіп берілген тұрақты сөз тіркестерін тауып оқиды;<br>• сөйлеу кезінде ым-ишараны түсінеді. | |
| | **Көптеген оқушылар:** | |
| | • кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін атайды;<br>• әңгімеде берілген тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіре алады;<br>• сөйлеу кезінде ым-ишараны қолдана алады. | |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіреді;<br>• әңгімені мазмұндауда тұрақты сөз тіркестерін қолдана алады;<br>• шырын әзірлеудің мәзірін ым-ишара, қимылмен көрсетіп береді. |
| **Бағалау критерийлері** | ● кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінез құлқының өзгеру себептерін тауып, бағалайды;<br>● сөйлеу кезінде ым-ишараны қолданады;<br>● мұғалім көмегімен әңгімеден әдеби көркемдегіш құралдарды табады. |
| **Тірек сөздер** | арқасын кеңге салу, көзді ашып-жұмғанша, жерден жеті қоян тапқандай |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниетану, қазақ тілі |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, шырын дайындау үдерісін көрсететін 2-4 минуттық бейнефильм |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Кейіпкерлердің іс-әрекетіне мінездеме бере алады. Жеміс-жидектің пайдасын, шырынның түрлерін біледі. |
| **Сабақ барысы** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату. «Бірге-бір» ойыны**<br><br>Бір қатысушы таңдалады. Қатысушының жоғары жағына көрсетілмей, бір жемістің атауы жасырылады. Жасырылған сөзді табу үшін оқушылар жемісті сипаттау арқылы бағыт-бағдар береді.<br>Мысалы: ол – домалақ, дәмі – тәтті, қызыл, жасыл, сары түстері болады, т,б. Алма, алмұрт, өрік, шабдалы.<br>Жеміс-жидектердің пайдасы және олардан шырын жасалатыны туралы айтылады.<br>**1-тапсырма Анықтайық**.<br>● Сурет бойынша қандай екі мәлімет білесің?<br>● Сурет жайында тағы қандай екі мәлімет білгің келеді?<br><br>Сабақ тақырыбы мен мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийімен таныстыру немесе бірлесе құрастыру. | Бірге-бір ойынына қатысушы бетін жабатындай смайлик<br><br>және алма, алмұрт, шабдалы, өрік сөздері жазылған парақшалар. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **«Бірге-бір» айдарында анықталған жемістер бойынша топқа бөліну.**<br><br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br><br>**Серік Үсенұлы «Дәмсіз шырын»**<br><br>**(ТЖ)** Әңгімені **«Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою»** тәсілін қолданып, әңгімені оқуды ұйымдастыру.<br>Мәтіннің бірінші бөлімін оқиды. Оқып болғаннан кейін Алма тобындағы оқушылар Алмұрт тобындағы оқушыларға, ал Өрік тобындағы оқушылар Шабдалы тобына сұрақтар қояды.<br>Оқушылар мәтіннің екінші бөлімін оқиды. (ке- лесі үш азатжол) Оқып болғаннан кейін олар кері тәртіппен сұрақтар қояды. Алмұрт – Алмаға, Шабдалы – Өрікке.<br>Оқушылар мәтіннің үшінші бөлімін оқиды (соңғы үш азатжол). Оқып болғаннан кейін олар бір-біріне жұптасып сұрақтар қояды. Алмұрт пен Алма тобы, Шабдалы мен Өрік тобына және керісінше осылай жалғасады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушылардың бірін-бірі бағалайды.<br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ж, Т)** Оқушыларға мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойылады.<br>1. Тауға бармақшы болған балалар қандай келісім жасады?<br>2. «Уақыт мұндай ұшқыр бола ма?» дегенді қалай түсінесің?<br>3. Айдар өзі дайындаған шырынды ішкенде қандай сезімде болды?<br>4. Әңгімені оқып отырып сен не сезіндің?<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі. Кейбір оқушыларға сұраққа жауап беру үшін қосымша уақыт беріледі.<br>**(Б)** **«Смайлик»** әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**(ЖЖ) Сен білесің бе?**<br>Әңгімеде ерекшеленіп берілген сөздер қандай мағына білдіреді?<br>Бұл сөздердің орнына қолдануға болатын сөздерді бір түспен боя.<br>Боялған сөздердің мағынасын қалай | Топқа бөлінуге 4 жемістің суреттері<br><br>Оқулық 8-11-беттері<br><br>Әрбір жұпқа сөз тіркестерімен |

| | | |
|---|---|---|
| | түсінесіздер?<br>Жұпта талқылаңыздар.<br><br>Арқасын кеңге салды – / жылдам, тез<br>Көзді ашып-жұмғанша – / қатты қуану<br>Жерден жеті қоян тапқандай – / асықпады<br><br>**Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз** – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты тіркестерді бөлуге, бөлшектеуге болмайды. Құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға болмайды. Ақын-жазушылар тұрақты сөз тіркестерін шығарманы тартымды, әсерлі жеткізу үшін қолданады.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Апам үшін күнде мен, (әндете)<br>Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай)<br>Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай)<br>Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру)<br>Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай)<br>Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай)<br>Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай)<br>Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)<br><br>**4-тапсырма Ойланайық**<br>**Оқушыларға кәртішкелер таратылады.**<br>Мәтінге сүйеніп, Айдардың әрекеті мен көңіл-күйінің өзгеру себептерін кестеге толтырады.<br><br>Оқиға реті / Айдардың әрекеті / Көңіл күйі<br>Басында / / <br>Ортасында / / <br>Соңында / / <br><br>Топта өздерінің жазғандарын оқып, толықтырады. Топтан 1 бала оқиды.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б) «Бағдаршам»**әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**5-тапсырма Түзетейік (дәптермен жұмыс)**<br>**(ЖЖ; Т)**<br>➢ Әрқайсысы үйінен шырын дайындауға келісті.<br>➢ Балалар тауға серуенге шықпақшы болды.<br>➢ Айдар уақыт бар деп арқасын кеңге салды.<br>➢ Айдар әр күннің жұмысын өз уақытында жасау керектігін түсінді.<br>➢ Достары Айдар дайындаған шырынды ішкісі | берілген кесте |

<table>
<tr><td></td><td>келмеді.<br>➢ Асығып-аптығып дайын шырынға су қосады.<br>Оқиға реті бойынша орналастырып, жапсырады.<br><br>6-тапсырма Мазмұндайық<br>(Ж; Т) «Кездейсоқ таңдау» әдісі бойынша мәтіндегі тұрақты сөз тіркестерін қолданып, әңгіменің мазмұнын айту.<br>Саралау: тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау<br>• Кейіпкерге мінездеме береді<br>• Кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себебін анықтайды және бағалайды<br>• Әңгіме бойынша сұрақтарға жауап береді<br>• Сөйлеу барысында вербалды емес тілдік құралдарды қолданады<br><br>7-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)<br>(Ж) Жазылымның алдында балаларға шырын дайындау рецептісін көрсету. Сілтеме бойынша.<br>1-2 оқушыға ым-ишара арқылы көрсету.<br>Оқушыларға шырын дайындаудың ретін жазады.<br>Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) Оқушылар өзін-өзі бағалайды.</td><td>Әр оқушыға кәртішке<br><br>Бағдаршам түстері<br><br>Шырын дайындау рецептісі<br><br>http:massaget.kz/kyizdargakulinariya20845/<br>https:www.youtube.comwatch?v=ZdpmW0ysj0Y<br>https:www.youtube.comwatch?v=JnFBgUvFcw</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>«Рефлексиялық шеңбер»<br><br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br><br>• Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>• Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>• Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>• Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>• Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау</td><td>Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td>Нәтиже бойынша саралау жүргізіледі. Қабілеттері әр түрлі оқушыларға бірдей тапсырма ұсынылады, бірақ әр түрлі нәтиже күтіледі.</td><td>Балалар топтың жұмысын «Бағдаршам» тәсілі арқылы бағалайды.<br>Оқиғаның желісі бойынша кестені толық толтыра алады – жасыл түспен, басқа топтарыдн толықтыруды қажет етеді</td><td>Сергіту сәтті жасалады.<br>Қимылды мұғалімнің нұсқауы бойынша жасайды.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | – **сары**, кестенің бір бағаны толмаған – **қызыл** түспен бағаланады.<br>Дескриптор<br>-кейіпкерге мінездеме береді;<br>-кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себебін анықтайды және бағалайды;<br>-әңгіме бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>-сөйлеу барысында вербалды емес тілдік құралдарды қолданады. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пәні: Әдебиеттік оқу**<br>**Бөлім: Уақыт** | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні: әдебиеттік оқу**<br><br>**Бөлім: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспаған оқушылар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **№9 Бір минут деген не**? Рафиха Нұртазина, Ләйлә Асқар | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу;<br>3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка(күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру. |
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • әңгімені түсініп оқиды;<br>• әңгіме бойынша сұрақтарға жауап береді, өз атынан мазмұндайды. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • әңгімеден суреттің мазмұнына сәйкес келетін үзіндіні тауып оқиды;<br>• суреттерге ат қойып, жоспар құрастырады;<br>• оқығаны бойынша өз атынан мазмұндап, әңгіменің құрылымын өзгертеді. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • әңгіменің үзіндісін берілген суреттермен (иллюстрациясымен) салыстырады;<br>• пікірталасқа қатысуда дәйекті дәлелдер келтіріп, өз ойын жеткізе алады;<br>• дереккөздерден ақпаратты тауып, әңгіме құрастырады. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | • оқығаны бойынша кейіпкерге хат жазады;<br>• көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі нұсқамен, суретпен салыстырады. |
| **Тірек сөздер** | Кешігіп келу, жарыс, кәміл сенімді, мәре |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық, сыйластық, өзіне және өзгеге құрмет, жауапкершлік |
| **Пәнаралық байланыс** | Дене шынықтыру, математика |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, бейнекөрсетілім. |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Дауыстап, түсініп оқиды, өз ойын жеткізе алады, сұрақтарға жауап береді |
| **Сабақ барысы** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **«Пікірталас»**<br><br>Оқушыларға тақтаға «1 минутты маңызды деп санайсыз ба?»<br><br>✓ Оқушылар осы сұрақ көлемінде ойланады;<br>✓ Мұғалімнің өтініші бойынша екіге бөлінеді. Оң пікірді қолдайтындар «Иә» жазуына қарай барады. «Жоқ» дегендер жеке топ болып жиналады.<br>✓ Пікірталас барысында сақтау керек ережелерді таныстырады:<br>Бір-біріне сыпайы болу керек;<br>Өз пікірін өзгерткен оқушы екінші жаққа өтуіне болады.<br>✓ Әр топ өз пікірлерін айтады.<br>Пікірталастың қорытындысы сабақ соңында болатынын мәлімдеу. Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен таныстыру. Оқушылармен бірлесе бағалау критерийін құрастыру. | «Иә», «Жоқ» парақшалары, басты сұрақ |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Оқиық**<br>**Рафиха Нұртазина, Ләйлә Асқар «Бір минут»**<br><br>Әңгімедегі Талғаттың орнына оқушы өз атын қойып, әңгімені өзгертіп оқитынын ескерту.<br>**(ЖЖ)** Әңгімені алдымен жұп болып, бір-біріне кезек-кезек оқып шығуға уақыт беру.<br>• Оқушылар сынып ішінде дауыстап оқу;<br>• Тізбектеп оқып шығу.<br>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қою:<br>– Талғат қандай сөзді жиі қолданушы еді?<br>– Анасы оны тамаққа шақырғанда неліктен уақытында келмеді? | Оқулық |

| | | |
|---|---|---|
| | – Талғаттың бір минут туралы түсінігі қандай еді?<br>– Ол бір минуттың қаншалықты маңызды екенін қай кезде түсінді?<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б) «Бас бармақ»** әдісі бойынша бағаланады.<br><br>**2-тапсырма Анықтайық**<br>**(ЖЖ)** Әңгімеден суреттің мазмұнына сәйкес келетін үзінділі тауып оқы. Суреттерге ат қойып, жоспар құрастыр.<br><br>**Саралау.** Тапсырма нәтижеге негізделеді. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде әр түрлі нәтиже көрсетеді. Қабілеті төмен оқушыға қабілеті жоғары оқушы көмектеседі, тапсырманы бірлесе орындайды.<br>**(Б)** «От шашу» әдісі арқылы бағаланады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.<br>Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.<br>Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,<br>Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.<br>Алға, артқа қарадық та – үш дедік.<br>Тағы жаңа жаттығулар істедік.<br>Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,<br>Отырайық көңілді енді марқайтып.<br><br>**3-тапсырма Мазмұндайық**<br>**(ТЖ) «Өрмекші торы»** әдісі бойынша мазмұндауды ұйымдастыру.<br>- Бір топқа тігін машинасының жібін немесе бар болса, тоқыма жіптен таратып беру;<br>- Топтағы оқушы бір сөйлем айтады да, жіпті саусағына орайды да, екінші оқушыға береді, ол оқушы бір сөйлем айтады да, саусағына орап, үшінші оқушыға береді.<br>**4-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>**(Ж, ЖЖ, Т)** Дереккөздерден бір минуттың маңызы жайлы мәлімет іздеп, дәлелдер келтіре отырып, әңгіме кейіпкеріне хат жаз.<br>**Саралау.** Тапсырма нәтижеге бағытталады. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде өзара бір-біріне көмектеседі, қатесін бірге түзейді. Кейбір оқушыларға мәтін үзіндісі беріліп, жалғастырып жазу тапсырылады.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды<br>**«Ойлан тап» тапсырмасы** | А-4 форматты қағаз әр топқа жоспар құрастыруға<br><br><br><br>Қимыл, іс-әрекетін көрсету<br><br><br><br>Тігін машинасының жібі |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Кесте ішінен уақытты білдіретін сөздерді бір минут ішінде тап. Сөздерді қоршап қой.
<table>
<tr><td>К</td><td>Е</td><td>Н</td><td>М</td><td>Ш</td><td>З</td></tr>
<tr><td>Л</td><td>С</td><td>М</td><td>И</td><td>Л</td><td>М</td></tr>
<tr><td>Н</td><td>М</td><td>И</td><td>Н</td><td>У</td><td>Т</td></tr>
<tr><td>М</td><td>И</td><td>Н</td><td>У</td><td>Т</td><td>У</td></tr>
<tr><td>У</td><td>Н</td><td>У</td><td>Т</td><td>У</td><td>Л</td></tr>
<tr><td>Н</td><td>А</td><td>Т</td><td>О</td><td>Т</td><td>К</td></tr>
</table>
<br>
Тақырыпқа сәйкес бейнематериал көрсету.<br>
Сабақ басында ескерткендей сұраққа қайтып оралу: «1 минутты маңызды деп санайсыз ба?» пікірталастың қорытындысын шығару, сабақты қорытындылау.<br>
<br>
Дәптермен жұмыс<br>
Бір минуттың маңызы туралы дәлелдер келтіре отырып, өз ойыңнан әңгіме құрастырып жаз. Әңгімеңе ат қой.<br>
Жазған әңгімені «Автор орындығы» әдісімен оқып береді. Қалған оқушылар «Бағдаршам» арқылы бағалайды.
</td>
<td>
Таратпа материалдар<br>
<br>
https://www.youtube.com/watch?v=-_hyHHqcCNA<br>
<br>
Жұмыс дәптері 35-бет
</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>
Рефлексия «Ақылды үкі» әдісі<br>
<br>
  <br>
Бүгінгі білгім өзім үшін алдым...<br>
Мен түсіне келеді...<br>
сабақта Әлі де алмадым....<br>
<br>
Стикерге жазып, орналастыру.
</td>
<td>Стикерлер</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Қосымша ақпарат</td>
</tr>
</table>

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Тапсырма нәтижеге негізделген. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде әр түрлі нәтиже көрсетуі мүмкін. Қабілеті нашар оқушыларға жақсы оқитындар көмек көрсетеді, тапсырманы бірлесіп орындайды. | «Бағдаршам», «От шашу» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>Дескриптор:<br>- сұрақтардың негізінде ой бөліседі;<br>- кейіпкерге өзіндік көзқарасын білдіріп хат жазады;<br>- хаттағы сөйлемдердің байланысын сақтайды;<br>- сөздерді,сөйлемдерді сауатты жазады. | Сергіту сәті.<br>Қимыл іс-әрекетін мұғалім нұсқап, көрсетеді. |

| **Сабақ бойынша рефлексия**<br><br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
|---|---|

**Жалпы баға**

**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**

**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні: Әдебиеттік оқу**<br><br>**Бөлімі: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспаған оқушылар:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№10 Күнді ұзарту** Литван ертегісі | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру.<br>3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне; хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...),өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу. |
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** |
| | • сурет бойынша оқиға желісіндегі (сюжеттегі) өзгерісті табады;<br>• суретке сүйеніп, ертегіні қысқартып мазмұндайды.<br>• ертегіні түсініп оқиды және сұрақтарға жауап береді. |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | • ертегіні түсініп оқып, соңын өз ойымен аяқтайды:<br>• кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды;<br>• берілген сурет бойынша оқиғаның ретін анықтап, баяндайды. |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | • баяндалып отырған оқиғалардың өз шешімін тауып, оқиғаны аяқтайды;<br>• ертегідегі оқиғаның басталуын, дамуын, шиеленісін анықтайды;<br>• оқығаны бойынша өз пікірін білідіріп жазады. |
| **Бағалау критерийлері** | - берілген суреттен  оқиға желісіндегі (сюжеттегі) өзгерісті көрсетіп тұрған суретті табады және белгілейді.<br>- өз ойымен бөлісе отырып, дәлелдейді.<br>- сурет, сызба арқылы ертегіні қысқартып мазмұндайды. |
| **Тірек сөздер** | Қас қарайғанша, таң атпай, күн тас төбеге жеткенше, күн бесінге еңкейгенде |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі пәні, дүниетану |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, аудиотыңдалым. |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығармалардағы негізгі ойды, идеяны анықтай алады. Оқиға желісіне болжам жасай біледі. |
| **Сабақ барысы** | |

| Жоспарланған уақыт | Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| **Сабақтың басы** | **«Идея жинау» әдісі бойынша ой қозғау.**<br><br>1-тапсырма **Ойымызбен бөлісейік**<br>Берілген сурет бойынша ой шақыру және болжам жасату.<br><br>Жетелеуші сұрақтар қою:<br><br>✓ Суреттегі оқиға қай уақытта болған деп ойлайсың?<br>✓ Ол адамдар жайлы не айтуға болады?<br>✓ Неліктен мына адам Графқа қарап күліп тұр?<br>✓ Бүгінгі сабақта ертегі не туралы болады деп ойлайсыңдар?<br><br>**(ТЖ)** Ортақ сызба топқа тасталады. Топ мүшелері өз болжамдарын түртіп жазып қояды.<br><br>- Сендердің болжамдарың тура келді ме, жоқ па? Бұл сұраққа ертегімен танысып болған соң сабақ соңында ораламыз.<br>- Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру. | Әр топқа «Идея жинау» сызбасы, кестесі<br><br>Сюжетті сурет |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма Оқиық**<br>«Күнді ұзарту» (Литван ертегісі)<br><br>Ертегіні оқуда өзіңіздің болжамыңызға сәйкес келген тұстарын қара қарындашпен түртіп отыру керектігін ескерту қажет.<br><br>➢ Іштей оқу.<br>➢ «Тықыл» әдісі бойынша тізбектей оқу.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(ТЖ)** Мәтін бойынша сұрақтарды топтарға бөліп беру:<br><br>-Қожайынның (графтың) құлдарға неге көңілі толмады?<br>-Жігіт қожайынды сендіру үшін қандай айла ойлап тапты?<br>-Қожайын (граф) дөңгелекті айналдырғаннан күн ұзарды ма?<br>-Жігіттің ойлап тапқан айласының құлдарға пайдасы тиді ме? | Оқулық 2-бөлім, 30-33-беттер |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қалай ойлайсың, жігіт дұрыс жасады ма?<br>-Қожайын әбден шаршаған кезін оқыған кезде сен қандай сезімде болды?<br>-Ертегідегі жағдай өмірде кездеседі ме? Одан қандай түйінді ой шығаруға болады?<br>Сұрақтың жауабын **«Өкіл» әдісі** арқылы айтады.<br><br>Жауабын дайындап жазып алады да, бір оқушы (өкіл) басқа топтарға аралап жүріп түсіндіреді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әр түрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br><br>**«Сөз сандығы»**<br>Оқулықта берілген мәлімет арқылы бұл сөздердің уақыт ұғымына қатысты екенін және уақыттың қай мезгілін көрсететінін түсіндіру.<br>**Сергіту сәті. «Айгөлек»**<br><br>Бейнекөрсетілім бойынша қимылын қайталау.<br><br>**4-тапсырма Мазмұндайық**<br>Сурет бойынша оқиға желісіндегі (сюжеттегі) өзгерісті тап. Ертегі қалай басталады? Есіңе түсір. Суретке сүйеніп, ертегіні қысқартып мазмұнда.<br>**(ЖЖ)** Берілген суреттен оқиға желісіндегі (сюжеттегі) өзгерісті көрсетіп тұрғанын тап және √ белгісімен белгіле.<br><br>Таңдауыңды жұппен бөліс. Өз ойыңды дәлелде.<br>Суретті қолдана отырып, ертегіні қысқартып мазмұнда.<br>**Саралау.** Оқушылар бір-біріне көмектектеседі, бірін-бірі толықтырады. Қабілеті төмен оқушыға қолдау көрсетіледі.<br>**(Б) «Қол сигналдары»** әдісі бойынша жұптық жұмыстан соң әркім өзін бағалайды.<br>• Мен түсіндім және оны түсіндіріп бере аламын (бас бармақты жоғары көтеру).<br>• Әлі түсіне алмадым (бас бармақты төмен түсіру). | А-4 парақтар сұрақтарға жауап жазуға арналған<br><br>Бейне көрсетілім<br><br>https://www.youtube.com/watch?time_continue=15&v=8GemL9uJndo<br><br>Әрбір жұпқа таратпа материалдар |

<table>
<tr><td></td><td>• Толықтай сенімді емеспін (қолын бұлғайды)<br><br>Сен білесің бе?<br>Сюжет – өзара жалғасқан оқиғалар тізбегі, біртұтас желісі. Ертегіде қанша оқиға сюжеті бар екенін бірлесе анықтайды.<br><br>5-тапсырма Анықтайық<br>Суретке қарап, ертегідегі оқиғаның басталуын, дамуын, шиелісін, яғни кейіпкердің басына түскен жағдайды, сосын оның шешімін (соңын) анықта.<br>Саралау. Тапсырма уақыт бойынша сараланады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>(Б) Топтар өзара бірін-бірі бағалайды.<br><br>6-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)<br>Әңгімедегі Граф жайлы сенде қандай пікір қалыптасты??<br><br>Өз пікірінді жазған кезде «Менің ойымша, ...», «Мысалы, ...», Менің айтайын дегенім...» деген сөздерді қолдан.<br>(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау.<br>- шығарманың кейіпкеріне хат жазады;<br>- сөйлемдегі сөздерді байланыстырып жазады;<br>- сөйлемдерді қатесіз жазады.<br><br>«Ақиқат- жалған» ойыны.<br>Оқылған ертегіні қорытындылау ретінде пікірлердің ақиқат- жалған екенін анықтайды.<br>1. Қожайын құлдарына сыйлық бермекші болды.<br>2. Жігіт қожайынды алдап, бір айла тапты.<br>3. Граф таң атпай келіп шығыршықты айналдырды.<br>4. Құлдар жұмыс істемей таңнан кешке дейін жататын болды.<br><br>«Бес жолды өлең» уақыт тақырыбына байланысты құрастыру.<br>1. Кім? Не? Уақыт<br>2. Қандай? ұзақ, қысқа<br>3. Не істейді? Қайтеді? өтеді, қысқарады, ұзарады<br>4. Уақыт қамшының қысқа сабындай<br>5. Мезгіл</td><td>Жұмыс дәптері<br><br>36-бет.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Рефлексия «Граф мырзаның шығыршығы»<br> <br>Топқа берілген шығыршыққа әр оқушы бүгінгі сабақ туралы 3 сөз жазады.</td><td>Арбаның доңгелегінің суреті. Әрбір топқа<br><br>Маркерлер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Ертегіден аларым...<br>2. Менің көңіл күйім...<br>3. Болжамым ертегімен сәйкес келді... келмеді.... | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Тапсырма уақыт бойынша сараланады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушыларға жақсы оқитын оқушылар көмектеседі, тапсырманы бірлесіп орындауы мүмкін. | **«Қол сигналдары» әдісі,** бірін-бірі бағалауы, топтардың өзара бағалауы,<br>Дескриптор:<br>- шығарманың кейіпкеріне хат жазады;<br>- сөйлемдегі сөздерді байланыстырып жазады;<br>- сөйлемдерді қатесіз жазады. | Бейнекөрсетілім бойынша қимылын қайталау. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br><br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| |
|---|
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні: әдебиетттік оқу**<br><br>**Бөлім: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспаған оқушылар:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№11 Бимұраттың бір күні** Жолтай Әлмашев | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу. |
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>• берілген суреттегі балалардың іс-әрекетін анықтайды;<br>• мәтіннің бөлігіне сәйкес оқиды;<br>• кейіпкердің іс-әрекеттеріне сәйкес мінезін бағалайды.<br>**Көптеген оқушылар:**<br>• әңгімеге сәйкес сұрақтар қоя алады;<br>• өз пікірімен бөлісіп, әңгімедегі кейіпкерді сипаттайды және мәтіннен дәлел келтіреді;<br>• мәтінге сәйкес жоспар құрастырады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• тірек сөздерді қолдана отырып, кейіпкерге сипаттама жазады;<br>• сұрақтарға жауап береді, шығармадан маңызды тұстарын тауып оқиды;<br>• көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, өз ойын жеткізеді. |
| **Бағалау критерийлері** | • шығарманың мазмұнына сәйкес қойылған ашық сұрақтарға жауап береді;<br>• кейіпкердің іс-әрекетіне сәйкес мінез-құлқына баға береді;<br>• әңгіменің маңызды тұстарын тауып оқып, кейіпкерді сипаттайды және өз ойын жеткізеді. |
| **Тірек сөздер** | Таңқы танау, адырақ көз, бейберекет, миығымен жымию, кекесінмен қарау |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниетану, өзін-өзі тану |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, бейнекөрсетілім. |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Шығармалардағы негізгі ойды, идеяны анықтай алады. Оқиға желісіне болжам жасай біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы</td>
<td>
(ТЖ) «Кластер» әдісі бойынша ой қозғау.<br><br>
«Бос уақыт» деген сөзді қалай түсінесің? Бос уақытты адамдар қалай өткізеді? Бос уақыт деген сөзге кластер құрастырыңыз.<br><br>


<ul>
<li>Жазған іс-әрекеттерді екіге топтаңдар.</li>
<li>Бос уақытта тиімді ұйымдастырылған іс-әрекеттерді қызыл түспен белгілеңіздер.</li>
<li>Тиімсіз ұйымдастырылған іс-әрекеттерді көк түспен домалатып шығыңыздар.</li>
</ul>
Сағат тіліндей бір-бірімізбен жұмыстарымызды алмастырайық. Топтар бір-бірінің жұмыстарын өзара талқылайды.<br><br>
Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.
</td>
<td>Әр топқа А3 формат ақ қағаздар, түрлі түсті маркерлер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>
1-тапсырма Анықтайық<br>
Суреттегі балалардың іс-әрекетін анықта.<br>
• Қайсысы бос уақыт, қайсысы босқа кеткен уақыт деп түсінесің? Неліктен олай ойлайсың?<br><br>
Саралау. Қабілеті төмен оқушылар қабілеті жоғары оқушылармен бірге жұмыс жасап, өз ойын жазуға үйренеді. Бір-біріне көмек береді.<br><br>
2-тапсырма Оқиық<br>
Жолтай Әлмашев «Бимұраттың бір күні»<br>
Оқулықта «Бимұраттың бір күні» әңгімесі бөліктерге бөлініп, үш түрлі түске белгіленіп берілген.<br>
I топ: көк түспен белгіленген бөлігін оқиды.<br>
II топ: сұр түспен белгіленген бөлігін оқиды.<br>
III топ: ақшыл қызылмен белгіленген бөлігін оқиды.<br>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушарға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>
(Б) Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.
</td>
<td>Интерактивті тақта<br><br>Оқулық 2-бөлім, 35-37 беттер<br><br>А-4 парақтар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
3-тапсырма  Сұра және жауап бер<br>
Әңгіме бойынша сұрақтар қойылады.<br>
– Автор әңгіменің басында Бимұратты қалай суреттеген?<br>
– «Әлі ерте емес пе?» деген анасының сөзіне Бимұрат не деп жауап берді?<br>
– Қалай ойлайсың, Бимұрат мектепке неліктен ерте кетті?<br>
– Балалар үйіне қайтқанда ол не істеді?<br>
– Үйге келгенде Бимұраттың анасына берген жауабы саған ұнады ма? Неге?<br>
– Сен қалай ойлайсың, Бимұрат көп уақытты босқа өткізетінін өзі түсіне ме?<br>
– Әңгіменің соңын оқығанда саған қандай ой келді?<br>
– Бимұратқа жаның ашыды ма? Неліктен?<br>
– Бимұратқа қалай көмектесуге болады?<br>
Сұрақтарға жауап беруде оқушылардың өз ойын еркін айтуға жағдай жасалады.<br>
Саралау: Тапсырма бүкіл сыныпқа арналады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Кейбір оқушылар сұраққа қысқа жауап берумен шектелсе, кейбіреуі толық жауап беріп, өз ойын білдіруі мүмкін. Оқушылар сұраққа жауап беру кезінде бірін-бірі тыңдайды, толықтырады, өзара көмектеседі.<br>
(Б) Мұғалімнің бағалауы.<br>
<br>
4-тапсырма Ойланайық<br>
(Т)<br>
1. Әңгіменің бірінші бөлігінен Бимұраттың  қандай бала екенін сипаттайтын сөздерді тап.<br>
2. Әңгіменің екінші бөлігінен Бимұраттың қайда барғанын, не істегенін анықта.<br>
3. Әңгіменің үшінші бөлігінен Бимұраттың уақытты босқа жіберген тұстарын тауып оқы.<br>
Саралау. Қабілеті жоғары оқушылар басқа оушылармен бірлесе жұмыс жасайды.<br>
<br>
5-тапсырма Құрастырайық<br>
(Т; Ж) Түспен берілген мәтін бөліктеріне ат қойып, әңгімеге жоспар құрастырады.<br>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бір-біріне көмектеседі.<br>
(Б) «Басбармақ» әдісі арқылы бағалау.<br>
<br>
6-тапсырма Зерттейік<br>
(Т; Ж)
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Іс-әрекеті</td><td>Кескін - келбеті</td><td>Мінез-құлқы</td></tr>
<tr><td>Бимұрат</td><td>керіліп-созылып</td><td>Таңқы</td><td>жалқау</td></tr>
</table>
</td>
<td>
кесте әр топ өздеріне тиесілі бөлімге сәйкес толтырады<br>
<br>
Бейне көрсетілім.<br>
https://www.youtube.com/watch?v=744V_ESD7-Y<br>
<br>
Интерактивті тақтада сұрақтар мен жасырын сөздер ұяшығы<br>
<br>
Оқулық 35, 36-беттер
</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | танау | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушыларға кесте беріледі. Кестенің үстіңгі жағында оқиғаның әр түрлі бөліктері рет-ретімен аталған. Оқушылар кестені кейіпкердің оқиғаның түрлі бөліктеріндегі мінез-құлқын көрсетіп, мінездеме береді.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Бұл барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(ҚБ)** дескриптор бойынша бағалау<br>- мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;<br>- сөйлеу барысында көркем сөздерді орынды қолданады;<br>- мәтіннің кейіпкеріне қатысты ойын айтады.<br><br>**7-тапсырма Жазайық**<br><br>**(Т)** Уақытты тиімді пайдалану туралы Бимұратқа хат жаз. «Карусель» әдісі арқылы орындайды. Бір оқушы бір сөйлем жазады, ары қарай топтағы барлық бала бір сөйлемнен ойды жалғастырып жазады.<br>**Саралау.** Уақыт бойынша саралау жүргізіледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>**(Б)** «Отшашу» әдісі арқылы бағаланады. | Ақыл қалта бүктелген ақпаратты кітапша<br><br>Жұмыс дәптері 37-бет |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия «Ақылды үкі» әдісі**<br>  <br>Бүгінгі сабақта Әлі де білгім Мен түсіне<br>өзім үшін алдым... келеді... алмадым....<br>Стикерге жазып, орналастыру. | Стикерлер |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Тапсырма бойынша, уақыт бойынша саралау жүргізіледі. | Бір-бірін **«Бас бармақ» әдісі** арқылы бағалау. | Бейнекөрсетілім бойынша қимылын қайталау. |

| | | |
|---|---|---|
| Қабілеті төмен оқушылар қабілеті жоғары оқушылармен бірге жұмыс жасап, өз ойын жазуға үйренеді. Бір-бірлеріне көмек береді. | Дескриптор:<br><br>- мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;<br>- сөйлеу барысында көркем сөздерді орынды қолданады;<br>- кейіпкерлерді табады;<br>- кейіпкерлерге қатысты өз ойын айтады. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br><br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні. Әдебиеттік оқу**<br><br>**Бөлім: Уақыт** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 3** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспаған оқушылар:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№12** Таңнан самға дейін Әбубәкір Қайран | |
| **Оқу мақсаттары:** | 3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу;<br>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу.<br>3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың**<br><br>**мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>• өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>• өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді.<br>• өз ойын еркін жеткізе алады.<br>**Көптеген оқушылар:**<br>• өлеңді дауыстап оқиды;<br>• өлең жолдары арқылы сипатталған мезгілдің уақытқа сәйкестігін анықтайды;<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• өлеңді дауыстап, түсініп оқиды.<br>• әрбір уақыт мезгіліне тән ерекшіліктерді тауып, сипаттай алады.<br>• өз ойын көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді |
| **Бағалау критерийлері** | • әрбір уақыт мезгіліне тән ерекшіліктерді анықтайды.<br>• өлең жолдары арқылы сипатталған мезгілдің уақытқа сәйкестігін табады. |
| **Тірек сөздер** | Таңсәрі, сәске, бесін, ақшам, ымырт |
| **Құндылықтар** | Өмір бойы білім алу, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, математика |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Тақырыпқа сәйкес сұрақтар құрыстыруға дағдыланған. Уақыт аралықтарын ажыратады. |

**Сабақ барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату. «Аялдама»** әдісі бойынша топқа бөлінуді ұйымдастыру.<br><br>Сыныптың бұрышында уақыт аралығы жазылған парақшалар болады.<br><br>➢ **06.00-11.00** ⟶<br>➢ **12.00-15.00** ⟶<br>➢ **16.00-18.00** ⟶<br>➢ **19.00-22.00** ⟶<br>Осы уақыт аралықтарына сәйкес балаларға суреттер немесе іс-әрекеттер жазылған парақшалар беріледі. Оқушылар өзіндегі сурет пен уақыт аралығының сәйкестігін анықтап, сол аялдамаға барып, топтасуы қажет. | Сюжетті суреттер немесе парақшалар, уақыт аралығы ілінген парақтар |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>
«Ыстық картоп» ойыны<br>
- Картоп ыстық екені ескертіледі. Музыка қойылады. Әуен тоқтағанда кімнің қолында картоп қалып қойса, сұраққа жауап береді.<br>
- Таңсәрі дегеніміз қай уақыт?<br>
- Сәске деген сөзді қалай түсінеміз?<br>
- Талтүсте адамдар не істейді?<br>
- Бесін, ақшам деген сөзді естуіміз бар ма?<br>
1-тапсырма Оқиық<br>
(ЖЖ) Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқу.<br>
✓ Іштей оқиды;<br>
✓ Тықыл әдісі бойынша тізбектей оқиды;<br>
✓ Оқып болған соң түсініксіз сөздерді қарындашпен белгілеу.<br>
✓ Сөздік жұмысын жүргізу.<br>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>
(Б) Оқушылар бірін-бірі бағалайды.<br>
<br>
2-тапсырма Сұра және жауап бер<br>
(ҰЖ) «Ашық микрофон» ойыны. Мұғалім өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтар қояды.<br>
1. Таң бозарып ататын шақты не деп атайды?<br>
2. «Бесін» кезінде қандай өзгеріс болады?<br>
3. Жан-жануарлардың тыныштанып, жұмыстың толастаған кезі мен жұлдыздар шыға бастайтын уақытты қалай деп атайды?<br>
4. Таңнан самға дейінгі өзің білетін уақыт мезгілдерін атап шық.<br>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі.<br>
(Б) «Шапалақ соғу» әдісі арқылы бағаланады.<br>
<br>
3-тапсырма Табайық<br>
(ЖЖ) Мына өлең жолдары арқылы сипатталған мезгілдің қай уақытқа сәйкес келетінін тап.<br>
<table>
<tr><th>№</th><th>Өлең жолдары</th><th>Бұл қай уақыт мезгілі?</th></tr>
<tr><td>1.</td><td>Шолпан жұлдыз батқан шақ,<br>Торғай әнін бастар шақ</td><td></td></tr>
<tr><td>2.</td><td>Арқан бойы күн шығар,<br>Қызар кезі шаруаның</td><td></td></tr>
<tr><td>3.</td><td>Күн еңкейер батысқа,<br>Түс пен кештің арасы</td><td></td></tr>
<tr><td>4.</td><td>Қызыл нұрға малынып,<br>Батар күннің сәулесі</td><td></td></tr>
</table>
Саралау. Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға беріледі, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілетті оқушылар мен қабілеті төмен оқушылар бірлесе тапсырманы орындайды. Кейбір оқушыларға қолдау көрсетіледі.<br>
(Б) «Жетістік баспалдағы» бағалауы беріледі. Оқушы өзінің қай деңгейде тапсырма орындағанын көрсетеді.
</td>
<td>
Оқулық 2-бөлім, 38-39-беттер<br>
<br>
Оқылымға дағдысы бойынша критерий<br>
<br>
Микрофон<br>
<br>
Әрбір жұпқа кесте<br>
<br>
Бағалау «Жетістік баспалдағы»
</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті. «Дұрыс, бұрыс» ойыны**<br>Дұрыс ақпарат берілгенде отырады, жалған болғанда бұрыс белгісі орнынан тұрады.<br>Таңсәріде кинотеатрға бардым. (Бұрыс)<br>Талтүсте әтеш шықарады. (Бұрыс)<br>Ақшамда мал өрістен келеді. ( Дұрыс)<br>Бесін уақытта сабаққа барамын. (Бұрыс)<br><br>**4-тапсырма Жазайық (дәптермен жұмыс)**<br>Өлеңге сүйеніп, әрбір уақыт мезгіліне тән ерекшелікті тауып, 5 сөйлем жаз.<br>**«Қабырғаға қарап оқу»** әдісі арқылы жазған сөйлемдерін оқу.<br>Оқушылар сөйлемдерін жазып болады. Өздеріне ұнаған қабырғаны таңдап алады. Бір-біріне бөгет болмау үшін аралары ашық болса, дауыстап оқиды. Өздерімен қаламдарын ала барады. Оқырман рөліне ене отырып, өз жұмыстарын тексереді. Қажет болғанда түзетулер енгізеді. Болған соң көршісімен дәптер алмастырып, бірін-бірі бағалайды.<br>**(Б)** Топтар бірін-бірі **«Жапондық бағалау»** әдісімен бағалайды.<br><br>О-о-о тамаша! Дұрыс, келісемін!<br><br>М-м-м! Толықтыратын жерлерім бар...<br>**(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау.**<br>- сөйлеу барысында көркем сөздерді орынды қолданады;<br>- сөйлемдегі сөздердің байланысын сақтайды;<br>- өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табады және түзетеді. | Жұмыс дәптері 38- бет. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия «Бүгінгі сабақтағы көңіл күйім» әдісі**<br><br>Стикерге өз есімдерін жазып, бағалау шкаласына | Стикерлер, екі көңіл күй, бағалау шкаласымен берілген. |

| | | |
|---|---|---|
| | орналастыру. | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушылар қабілеті жоғары оқушылармен бірге жұмыс жасап үйренеді. | **Бірін-бірі бағалау, «Жапондық бағалау»** әдісімен бағалайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>- сөйлеу барысында көркем сөздерді орынды қолданады;<br>- сөйлемдегі сөздердің байланысын сақтайды;<br>- өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табады және түзетеді. | Сергіту сәті.<br>«Дұрыс, бұрыс» ойыны. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br><br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | |

| **Жалпы баға** |
|---|
| **Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br><br>**Бөлім: Сәулет өнері**<br><br>**Күні:**<br>**Сынып: 3** | **Мектеп:**<br><br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br><br>**Қатысқандар саны:**<br><br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№1 Саяхатшы үй Несіпбек Айтов** |
| **Оқу мақсаттары** | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру<br>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** ашық сұрақтар қойып жауап береді және өлеңнің әр бөлігіне ат қойып, өлеңге жоспар құра алады.<br>**Көптеген оқушылар:** ашық сұрақтар қойып, сыни тұрғыда жауап береді және өлеңнің әр бөлігіне ерекше ат қойып, өлеңге жоспар құра алады.<br>**Кейбір оқушылар:** өлеңге жоспар құру кезінде өз тұжырымдарын ұсына алады |
| **Бағалау критерийлері** | • ашық сұрақтар қояды және жауап береді;<br>• өлеңнің әр бөлігіне ат қояды;<br>• өлеңге жоспар құра алады. |
| **Тірек сөздер** | Киіз үй, шаңырақ, кереге, уық |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ашық сұрақтар қою арқылы оқушылардың сыни тұрғыда шығармашылығы дамиды.<br>Оқушылар топтық жұмыс барысында бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс жасау арқылы жауапкершілікке дағдыланады |
| **Пәнаралық байланыстар** | Саяхат жайлы әңгімелеу арқылы жаратылыстану пәнімен байланыс орнайды |
| **АКТ қолдану дағдылары** | |
| **Бастапқы білім** | Сұрақ қоюды және жоспар құруды біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | ***Ширату тапсырмасы.***<br>Ширату тапсырмасы оқушылардың зейінін шоғырландыру және сабақ мақсатын анықтау мақсатында орындалады.<br>1. Тапсырма «Кім тапқыр?» ойыны арқылы орындалады. Мұғалім сынып қабырғаларына келесі сұрақтарды жапсырады:<br>- Шаңырақ неге биікте болады?<br>- Киіз үйде тұруға бола ма?<br>- Уық деген не?<br>Ал топтардың қолдарына келесі суреттер беріледі<br>-Шаңырақ көрініп тұрған киіз үй<br>-Киіз үй<br>-Керегеге бекіп тұрған уықтар. | Сөйлемдер жазылған, қабырғаға жабыстырылатын кәртішкелер |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. ***(ҰЖ):*** Әр топ өз суреттеріне қойылатын тиісті сұрақты тауып, сол сұрақтың қасына жапсырады. Өзі таңдаған шешіміне түсінік береді (Менің бұл суретті ... сұрағына жапсырған себебім ... .)<br>3 Оқушылардан қандай іс-әрекеттер жасағандары жайлы сұралады. Сол арқылы сабақ мақсатын айқындап, яғни шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап бере алуға үйренетіндерін анықтайды.<br>- Бұл тапсырмадан не байқадыңдар?<br>- Қандай жұмыс орындадыңдар?<br>- Бүгінгі сабақта біз сұрақтар қойып жауап беруді үйренеміз. | |
| **Сабақтың ортасы** | ***1-тапсырма Оқиық***<br>***Несіпбек Айтов «Киіз үй»***<br>1. Жақсы оқудың үлгісі ретінде оқушыларға дауыстап оқып беру.<br>2. ***(ЖЖ):*** Өлеңді оқушыларға дауыстап оқуды тапсыру. Барлық оқушылар өлеңді оқып болғаннан кейін, оқу тілін зерделей алуға жұмыс жүргізу, мысалы: түсініксіз сөздерді түсіндіру.<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін қайта шолуды тапсыру. Оқушыларға әрбір бөлімде не айтылғанын нақты есте сақтай отырып оқуды ескерту. Себебі ол келесі тапсырманы ашуға қажет болатынын айту.<br>**Саралау**. Бұл тапсырма оқушылардың ойлау деңгейлеріне қарай «Нәтиже арқылы саралауға» негізделген. Өлеңді дауыстап оқығанда оқу мүмкіндігі нашар оқушылардың қабілетін ескеру.<br><br>***2-тапсырма Сұра және жауап бер***<br>**(ЖЖ):** 1. Өлеңнің бөлімдері бойынша сұрақ құрастыру.<br>2. Алдымен олар жұптарымен ойларын бөлісіп, қандай сұрақтар қоюға болатыны туралы ойланады және сұрақтар бойынша түсіндіреді.<br>3. Одан соң кезекпен сұрақ қойып, сұрақтарға жауап береді. Сұраққа жауап беруде «Сұхбаттас» ойыны ойналады. Оқушылар ол үшін бір-біріне қарама-қарсы отырады, сұрақтарын кезектесіп қойып отырады.<br>**Саралау**: *Кейбір оқушылар* өлең мазмұны бойынша ашық сұрақтар қойып, сыни тұрғыда жауап береді.<br>**(Б**) Жұптардың жауаптары тыңдалып, жетістіктері «От шашу» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>***3-тапсырма Жоспарлайық***<br>Бұл тапсырма оқушыларға өлең бөліктерін жекелеп атауға болатынын түсінуге және жоспар құруға көмектеседі.<br>**(ҰЖ**) Оқушылардың назарын суретке аудару. Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау (киіз үй бөліктері, | Оқулық |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">жиһаздары туралы).<br>1. Оқушыларға өлең мазмұны бойынша жоспар құру тапсырылады.<br>2. Алдымен олар топ құрады, топ ішінде ойларын бөлісіп, өлең бөліктеріне ат қояды. Оны алдарындағы плакаттарға жазады.<br>3. Жоспар құру.<br>4. Құрған жоспарларды дәптерлерге жазу.<br>Саралау: Көптеген оқушылар өлеңнің әр бөлігіне ерекше ат қояды, кейбір оқушылар жоспар құруда өз тұжырымдарын ұсына алды.<br>(Б) «Қолмен белгі беру» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>4-тапсырма Салыстырайық<br>1. Алдымен олар бөліктерге қойылған тақырыптарын оқиды. Ортаға салып талдайды.<br>2. Плакаттарға жазылған, өлең бөліктеріне қойылған тақырыптардың жанына киіз үй бөліктерінің суреттерін байланыстырып жабыстырады.<br>3. Өлең мазмұнын жоспар бойынша жеке оқушылардан сұрау.<br>4. Жауаптарын таңдап, жетістіктерін бағалау.<br>Саралау. Бұл тапсырма оқушылардың ойлау деңгейлеріне қарай «Нәтиже арқылы саралауға» негізделген. Өлең мазмұнын жоспар бойынша сұрауда оқушылардың қабілетін ескеру.<br><br>(ҚБ) дескриптор бойынша бағаланады.<br>• өлеңді дауыстап оқиды<br>• өлеңнің әр бөлігіне ат қояды;<br>• өлеңге жоспар құра алады;<br>• өлең бөліктеріне қойылған тақырыптардың жанына киіз үй бөліктерінің суреттерін байланыстырып жабыстырады.</td><td>Плакаттар, маркерлер</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>5 мин.</td><td colspan="2">«Менің үйім» әдісі. «Киіз үй» сұлбасы беріледі.<br>• ашық сұрақтар қойып, оған жауап беруде өз жұмысы ұнаса – керегені бояйды<br>• өлеңнің әр бөлігіне ат қойғанда өз жұмысы ұнаса – уықтың біреуін бояйды<br>• өлеңге жоспар құрғанда, өз жұмысы ұнаса шаңырақты бояйды</td><td>Сұрақтар жазылған кәртішкелер</td></tr>
<tr><td colspan="2">Саралау<br><br>Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өзі өзертіп отыруы қажет.</td><td>Бағалау</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td colspan="2">1-тапсырма – «Нәтиже арқылы саралау» негізінде «Оқиық» айдарындағы тапсырмалар</td><td>Қолмен белгі беру, Отшашу әдісі арқылы бағалау.</td><td>Сергіту сәті:</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әр-түрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі.<br>2-тапсырма – ***«Диалог және қолдау көрсету арқылы саралау»*** негізінде «Сұхбаттас» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде сұрақ құрастырып және оған жауап беруде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.<br>3-тапсырма – ***«Қарқын арқылы саралау»*** негізінде орындалады. Тапсырманы орындау кезінде басқаларға қарағанда жылдам жұмыс жасайтын оқушыны топ басшысы етіп сайлап, тапсырманы сол оқушының жетекшілігімен орындау ұсынылады. | Дескриптор<br><br>-ашық сұрақтар құрастырады;<br>-сұрақтарды бір-біріне қояды және жауап береді;<br>-өлеңді дауыстап оқиды;<br>-өлеңнің әр бөлігіне ат қояды;<br>-өлеңге жоспар құра алады;<br>-өлең бөліктеріне қойылған тақырыптардың жанына киіз үй бөліктерінің суреттерін байланыстырып жабыстырады. | |
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ? | | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім: Сәулет өнері**<br>**Күні:**<br>**Сынып: 3** | **Мектеп:**<br><br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№2 Зәулім үй** Сәкен Жүнісов |
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.3.1. шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін,сөйлемді анықтау;<br>3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып,түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу;<br>3.3.2.1. шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...)/ өлең (төрт жолды),әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** тақырыпты және негізгі ойды анықтайды, қажетті ақпаратты белгі қойып оқып, оқығаны бойынша әңгіме жазуды үйренеді.<br>**Көптеген оқушылар:** тақырыпты және негізгі ойды анықтауда нақты дәйектемелер ұсына алады, қажетті ақпаратты белгі қойып оқиды, оқығаны бойынша және қажетті ақпараттарды негізге алып әңгіме жазуды үйренеді.<br>**Кейбір оқушылар:** тақырыпты және негізгі ойды анықтауда өзіндік пікірін білдіре алады, қажетті ақпараттарға талдау жасай отырып әңгіме жазуды үйренеді. |
| **Бағалау критерийлері** | • тақырыпты және негізгі ойды анықтайды;<br>• қажетті ақпаратты белгі қойып оқиды және түсінеді;<br>• оқығаны бойынша әңгіме жаза алады |
| **Тірек сөздер** | Күнгей, сақыр-сұқыр, айқыш-ұйқыш |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топтық жұмыстарда бір-біріне құрмет көрсетеді.<br>Тапсырмаларды орындау арқылы еңбек пен шығармашылыққа баулу |
| **Пәнаралық байланыстар** | Қазақ тілі мен көркем еңбек пәні |
| **АКТ қолдану дағдылары** | |
| **Бастапқы білім** | Сұрақ қоюды және жоспар құруды біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут | ***Ширату тапсырмасы.***<br>Ширату тапсырмасы оқушылардың зейінін шоғырландыру және сабақ мақсатын анықтау мақсатында орындалады. Сондай-ақ, ол оқушылардың өз тәжірибесіндегі деректерді пайдаланып, айтылым дағдыларын дамытады және топпен жұмыс істеу барысында талқылауға, бағалауға және түсінуге көмектеседі. Ортақ пікірге келуге дағдыланады.<br>1. Мұғалім «Үлкен зәулім үйдің» суретін көрсетеді. Оқушылар оған ат қойып, жеке қағазға жазады.<br>2. ***(ЖЖ)*** Оқушылар сурет бойынша қойған | «Үлкен зәулім үйдің» суреті |

| | | |
|---|---|---|
| | тақырыптарын оқып береді. Өзі таңдаған шешіміне түсінік береді (Менің бұл суретті қойған тақырыбым себебі ... .)<br>3. Оқушылардан қандай іс-әрекеттер жасағандары жайлы сұралады. Сол арқылы сабақ мақсатын айқындап, яғни тақырыпты және негізгі ойды анықтауды, қажетті ақпаратты белгі қойып оқып, оқығаны бойынша әңгіме жазуды үйренетіндерін анықтайды.<br>- Бұл тапсырмадан не байқадыңдар?<br>- Қандай жұмыс орындадыңдар? | |
| Сабақтың ортасы | ***1-тапсырма Ойымызбен бөлісейік***<br>***(ТЖ)*** 1. Суретке қарап оқылатын әңгіменің тақырыбын анықтау. Оқулықтағы суретке қарау.<br>2. «Суретті әңгімеле» ойыны арқылы жүргізіледі. Алдымен олар топтарымен ойларын бөлісіп, суреттер жайында не білетіндерін талқылайды. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатынын болжап, мәтіннің тақырыбын анықтайды. Топтарды тыңдап, жетістіктерін бағалау.<br>3. Топтар әңгіме атауының бірнеше нұсқасын постерге жазады.<br>**Саралау**. Бұл тапсырма оқушылардың ойлау деңгейлеріне қарай «Нәтиже арқылы саралауға» негізделген. Кейбір оқушылар тақырыпты және негізгі ойды анықтауда өзіндік пікірін білдіре алады.<br>**(Б)** Топтардың өзара бірін-бірі бағалайды.<br><br>***2-тапсырма Оқиық***<br>***Сәкен Жүнісов «Зәулім үй»***<br>1. Алдыңғы тапсырмада анықтаған тақырыптардың қайсысы әңгіменің тақырыбына сәйкес келеді, соны барлық топпен анықтап оқушыларға қолдау көрсетіледі. Ол үшін өздерінің жазған постерлерін тақтаға іліп қояды. Сәйкес келген тақырыпқа оқушылар қолдарындағы стикерлерін жабыстырады.<br>2. Оқушыларға «Зәулім үй» мәтінін өз бетінше оқи отырып, әңгімедегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтап оқу керек екенін айтылады. Ол үшін әр түрлі стикерлер таратып беріледі. Мәтіннің негізгі ойы деп анықтаған бөліміне стикерді жапсыру сұралады.<br>3. Мәтінді түсініп оқып шығуға уақыт беріледі.<br>**Саралау**. *Кейбір оқушылар* әңгіменің негізгі ойын білдіріп тұрған бөлігін нақты тауып, себебін түсіндіре алады.<br>**(Б)** Жауаптар тыңдалып, жетістіктері «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>***3–тапсырма Сұра және жауап бер*** | Флипчарт қағаз, маркер<br><br>Түрлі-түсті стикерлер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** өлеңді іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқиды, ашық сұрақтар қояды және жауап береді;<br>**Көптеген оқушылар:** тірек сөздерді пайдалана отырып, төрт жолды өлең жазуды біледі.<br>**Кейбір оқушылар:** ашық сұрақтарды түрлендіріп қоя біледі; |
| **Бағалау критерийлері** | – шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қояды және жауап береді;<br>– өлеңді белгі қойып оқиды;<br>– төрт жолды өлең жазуды біледі. |
| **Тірек сөздер** | Мәртебесі, ғылым, әлем |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық. Жұппен жұмыс барысында оқушылардың арасында ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасады.<br><br>Еңбек пен шығармашылық. Жеке жұмыс жасау барысында еңбек ету және шығармашылық құндылықтары қалыптасады.<br><br>Өмір бойы білім алу. Тапсырманы орындай отырып, тақырыпты өмірмен байланыстырады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Қазақ тілі |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақтадан оқушылар ЭКСПО-2017 жайлы ақпаратпен танысады |
| **Бастапқы білім** | өлеңді белгі қойып оқи алады;<br>төрт жолды өлең жазуды біледі. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы**<br>«Астана» туралы өлеңдер сайысы өткізіледі. Топтар Астана туралы өлеңдерін айтады.<br>**Оқу мақсатын анықтау:**<br>- Қандай іс-әрекет жасағандары сұралады?<br>– **Нәтиже:** Бүгін шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қойып және жауап бересіңдер;<br>– өлеңді белгі қойып оқисыңдар және төрт жолды өлең жазасыңдар. | Үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы пішіндері |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(ЖЖ)**<br>1. Оқушыларға оқулықтағы суреттерге қарайды. «Суреттер топтамасы туралы ой бөлісіңдер. Қай суреттің құрылысы ұнады, таңдау себебін түсіндіріңдер» деген тапсырма беріледі.<br>2. Жұптар ойларын бөлісіп, таңдаған суреттері бойынша талқылау жасайды. Таңдалған жұптарды тыңдап, жетістіктері бағаланады.<br>3. Оқушыдан жеке өзінің таңдауы бойынша әңгімелеп беруін сұраңыз.<br>4. Оқулықтағы суреттерді кімнің салғанын сұраңыз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардың тапсырманы орындау барысында өздерінің пікірін қосуына, ал қабілетті оқушылардың басқалардың табысқа жетуіне ықпал етуіне көмектесіңіз.<br>**(Б) «Смайликтер»** арқылы бағаланады.<br><br>Оқушылар тақырыпқа қатысты алған білімдерін білдіру үшін смайликтерді көрсетеді**.**<br><br>1-смайлик. Қажетті ақпаратты таба алдым.<br><br>2-смайлик. Ақпаратты таптым, бірақ бәрін емес.<br><br>3-смайлик. Таба алмадым, қайталап қарау қажет.<br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br>***Үсен Тортай «ЭКСП-2017»***<br><br>1. «Өлеңде ақын ЭКСПО-2017 қандай сөздер арқылы суреттеген, белгі қойып оқы» деп тапсырылады. Ол үшін оқушыларға әр түрлі стикерлер таратылады. Белгілеген сөздерді жазып отырады.<br>2. Мәнерлеп оқудың үлгісі ретінде оқушыларға дауыстап оқып беріңіз.<br>3. Өлеңді оқып шығу үшін уақыт беріңіз. | стикер |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін өлеңді қайта шолуды тапсырыңыз. **Саралау.** Қабілеті төмен оқушыларға оқып дайындалуына қосымша уақыт беріңіз. Оқу барысында қабілетін ескеріңіз.<br>**(Б) «Күншуақ»**<br>Оқушылар жұппен жұмыс жасау барысында талқыланған мәліметтердің түсінгендігін былай көрсетеді:<br>Барлығын түсінсе – күнді<br>Жартылай түсінсе – күн мен бұлтты<br>Ештеңе түсінбесе – бұлтты<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>1. Оқушыларға оқыған өлең бойынша бірнеше сұрақтар қоятыныңызды айтыңыз.<br>2. Неше сөзге белгі қойып оқығанын және неге сол сөзді таңдағанын сұраңыз.<br>3. Сұрау үшін аттары жазылған таяқшаларды пайдаланыңыз.<br>4. Әрбір оқушыдан сұрап шығыңыз.<br>Әр шумақ бойынша «Неге?», «Неліктен?» деген сөздерді қатыстырып, сұрақтар құрастырып жазады және талқылайды.<br>Алдымен олар жұптарымен ойларын бөлісіп, сұрақтар қояды. Қойылған сұрақтардың жауабы туралы ойлануына уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң, топта талқылап жауап беруді тапсырыңыз. Тыңдалған жауаптардың жетістіктері бағаланады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар сұрақтарға өз түсінгендері бойынша жауап береді. Қабілеті жоғары оқушылар өлеңнен мысал келтіріп, бағалай отырып, жауап береді.<br>**(Б)** «Бағдаршам» арқылы бағаланады.<br><br>**4-тапсырма Құрастырайық**<br>1. Оқушыларға әрқайсысы «Астана» жайлы өлең құрастыру керек екенін айтыңыз.<br>2. Алдымен олар жұптарымен ойларын бөлісіп алады.<br>3. Оқушылар өз бетінше өлең жазады. Оларға тірек сөздерді қолдануларына болатынын айтыңыз. *Аңсап жеткен, қазағымның туы бүгін, қонғалы тұр тағы да, бақыт құсы, азаттықтың жолында, қолында, орынға, әлімсақтан құт дарыған.*<br>Аңсап жеткен азаттықтың жолында,<br>Бақыт құсы қонғалы тұр тағы да.<br>Қазағымның туы бүгін қолында,<br>Әлімсақтан құт дарыған орынға.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар өлең | |

| | | |
|---|---|---|
| | құрастыра алмаса, 2-3 сөйлемнен тұратын мәтін жазуы мүмкін.<br><br>**(Б)** «Білім ағашы» әдісі арқылы бағаланады.<br><br>Әрбір жапырақтың өзіне тән түсі бар:<br>жасыл – «барлығын дұрыс істедім»<br>сары – «қиындықтар болды»<br>қызыл – «көп қателестім» | |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия «Бір ауыз сөз»**<br><br>Тақтаға алдын ала үш үй ілінеді. Әр үйде сабақты бағалайтын үйрендім, ұмтылдым, есте сақтадым деген жазулар болады. Оқушылар адам пішіндеріне сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны қалаған үйіне жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. |  |
| **Саралау**<br><br>1-тапсырманы орындау қарқын тәсілі арқылы сараланады. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі.<br>2-тапсырманы орындау барысында диалог және қолдау көрсету тәсілі арқылы сараланады. Кейбір оқушыларға жан-жақты әрі нақты көмек көрсетіледі.<br>3-тапсырманы орындау барысында қорытынды тәсілі арқылы сараланады. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу.<br>4-тапсырманы орындау барысында бағалау тәсілі арқылы сараланады. Оқушылардың жұмыстарының барлығы бағаланады.<br>5-тапсырманы орындау барысында дереккөздер тәсілі арқылы сараланады. Дереккөздерді пайдалана отырып тапсырмаларды орындайды. | **Бағалау**<br><br>Смайликтер<br><br>Күншуақ<br><br>Білім ағашы<br><br>**Дескриптор**<br>-өлеңді іштей оқиды;<br>-өлеңдегі қажетті ақпаратты таба алады;<br>-белгілеп алынған ақпараттар бойынша өлең мазмұнын айта алады;<br>-өлеңнің маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қояды және жауап береді;<br>-төрт жолды өлең жазады. | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**<br><br>АКТ-мен жұмыс жасау ережесін ескереді. |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім:** Сәулет өнері<br>**Күні:**<br>**Сынып:3** | **Мектеп:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні**:<br>**Қатысқандар саны: 0**<br>**Қатыспағандар саны: 0** |
| **Сабақ тақырыбы** | **№9 Өз үйім – кең сарайдай боз үйім** (ел аузынан) |
| **Оқу мақсаты** | 3.1.4.1. сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді,нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану;<br>3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар**: сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады, аңыз әңгіменің жазылу (жанрлық) ерекшеліктерін анықтайды.<br>**Көптеген оқушылар:** мақал-мәтелдерді қолданып, аңыз әңгіменің (жанрлық) ерекшеліктерін түсіндіре алады.<br>**Кейбір оқушылар:** шығарманың негізгі ойын түйіндеп, өмірмен байланыстыра алады. |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады;<br>✓ аңыз әңгіменің жазылу (жанрлық) ерекшеліктерін анықтайды. |
| **Тірек сөздер** | Күрке, өлеңшөп |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық (жұптық, топтық жұмыстарда оқушылар арасында ынтымақтастық орнайды)<br>Өмір бойы білім алу (тақырыппен танысу барысында өмірмен байланыстырады) |
| **Пәнаралық байланыстар** | Қазақ тілі (сұрақтарды құрастырып, қағазға жазғанда ережеге сай жазу керек) |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақтадан суреттер көрсетіледі |

| | |
|---|---|
| **Бастапқы білім** | Мақал-мәтелдерді біледі |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Ширату. «Атомдар мен молекулалар» ойыны<br>1. Оқушылар сыныптың бос жеріне жиналады. Мұғалім «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрілі-берілі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті.<br>2. «Молекулар!» деп айтып, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты) оқушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек.<br>3. Молекулалар екіден жұптасқан кезде біріне мақалдар айтады, жұбы оның мағынасын түсіндіреді.<br>**Оқу мақсатын анықтау:**<br>- Қандай әрекет жасадық? (мақал-мәтелдер айттық және оның мағынасын түсіндірдік)<br>- Бүгінгі сабағымызда сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданып, аңыз әңгіменің жазылу (жанрлық) ерекшеліктерін анықтауды үйренеміз | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Сөйлесейік**<br>**(Т)** 1. Оқушыларға өздерінің үйден алып келген суреттері бойынша әңгімелейтіні жайлы айтыңыз.<br>2. Алдымен оларға оқулықта берілген тапсырманы оқып, өзінің үйі жайлы айтуға дайындалуын тапсырыңыз.<br>3. Дайындықтан соң әрбір оқушы «Өз үйім – өлең төсегім, себебі.......» деп жалғастырып, бір-екі сөйлемнен айтып шығады. Суреттер көрсетіледі.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардың суреттер бойынша өз ойларын айта алады, ал қабілетті оқушылардың түсініктемелер мен қағидаттарды тұжырымдап айтуын сұраңыз.<br>**(Б) «Бас бармақ» әдісі.** Бас бармақтарын көрсету арқылы түсіндіргенді олардың ұғу деңгейі тексеріледі.<br>Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсінемін.<br>Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін.<br>Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім.<br><br>**2-тапсырма Табайық**<br>**(Ж)** 1. Сен өз үйің туралы айтып бердің. Енді Жиренше шешеннің өз үйі жайлы не айтқанын тауып оқуын сұраңыз.<br>2. Аңызды түсініп оқып, шығуға уақыт беріңіз. | Суреттер, интербелсенді тақта<br><br>Оқулық |



| | | |
|---|---|---|
| | Жиренше шешеннің өз үйі жайлы не айтқанын анықтап, ортада талқылау жүргізіңіз. Мазмұнды түсінгендіктерін тексеруге арналған сұрақтар:<br>– Мәтінде негізгі ойды беріп тұрған кемінде бес тірек сөзді ата.<br>– Мәтіндегі негізгі ақпарат беріп тұрған үш сөйлемді айт.<br>3. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін әңгімені қайта шолуды тапсырыңыз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар аңызды оқып шығады және өз сөздерімен ойларын айта алады.<br>**(Б) «Шапалақ»** әдісі арқылы бағаланады.<br>- Егер тапсырманы сәтті орындаған болсаң, шапалақтау<br>- Тапсырмада белгілі бір қиындық кездестірсең – оң қолымызды көтереміз<br>- Тапсырма қиын болып, мұғалімнің көмегі керек болса – сол қолымызды көтереміз<br><br>**3-тапсырама Анықтайық**<br>1. Ол үшін сіз жанр түрлерін айтыңыз. Оқушылар дұрыс жауап кезінде белгі береді.<br>2. Неге осы жанрды таңдағанын айтып мысал келтіреді.<br>3. Жиреншенің қандай адам болғанын суреттеп көр деген тапсырма беріледі. Ол үшін «қабырға сұлбасын» постерге сызып, Жиреншенің мінез-құлық сипаттарын – ішіне, іс-әрекетін – сыртына жазуын сұраңыз.<br>4. Жазғандардың дәлелі ретінде аңыздан екі мысалдан келтіруін тапсырыңыз.<br>5. Тыңдалған жауаптар арқылы жетістіктерін бағалаңыз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар қабырға сұлбасын сызады, өз ойын топта айтады. Қабілеті жоғары оқушылар аңыздан мысалдар келтіре алады.<br>**(Б) «Жапондық бағалау»** әдісі арқылы оқушылар жұптық жұмысты бағалайды.<br>«ООО» – тамаша<br>«МММ» – жақсы<br>«Сұқ саусақ» – келісемін<br>«Екі саусақты» – сұрағым бар<br><br>**Сен білесің бе?**<br>Оқушыларға оқулықтағы ақпараттық мәліметті оқуды тапсырыңыз. Шешендік өнер – қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемді жанр. Қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқыр сөздер мен тұжырымдар. Оқыған мәтіннен ел арасында таралған шешендік | Мақалдар жазылған қағаздар<br><br>Қағаз және маркер |

| | | |
|---|---|---|
| | сөзді тапқызып, өмірмен байланыстыруды ескертіңіз. Өздері білетін шешендік сөздерді сұраңыз.<br><br>**4-тапсырма Бөлісейік және жазайық**<br>1. Оқушыларға аңыздың мазмұны бойынша шығармашылық жұмыс жасайтынын айтыңыз.<br>2. «Жиренше шешеннің «Өз үйім – кең сарайдай боз үйім» деп айтуының себебін сен қалай түсіндірер едің, постер құрастыр» - деген тапсырма беріледі.<br>3. Топта ортаға салып талқылап, өз ұсыныстарын білдіру үшін уақыт беріледі.<br>4. Топтағы талқылаудан соң өз ой қорытындысын «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндіреді. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша аңыздың басты идеясы – ....» Екінші сөйлем: «Себебі, оны былай түсіндіремін...» Үшінші сөйлем: «Оны мына аңыздың, фактілермен дәлелдей аламын...» Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...» Дайын постерлер аудиторияның әр жеріне ілінеді. Оқушылар «Галереяда ой шарлау» әдісімен әр топтың постерлеріндегі жазылған ойларды қарап шығады. «Екі бұрыш» әдісі арқылы оқушылар қалаулары бойынша өз жазғандарын оқи алады. Қалған оқушылар сыныптасының ұстанымымен келісу/келіспеуін лайықты бұрышты таңдау арқылы көрсетеді. **Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар аңыз мазмұны бойынша түсінгенін өз сөзімен ортаға салып, талдауға қатысады.<br><br>**5-тапсырма Ұсынайық**<br>Болашақта қандай үйде тұрғың келетінін көз алдыңа елестет. «Менің арманымдағы үй» деген жобаға қатыс. Арманыңдағы үйді сипаттап жаз. Тапсырманы оқушыларға жеке орындауға уақыт беріледі.<br>**Саралау:** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі.<br>**(Б)** Тапсырма «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады. | |
| **Сабақтың соңы** | **«Иық тірескен шеңбер»**<br>Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді. Мұғалімнің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс. | |
| **Саралау** | **Бағалау** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |

| | | |
|---|---|---|
| 1-тапсырмада диалог арқылы саралау жүргізіледі. Мұғалім шығарма мазмұнын анықтау үшін жетекші сұрақтар қояды<br>2-тапсырмада қарқын арқылы саралау жүргізіледі. Баяу оқитын оқушыларға қосымша уақыт беріледі<br>3-тапсырмада қорытынды арқылы саралау жүргізіледі. Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады<br>4-тапсырмада диалог арқылы сараланады. Тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет ететін оқушылар болады | 1. Екі жұлдыз, бір тілек<br>2. «Бас бармақ» әдісі<br>3. «Шапалақ» әдісі<br>4. «Жапондық бағалау» әдісі<br>**Дескриптор**<br>-сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады;<br>-аңыз әңгіменің жазылу (жанрлық) ерекшеліктерін анықтайды;<br>-шығарманы оқиды;<br>-шығарманың негізгі ойын анықтайды;<br>-сұрақтар құрайды;<br>-сұрақтарға жауап береді;<br>-постер құрастырады. | |
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ? | | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| Пән: Әдебиеттік оқу<br>Бөлім: **Сәулет өнері**<br>Күні:<br>Сынып: 3 | Мектеп:<br>Мұғалімнің аты-жөні:<br>Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы** | **№10 Асқақтаған кірпіштер** аударған М.Қуанышбеков |
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау.<br>3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар**: көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтайды, мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып, түзетеді.<br><br>**Көптеген оқушылар**: шығарманың құрылымын, стилін жетілдіруде өз пікірін дәлелдей алады<br><br>**Кейбір оқушылар**: шығарманың мазмұнына ұсыныс жасай алады |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтайды<br>✓ мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып,түзетеді. |
| **Тірек сөздер** | Дайрығу, шағым, күш біріктіру |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топталып жұмыс жасаған кезде бірлесе, ынтымақтаса жұмыс жасайды.<br><br>Жұппен жұмыс жасаған кезде бір-бірін тыңдап, құрмет көрсетеді. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Жаратылыстану. Қазақ тілі |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақтадан бейнероликті көреді |
| **Бастапқы білім** | Мәтін құрай алады. Мәтіндерді ұқсатығы мен айырмашылығын ажырата алады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ширату тапсырмасы.** Сынып төрт топқа бөлінеді. Оқушыларға әр топ бір отбасы екеніндігі туралы айтылады. Енді әр отбасына баспана керек. Ол үшін әр топқа түрлі пішіндерден үй құрастыру ұсынылады**.** Үй құрастыру үшін алдымен үйдің жоспарын сызып алу тапсырылады. Үй қандай бөліктен құралғаны анықталады. Үйдің бірінші іргетасы, содан кейін қабырғасы, соңында шатыры салынатыны түсіндіріледі.<br><br>**Оқу мақсатын анықтау:**<br><br>- Үйдің қандай бөліктерін құрастырдыңдар?<br><br>- Үй құрастыру үшін алдымен қандай іс-әрекет орындалды?<br><br>- Ендеше балалар бүгінгі сабақтағы мақсатымыз көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтап, мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіріп, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып, түзетесіңдер. | суреттер |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Сөйлесейік**<br>1. «Суретте сен оқитын әңгіме кейіпкерінің мінез-құлқы мен оның жасаған іс-әрекеті бейнеленген. Оның мінезі мен іс-әрекеті қандай екенін болжап, суретті сөйлет. Оқиға өткен жерді ата» деп тапсырма беріледі.<br>2. Топтарымен ойларын бөлісіп, өз пікірлерін ортаға салуларын сұраңыз.<br>3. Топтарға флипчарт таратылады. Онда кірпіштердің суретін салу тапсырылады. Оның жан-жағына мінезі мен іс-әрекеті туралы ойларын жазуды тапсырыңыз.<br>4. Оқиғаның қайда өткені туралы сұраңыз. Неге олай ойлайтынын, себебін түсіндіруді сұраңыз. **Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар кейіпкердің мінез-құлқын анықтауда қарапайым бір екі мысал айта алады, кейіпкердің суретін сала алады. **(Б)**<br>**(Б) «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.**<br>Топ постерді толықтай сипаттап айтып берді (бас бармақ жоғары қарайды)<br>Кейбір тұстарды түсіндіре алмады (бас бармақ жанына қарай көрсетіп тұр)<br>Қорғай алмады (бас бармақ төменге қарай көрсетіп тұр)<br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br>***Аударған М.Қуанышбеков «Асқақтаған кірпіштер»***<br>1. «Суреттегі кірпіштердің қандай екенін және оның не істегенін анықтау үшін мәтіннің бірінші | постер |

| | | |
|---|---|---|
| | бөлімін оқы» деп оқушыларға әңгіменің бірінші бөлімін өз бетінше оқу тапсырылады. Барлық оқушылар әңгіменің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, оқу тілін зерделеу бойынша жұмыс жүргізіледі. Мысалы, түсініксіз сөздердің мағынасы түсіндіріледі.<br>2. Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін мәтінді қайта шолуды тапсырыңыз. Оқушыларға әрбір кейіпкердің не айтқанын нақты есте сақтай отырып, оқу ескертіледі. Себебі ол келесі тапсырманы ашуға қажет болатыны айтылады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар мәтін бөлігін оқып шығады. Оқу барысында олардың қабілетін ескеріңіз.<br>**(Б) «Бағдаршам»** әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>Оқушыларға мына сұрақтарды қойыңыз.<br>1. Әңгіме қалай басталады?<br>2. Биікте тұрған кірпіштер не деп мақтанады?<br>3. Төмендегі кірпіштер дұрыс жасады ма? Неге? Ойыңды дәлелде.<br>4. Кірпіштердің қақ бөлініп, шашылып қалу себебі неде?<br>5. Сен оларға қандай кеңес берер едің?<br>6. Алдымен олар топтарымен ойларын бөлісіп, талқылайды.<br>7. Топ жауаптарын қағаздарға жазып қабырғаға іліп қояды. Барлық топтардың болжамдары тыңдалады, жетістіктері бағаланады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардың тапсырманы орындау барысында өздерінің пікірін қосуына, ал қабілетті оқушылардың басқалардың табысқа жетуіне ықпал етуіне көмектесіңіз.<br>**(Б) «От шашу»** әдісі арқылы бағаланады<br><br>**4-тапсырма Ойланайық**<br>Оқушыларға мәтіннен алынған үзінді арқылы кейіпкерлерге баға бер. Олардың сөзіне, әрекетіне қарап, қандай екенін ажырат.<br>1. «Бұлар несі? Біз болсақ ініміз талып, оларды көтеріп тұрмыз».<br>2. «Түу, неткен биіктік! тіпті ай да, жұлдыздар да қол созым жерде тұр».<br>3. «Ата кірпіш бастаған астыңғы кірпіштер тұрған орындарынан ысырылып кетіп еді, жоғарыдағылар жерге дүрс-дүрс құлап түсті».<br>4. «Ертесіне тас қалаушысы келіп, басын шайқады. Өйткені биіктен құлаған жоғарыдағы кірпіштер қақ бөлініп, жерде шашылып жатыр | суреттер<br><br>плакат, әр түсті маркер |

| | | |
|---|---|---|
| | еді».<br>5. Алдымен олардан жұптарымен ойларын бөлісіп, талқылау жүргізуді талап етіңіз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушыларға қабілетті оқушылар көмектеседі.<br>**(Б)** оқушылардың бірін-бірі бағалауы.<br><br>**5-тапсырма Анықтайық**<br>Оқушылардан мәтінді қайта шолып шығуды сұраңыз.<br>Әңгімедегі оқиға қалай басталды, оқиға қалай дамиды, оқиға немен аяқталғанын сұраңыз. Тапсырманы «Әңгіме тауы» әдісі арқылы орындатыңыз. Оқушылар параққа тау сияқты салынған кесте сызып, осы кестеге әңгіменің басында, ортасында, соңында болған оқиғаларды қысқа етіп бөліп жазады.<br>**Саралау.** Тапсырма бойынша салау жүргізіледі, нәтиже әртүрлі болады. Қабілеті төмен оқушыларға қабілеті жоғары оқушылар көмектеседі, тапсырманы бірлесе орындайды.<br>**(ҚБ)** дескриптор бойынша бағалау:<br>✓ мәтінді оқиды<br>✓ әңгіменің соңын болжайды<br>✓ оқиғаның басталуын, дамуын, аяқталуын анықтайды | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>3 мин | **Кері байланыс. Бір минут.** Оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрып, кезек бойынша бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз сөйлейді. | |

| **Саралау** | **Бағалау** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты көмек көрсете отырып қолдау көрсету.<br>Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай күрделі тапсырма беру.<br>Әңгіме құрау тапсырмасы бойынша көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт бере отырып, қарқынын арттыру.<br>Оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу қорытынды саралауында жүзеге асты. | «Бас бармақ», «Отшашу» әдісі арқылы бағалау<br><br>Дескриптор<br>✓ суреттер арқылы кейіпкердің мінез-құлқына баға береді<br>✓ мәтінді оқиды<br>✓ әңгіменің соңын болжайды<br>✓ оқиғаның басталуын, дамуын, аяқталуын анықтайды | |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ? | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән**: Әдебиеттік оқу<br>**Бөлімі: Сәулет өнері**<br>**Күні:**<br>**Сынып:** 3 | Мектеп:<br>Мұғалімнің аты-жөні:<br>Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы** | **№11 Археолог** Фариза Оңғарсынова |
| **Оқу мақсаттары** | 3.1.5.1. өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу;<br>3.3.2.1. шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** көркем сөздер арқылы өз ойын білдіреді, негізгі оқиғаларды салыстырады, төрт жолды өлең құрастырады.<br>**Көптеген оқушылар:** көркем сөздер арқылы негізгі оқиғаларды салыстырады<br>**Кейбір оқушылар:** төрт жолды өлең құрастырарда көркем сөздерді қолданады. |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ көркем сөздер арқылы өз ойын білдіреді;<br>✓ негізгі оқиғаларды салыстырады;<br>✓ төрт жолды өлең құрастырады. |

| | |
|---|---|
| **Тірек сөздер** | Құмға батқан қалалар, баяғының қамалы, патшалардың ақшасы |
| **Құндылықтарды дарыту** | Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, тапсырма орындау барысында жауапкершілікпен қарау. |
| **Пәнаралық байланыстар** | *Қазақ тілі, дүниетану* |
| АКТ қолдану дағдылары | Интеракт. тақта сабақтың басы, ортасында |
| **Бастапқы білім** | Мәтін бойынша сұрақ қоя біледі және жауап бере алады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | *Оқушылардың зейінін шоғырландыру мақсатында ширату жүргізіледі.* Әр топтың парталарының бір бұрышына алдын ала ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттер қойылады. Одан кейін әуен ойнатылып, сол әуеннің ырғағымен балалар партаны айналып жүреді. Әуен тоқтағанда балалар да тоқтайды. Сурет қойылған партаның қасына тоқтаған бала суретті алып, сұрақ қояды. Бұл ойын 2-3 рет қайталанады.<br>Сабақ мақсаты оқушылармен бірге анықталады: өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу, төрт жолды өлең құрастыру | Ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттер |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма Бірігейік**<br>1. Оқылатын өлеңнің не жайында екенін болжау. Ол үшін оқулықтағы тірек сөздерді оқуды тапсыру. Оқылған тірек сөздер бойынша сөздік талқылау жасау, яғни түсіндіру.<br>2. Оқушылардың идеялар, жауаптар табу мақсатында:<br>– алдымен оқушыларға жеке ойлануға уақыт беру;<br>– оқушыларды жұпқа бөліп, өз жұбымен сұрақты талқылауды ұсыну (олар екеуден немесе үшеуден жұмыс істейді).<br>– бірнеше жұптан, топтан өз идеяларымен бөлісуді сұрау.<br>3. Таңдалған жұптарды тыңдап, жетістіктерін бағалау.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар қарапайым бір-екі мысал айта алады, ал қабілетті оқушылардың тек сұраққа жауап беруге ғана емес, сұрақты дұрыс тұжырымдай білуге ынталандырыңыз. | аудиоүнтаспа |

| | | |
|---|---|---|
| | **(Б) Мадақтама.** Оқушылардың берілген тапсырма бойынша жауаптарын «Өте жақсы», «Жақсы» сөздерімен мадақталады.<br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br>***Фариза Оңғарсынова «Археолог»***<br>1. Оқушыларға «Археолог» деген кім деп сұрақ қойылады. Оқушылар өз ойын айтқаннан кейін, өлеңді оқу тапсырылады.<br>2. Өлеңнің әрбір жолын бір-бір оқушыдан тізбектеп оқиды.<br>3. Өлеңді сосын іштей оқып шығуға уақыт беріледі.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар өлеңді оқып шығады және өз сөздерімен ойларын айта алады, ал қабілетті оқушылардың жауаптарының ерекше болып, өз бетінше тұжырымдалуын және бастама көтеруге ұмтылуын қолдаңыз.<br>**(Б) «Бағдаршам»** әдісі арқылы бағаланады.<br>Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:<br>Жасыл түс – тапсырманы толық түсіндім.<br>Сары түс – тапсырма орындау барысында қиындықтар болды.<br>Қызыл түс – тапсырманы мүлдем түсінбедім.<br><br>**3-тапсырма Мазмұндайық**<br>1. Алдыңғы тапсырмада анықтаған тірек сөздерді пайдаланып орындалатын тапсырма екенін айтылады.<br>2. Оқулықта берілген тірек сөздерді оқып, таратылып берілген қағаздарға жазуды тапсыру.<br>3. Жазып алған тірек сөздерді оқулықтағы суреттердің жанына сәйкестендіріп қою сұралады.<br>4. Қандай суреттің жанына, қандай сөзді қойғанын анықтап, ол өлеңде кездесе ме деп сұрау.<br>Кездессе, өлеңнен тауып оқытыңыз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылардың тапсырманы орындау барысында өздерінің пікірін қосуына, ал қабілетті оқушылардың басқалардың табысқа жетуіне ықпал етуіне көмектесіңіз.<br>**(Б) Мадақтама.** Оқушылардың берілген тапсырма бойынша орындаған іс-әрекетін «Тамаша!» «Жарайсың!» «Керемет!» сөздерімен мадақтау.<br><br>**4-тапсырма Құрастырайық**<br><br>1. «Археолог боламын» тақырыбында өлең құрастыру керек екені айтылады.<br>2. Алдымен жұпта ойларымен бөліседі | «Маса мен аңдар» https://youtube.com /watch?v=DIOJvKc E<br><br>Бағдаршам<br><br>Семантикалық карта, түрлі-түсті маркерлер |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">3. Оқушылар өз бетінше өлең жазады. Тірек сөздер беріледі.<br>1) Батырлардың сайманын,<br>Патшалардың ақшасын<br>Жер астынан табатын,<br>Археолог боламын.<br>2) Аталардың шақшасын,<br>Қала орнын іздейтін.<br>Жер астынан табатын,<br>Археолог боламын.<br>Саралау. Қабілеті төмен оқушылар өлең құрастыра алмаса, 1-2 сөйлемнен тұратын өз ойын жазуларына болады.<br>(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау<br>✓ өлеңді оқиды<br>✓ тірек сөздерді пайдаланып, өлең мазмұнын айтады.<br>✓ тірек сөздерді пайдаланып өлең құрастырады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br><br>5 минут</td><td colspan="2">«Орманға саяхат» ойыны. Біз сабағымызды көңілді аяқтау үшін, шаршағанымызды басайық. Мына жерде орман бейнесі бейнеленген. Ал осы орманымызға не жетіспейді. Ал осы орманды әр түрлі гүлдермен безендірейік. Жасыл, қызыл, сары гүлдер.<br>Қызыл түсті гүл – ертегі жанрын ажырата алмадым.<br>Сары түсті гүл – ертегі жанрын ажыратуда қиындықтар кездесті.<br>Жасыл түсті гүл – ертегі жанрын ажырата алдым.</td><td>Кейіпкерлер бейнеленген орман суреті, қызыл, сары, жасыл түсті гүлдер.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Саралау</td><td>Бағалау</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td colspan="2">1-тапсырмаға Қорытынды арқылы саралау қолданылады.<br>Оқушыларға жалпы бірдей тапсырмалар беріледі, бірақ күтілетін нәтиже әр түрлі болады. Жетекші сұрақтар арқылы бейнежазбадан ертегіні түсінуге және өз ойын ашық айтуға мүмкіндік туғызамын.<br>2-тапсырмада қарқын арқылы саралау қолданылады. Кейбір балаға уақыт беремін.<br>3-тапсырмада ресурс арқылы саралайды</td><td>«Бағдаршам» әдісі<br>Мадақтама «Тамаша!» «Жарайсың!» «Керемет!» сөздер арқылы, «Бас бармақ» әдісі.<br>Дескриптор:<br>✓ берілген тірек сөздер бойынша өлеңнің не жайында екенін болжайды;<br>✓ өлеңді оқиды<br>✓ тірек сөздерді пайдаланып, өлең мазмұнын айтады<br>✓ тірек сөздерді пайдаланып өлең құрастырады</td><td>АКТ пайдаланған кезеңде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>Партаның дұрыс орналасуын бақылаймын.<br>Пайдаланған ресурстардың өз орнында болуын қадағалаймын.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?</td><td></td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ? | |
| **Сабақ бойынша рефлексия** | |
| **Жалпы баға**<br><br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Бөлім**: Сәулет өнері<br>**Күні:**<br>**Сынып: 3** | Мектеп:<br>Мұғалімнің аты-жөні:<br>Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы** | **№12 Сарайшық қаласына саяхат** Ертай Айғалиұлы |
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру;<br>3.2.1.1. мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** шығарманы дауыстап түсініп оқиды, бейнебаяннан нақты ақпаратты табады және ақпаратты сызбаға салады.<br>**Көптеген оқушылар:** бейнебаяннан нақты ақпаратты тауып, оны сызбаға салғанда белгілі бер ережені түсіндіре алады<br>**Кейбір оқушылар:** кестеге салған ақпараттар жөнінде қосымша мәліметтер айта алады |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ шығарманы дауыстап түсініп оқиды;<br>✓ бейнебаяннан нақты ақпаратты табады және ақпаратты сызбаға салады. |
| **Тірек сөздер** | Сарайшық, қалқымалы көпір, жібек жолы |

| | |
|---|---|
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастықпен топтық және жеке жұмыс жасайды. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Бейнелеу өнері, көркем еңбек |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, ноутбук https://www.youtube.com/watch?v=6xIPqqPdDV4 |
| **Бастапқы білім** | бейнебаяннан нақты ақпаратты таба алады |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату – Оқушылардың зейінін шоғырландыру.** Мұғалім оқушыларға күнделікті өмірге қатысты сұрақтар қояды. (*Кеше сабақатан кейін немен айналыстыңдар? Қоңырауда достарың қандай істермен айналысты? Парталасың не істеді?)*<br>Оқушылар сұрақтар өздеріне таныс болғандықтан оңай, жеңіл жауап береді.<br>*«Осы сабақта не істеп жатырмыз?»* сұрағы арқылы сабақ мақсаты шығарылады.<br>Біз бүгінгі сабақта бейнебаяннан нақты ақпаратты тауып және ақпаратты сызбаға салуды білетін боламыз. | |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма Ойымызбен бөлісейік**<br>**(ЖЖ)** Оқушыларға «Сарайшық» қаласы бейнеленген сурет көрсетіледі. «Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша оқушылар сурет бойынша өз ойларын айтады. Сурет бойынша балалардың ойларын білу үшін жетекші сұрақтар қойылады. (Суретте не бейнеленген? Сурет бойынша не білгің келеді? Суреттегі қала қазір бар деп ойлайсың ба?) Сурет болмаған жағдайда «Сарайшық қаласы туралы не білесің? Өз ойыңды 3 сөйлем арқылы білдіріп, жаз» деп тапсырма беріледі. Жазып болған соң белгіленген суреттер бойынша топта талқылауға, өз ойларын айтуға уақыт беріледі. Сыныпта топтардың пікірі тыңдалады.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар 1-2 сөйлем жазады.<br>**(Б) «Бас бармақ»** әдісі арқылы бағаданады.<br>Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсінемін.<br>Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін.<br>Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім<br><br>**2-тапсырма Оқиық**<br>***Ертай Айғалиұлы «Сарайшық қаласына саяхат»*** | Интербелсенді тақта<br><br>Стикер |

| | | |
|---|---|---|
| | **(Т)** Мәтінін түсініп оқу. Мәтінді «Конверт» әдісі бойынша оқу ұсынылады. Әр топқа конверт таратылады. Конверттің ішінде мәтін бөліктері бөлініп салынады. Оқушылар мәтін бөліктерін оқып, тұтас мәтін құрастырады. Мәтін құрастыруға уақыт беріледі. Құрастырған мәтінді топ оқушысының біріне оқытуға болады. Өзге топтар мәтіннің дұрыс құрылуын тексереді.<br><br>**3-тапсырма Сұра және жауап бер**<br>**(Ж)** Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар қойылады.<br>– Мәтіндегі Сарайшық қандай қала болған? Оны мәтіннің қай бөлігінен байқауға болады?<br>– Сарайшық қаласындағы сәулетті ғимараттар жайлы не айтуға болады?<br>Оқушылардан өз ойларын, пікірлерін пысықтау үшін немесе автордың жазғанын ой елегінен өткізу үшін мәтінді қайта шолуды тапсырыңыз.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар мәтінді оқу барысында қабілетін ескеріңіз.<br>**(Б) «Бағдаршам»** әдісі арқылы бағаланады.<br>Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:<br>Жасыл түс – сабақтан жаңа идеялар байқадым.<br>Сары түс – жаңа сабаққа көңілім толды.<br>Қызыл түс – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.<br><br>**4-тапсырма Салыстырайық**<br>Оқушылар жазғаны мен оқығанын «Венн диаграммасы» арқылы салыстырады. Қандай ұқсастық пен айырмашылықты байқағанын сұраңыз. Алдымен оқушылардың жеке ойлануына уақыт беріледі, одан кейін жұптасып өздерінің ойымен кезектесіп бөліседі. Мұғалім кез-келген жұпта сұрайды немесе өз еркімен жұптар жауап беруіне мүмкіндік береді.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар жұпта өз ойын орта сала алады, бір-екі мысал келтіреді.<br>**(Б)** Оқушылар бірін-бірі бағалайды..<br><br>**5-тапсырма Табайық**<br>1. «Дереккөздерден Сарайшық қаласы туралы нақты ақпаратты тауып, кестені толтыр» деп тапсырыңыз.<br>2. Алдымен https:www.youtube.com watch?v=6xIPqqPdDV4 сайтындағы бейнебаян көрсетіледі немесе мұғалім Сарайшық қаласы туралы ақпараты бар мәліметтер ұсынады.<br>3. Дереккөзден берілген сұрақтар бойынша нақты ақпарат жинап, келесі кестені толтырады.<br>**Сұрақтар нақты ақпарат**<br>1. Сарайшық Қазақстанның қай өңірінде | https:www.youtube.com/watch?v=6xIPqqPdDV4 |

| | | |
|---|---|---|
| | орналасқан?<br>2. Сарайшық жағасында орналасқан өзеннің аты қандай?<br>3. Қазір Сарайшық қаласының орнында не бар?<br>4. Толтырылған кесте бойынша ортақ топта, жазғандарын қорғайды.<br>**Саралау.** Қабілеті төмен оқушылар өз ойларын айтып, пікірлерін береді.<br>**(Б) - Жарайсың! Тамаша!** Мадақтама арқылы бағаланады. | |
| Сабақтың соңы | **«Бір қадам алға...»әдісі**<br>Мұғалім бүгінгі материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім сұрақ қою арқылы оқушылардың түсінгенін анықтайды. | |

| **Саралау** | **Бағалау** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| **1-тапсырма:** Саралаудың **Қарқын** тәсілі бойынша кейбір оқушылар басқаларға қарағанда жылдам жұмыс істейді. Оларға қосымша тапсырма беремін.<br><br>**2-тапсырма Қорытынды** тәсіл барлық оқушылар бағытталған нұсқау бере отырып олардың әрқайсысына өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткіземін,<br><br>3-тапсырма **Диалог және қолдау көрсету** тәсілі. Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында сұрақ қойып қолдау көрсетемін,<br><br>4-тапсырма **Тапсырма тәсілі** бойынша. Күрделілігіне қарай алға іргерілеп отыратын тапсырмалары бар кәртішкелерді пайдаланамын | «Бас бармақ»<br><br>«Бағдаршам»<br><br>Жарайсың!, Тамаша!<br><br>Дескриптор<br>✓ суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді<br>✓ мәтін бөліктерінен тұтас мәтін құрастырады<br>✓ жазғаны мен оқығанын салыстырады<br>✓ дереккөздерден Сарайшық қаласы туралы нақты ақпаратты тауып, кестені толтырады | Белсенді әдістер |

<table>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары , оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді ме? Жеткізбесе неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен ?</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Жалпы баға<br><br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</td></tr>
</table>

**Мазмұны**

***I бөлім Жанды табиғат***

1. Алтын күз ҒафуҚайырбеков

2. Бабаның терегі Құрманбай Толыбаев

3. Ақ бидай Өтебай Қанахин

4. Достар Зейнел-Ғаби Иманбаев

5. Тымақ киген инелік Қастек Баянбай

6. Киіктің айласы Әуелбек Қоңыратбаев

7. Неге бұлай болған? Мұзафар Әлімбаев

8. Терек пен қызыл гүл Саттар Ерубаев

9. Алтай Ермек Өтетілеуұлы

10. Үре алмайтын ит Джанни Родари

11. Бетпақ дала Ақселеу Сейдембек

12. Бетпақ дала Ақселеу Сейдембек

***II. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен***

1. Жаман мен жақсы Қастек Баянбай

2. Жақсы мен жаман Балтабай Әділов

3. Құмырсқа, Бүрге және Адам Әбдірахман Асылбеков

4. Ғылым таппай мақтанба Абай Құнанбаев

5. Абай мен Әбіш (ел аузынан)

6. Нағыз адам В. Сухомлинский

7. Еңбекпен тапқан тиын(грузин ертегісі)

8. Патша мен жер қазушы (литван ертегісі) аударған Оразақын Асқар

9. Көк кептер мен құмырсқа аударған Өтебай Тұрманжанов

10. Дүкенде Машқар Гумеров

11. Шегіртке мен құмырсқа И.Крылов аударған Абай Құнанбаев

12. Баланың айласы Ыбырай Алтынсарин

***III. Уақыт***

1. Күн тәртібі Жолтай Әлмашев

2. Дәмсіз шырын Серік Үсенұлы

3. Бұл қай кезде болады? Мұзафар Әлімбаев

4. Жыл мезгілдері туралы ертегі Балтабай Әбілов

5. Туады, шығады, түседі, келеді Ескен Ерубаев

6. Ең ұзақ күн Дәулет Қасенов

7. Уақыттың қадірі Алмас Темірбай

8. Сағаттар айтысы Толымбек Әбдірайым

9. Бір минут деген не? Рафиха Нұртазина, Ләйлә Асқар

10. Күнді ұзарту (литван ертегісі) аударған Оразақын Асқар

11. Бимұраттың бір күні Жолтай Әлмашев

12. Таңнан самға дейін Әбубәкір Қайран

***IY. Сәулет өнері***

1. Саяхатшы үй Несіпбек Айтов

2. Зәулім үй Сәкен Жүнісов

3. Метро Әбубәкір Қайран

4. Вавилонның аспалы бағы

5. Түркістан Тәкен Әлімқұлов

6. ескерткіш Жолтай Әлмашев

7. Отырар Өтебай Тұрманжанов

8 ЭКСПО-2017 Үсен Тортай

9. Өз үйім – кең сарайдай боз үйім(ел аузынан)

10. Асқақтаған кірпіштер аударған М.Қуанышбеков

11. Археолог Фариза Оңғарсынова

12. Сарайшық қаласына саяхат Ертай Айғалиұлы

*Оқу-әдістемелік басылым*

Сентаева Жамиля Боранбаевна
Базарбекова Рабига Жолшиевна
Шадетова Алтынгул Кенесовна
Оразбекова Гульзира Алиакбаровна
Омарханова Кәмшәт Маркленқызы
Аханова Айдана Кынаровна

**ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ**

**Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы**

**1-жартыжылдық**

**3-сынып**

Әдіскері Ж.Б. Сентаева

Мекен-жайы: 010000,  Нұр-Сұлтан қ., Хусейн бен Талал көшесі,
21/1 ғимараты
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы